

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**9/2013 ҚЫРКҮЙЕК**

## МАЗМҰНЫ

### Көкейкесті көзқарас

Гүлмира АҚМАҒАНБЕТОВА.	Оқушыларды жобалау-зерттеу қызметіне үйрету жолдары.....	3
Жүпаркүл ХАЛМҰРЗАЕВА.	Қазақ тілін тереңдетіп оқыту – қоғамдық-әлеуметтік өмір талабы.....	10
Нұрила ОМАРОВА.	Жаңа технологияны сабақта пайдалану.....	16

### Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Айкөркем ЖҰМАҒАЛИ.	Көп нүкте. Сөйлем соңына қабаттасып қойылатын тыныс белгілер.....	22
Әсем ПІРІМОВА.	Қатемен жұмыс жүргізу жолдары.....	28
Айымжан МАНКИШЕВА.	Тұрақты тіркестер.....	33
Ұлман БЕКЕТОВА.	Түбір мен қосымша.....	37
Раушан ЖҰМАНҚЫЗЫ.	Жинақтық сан есім.....	42

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Хуралай АЛДАНЫШ.	Әбділданың «Толағай» әдеби ертегісі.....	45
------------------	--	----

<b>Ботагөз ДОСҚАЗИЕВА.</b>	Абай өмірі мен шығармашылығы бойынша тест тапсырмалары.....	52
<b>Зәурехан ОСПАНОВА.</b>	Ілиястың «Күйші» поэмасы.....	61
<b>Бақыт АХАНОВА.</b>	Тұманбай Молдағалиев. «Бауырлар».....	66
<b>Элмира ХАЛЕЛОВА.</b>	Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» әңгімесі.....	70
<b>Рита СЕЙІТМАҒАМБЕТОВА.</b>	Махамбет Өтемісұлы. «Тарланым».....	74
<b>Гүлжан МҰХАМБЕТЖАНОВА.</b>	Ғабит Мүсірепов. «Ананың анасы».....	78
<b>Надежда АМАНШАҚЫЗЫ.</b>	Джек Лондон. «Мексика ұлы».....	87
<b>Саламат ТАУБАЕВ.</b>	Абайдың табиғат лирикасы.....	92
<b>Тұрсын ШҮКІРБЕК.</b>	Сәбиттің «Саятшы Ораз» әңгімесі.....	96

### Оқулыққа қосымша

<b>Бибігүл ҚУАНЫШҚҰЛҚЫЗЫ.</b>	Балалар жыршысы – Мұзафар Әлімбаев.....	101
-------------------------------	--	-----

### Авторлық бағдарлама

<b>Гүлжан ҚОСЫМОВА.</b>	«Қазақ жазу таңбалары жүйесінің тарихы» таңдау курсы.....	110
<b>Зоя МАТАН.</b>	«Мұқағалитану» қолданбалы курсы.....	113
<b>Патима ӘЛІМБЕКОВА.</b>	«Мағжантану» таңдау курсының күнтізбелік жоспары.....	122

### Сыныптан тыс сабақ

<b>Өтебай СЕРӘЛІ.</b>	«Сөйлей білу - өнер» сайысы.....	127
-----------------------	----------------------------------	-----

### Жас маманға жәрдем

<b>Элмира ОМАРОВА.</b>	«Қорқыт ата кітабы».....	131
<b>Сәндігүл ЕЛЕУОВА.</b>	Толықтауыш және оның түрлері.....	134
<b>Алмат ШАРАПАДИНҰЛЫ.</b>	Абайдың «Ескендір» поэмасы.....	136

### Көмекші құрал

<b>Гүлден РАМАЗАНОВА.</b>	5-сынып «Әдебиетіне» арналған жұмыс дәптері.....	139
---------------------------	---	-----

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жанзара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

Гүлмира АҚМАҒАНБЕТОВА,  
Қызылорда облысының  
Қармақшы ауданындағы  
№85 орта мектеп директорының  
ғылыми-әдістемелік жұмыстар  
жөніндегі орынбасары.

## ОҚУШЫЛАРДЫ ЖОБАЛАУ- ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНЕ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі кездегі қоғамның білім ордаларының алдына қойып отырған негізгі мақсаты – жан-жақты білімді жас ұрпақты тәрбиелеу. Жан-жақты білімді жеке тұлғаның логикалық ойлау қабілеті дамыған болуы керек. Бұл – мейлінше қиын да ұзақ үдеріс, өйткені бұған жету үшін алдымен ұғымдар беріліп, ол ұғымдар санамен игеріліп, жүйеленіп қалыптасуы қажет. Оқушының білімі де осылайша қалыптасады. Ол логикалық түрде ойлап, саналы, жан-жақты қабылдайтын болуы қажет. Адам табиғатынан әр түрлі қабілетті болып туылады және қабілеттердің дамуы да әр түрлі болады.

Қабылдау бес топқа бөлінеді.

**Механикалық қабылдау:** мұнда оқушы білімді жаттап алады, практикада пайдалана алмайды.

**Индуктивті қабылдау:** мұнда оқушы білімді жаттап алады, практикада пайдалана алмайды.

**Саналы қабылдау:** оқушылар ережені дұрыс қабылдайды, практикада да пайдалана алады.

**Ішкі қабылдау:** оқушы ережелерді, оны дәлелдеуді

толық түсінеді, оның дұрыстығына күмәнданбайды, оны практикада пайдалана алады.

**Толық қабылдау:** қабылданған, бекітілген, байланысқан, бір сөзбен айтқанда, жүйеленген білімді қабылдау.

Бұл қабылдауларға тек оқушылармен түрлі бағытта (іс-әрекетке ізденушілікке баулу жұмыстары) жұмыс жүргізу негізінде қол жеткізуге болады. Көп оқушылар механикалық қабылдау деңгейінде қалып қояды, алған білімін практикада пайдалана алмайды. Сондықтан оқушылардың білімді қабылдауын жоғарылатуда жобалау әдісін пайдалану тиімді рөл атқарады. Жобалау(кұрастыру) мақсат қоюдан бастап, жаңа жүйе тиімділігін тексеруге дейінгі аралықты қамтиды.

Жоба әдісі 1920 жылдары Америкада жасалған, негізінен белсенді оқуға негізделген. Бұл кезде оқушы белсенді қызмет етеді, өзінің қызығушылығын танытады, білімін практикада пайдалана алуына мүмкіндік туады. «Мәні бар проблемаларды не үшін, қайда, қалай пайдалануға болады?» деген сұрақтарға жауап іздейді, алған білімін пайдаланады, жаңасын іздейді, мұғалім оған жол көрсетеді. Мұғалімнің қызметі – оқушыны уақтылы дұрыс бағытқа, дұрыс ақпарат алатын жаққа қарай бағыттау, ал оқушы қызметі – өз бетімен, өз күшімен, әр түрлі білімдерін пайдаланып проблеманы шешу, дұрыс қорытынды шығару. Шынайы ізденіс үшін оқушыда байыптылық, аңғарымпаздық, ойлылық, зерделілік, талдай, саралай білу, сыни көзқараспен қарай білу дағдылары болу керек. Үстірт оқу, баға үшін оқулықтағы немесе ұстаздарының айтқанын қайталап шығу ізденіске жетімсіз. Осылайша проблеманы шешу жобалау-зерттеу қызметіне айналады.

Жобалауға қойылатын негізгі талаптар: *зерттеу не шығармашылық бағыттағы мәні бар проблемаларды таңдау; теориялық білім мен практикалық іс-әрекет жасау*

белсенділігін көрсететін нәтижелер; оқушының іс-әрекеті; жобаның құрылымы, ондағы кезеңдер нәтижелері; зерттеу арқылы іс-әрекет жүйесін көрсету.

Іздену, зерттеу жұмысын проблема (жауабын тосып тұрған немесе әлі де дұрыс шешілмеген, қарама-қайшы пікірлер) туғызады делік. (Проблема (грек сөзі) – қиындық, шешімін күтіп тұрған мәселе деген мағынаны білдіреді). Енді алдымен, «Проблема деген не?» сұрағына ойлануға тура келеді. «Кез келген «Неге?» деген сұрақтың барлығында проблема жатыр» деп түсіну дұрыс емес.

Проблемаға негізінде жауабы дайын емес, беймәлім, шешімін тілеп тұратын, яғни, жаңа өнімді, жаңа білімді қажет ететін мәселелер жатады. Оқушы оны өзі шешіп, өзі табуы керек. Дайын білімді қайталап айтып беруі зерттеушілікке апармайды. Оқушыны оқулықтағы білім мазмұнымен шектемей, қосымша құжаттарға, ғалымдар еңбегіне, өз бетімен ізденуге, талпынуға бағыттау керек.

Оқушыны көркем шығарманы оқи отырып, оның негізінде қандай проблема жатқанына, жазушы не айтпақшы болғанына, қандай мәселелер көтерілгеніне, соның айналасында ойлануға жетелеу керек. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» шағын әңгімесінің өзі проблемаларға толы. Осы сабақта оқушыларға мынадай ойлар тастадым:

- Әңгімеде жас бала Ғазизаның Ақан болыстың мазағына ұшырауы, жантүршігерлік сұмдық суреттеледі. Ғазиза осы тағдырға неге ұшырады, кім кінәлі, тек Ақан болыс па?

- Жазушы не айтпақ болған, әңгіме негізіндегі ой нені меңзетеді?

- Әңгіме неге табиғатты, боранды суреттеуден басталады?

- Оқиғаға еш қатысы жоқ Күшікбай батыр неге

жазылған?

Әңгіменің ең соңына үңілдіріп, оқып бердім.

- Ғазиза сұмдардың қолынан қаза тапты. Ойландаршы, жазушы неге осылай аяқтаған? Басқаша аяқтауға болар еді ғой.

Енді соның шешімін, жауабын іздеуге уақыт бердім.

- Шебер жазушы табиғаттың дүлей күші – боранды суреттей отырып, әңгімеде баяндалған сұмдық оқиғаны меңзетеді де, «Кім қатал, кім дүлей, боран ба әлде Ақандар ма?» деген ой тастайды.

- Күшікбай батыр тарихын лирикалық шегініс арқылы әңгімелей отырып, оны Ақандарға қарама-қарсы қоятын сияқты. Нағыз ер кім? Соңғы демі қалғанша елін, жерін жаудан қорғаған Күшікбай ма әлде қорғансыз сәбиді қорлап жауыздық жасаған Ақан ба?

Әңгіме негізіндегі басты мәселе – қорғансыздар проблемасы. «Жазушы қорғансыз Ғазизаны соңғы көрініс арқылы қорғайды» деген жоба құрастырдық.

«Жетім» әңгімесі бойынша оқушылар проблемалық сұрақтарды өздері дайындап, шешімін табуға ізденді:

- Әңгіменің басқа әңгімелермен үндестігі.

- Әңгімедегі қорғансыз, панасыз кім?

- Оның тағдыры қалай шешіледі?

- Жауыздық, қаталдық жеңіске жетеді, нәзіктік, мейірімділік, мөлдір жастық, ар-ұят табанға тапталады, ана жүрегі қан жұтады. Жетім жер жастанады. Осылайша ауыр трагедияны көрсетуге автор нені мақсат еткен?


Тапсырманы жеке-дара орындаған соң оқушылармен бірігіп, «Пікірталаста шындық көзі ашылады» деген қанатты сөзді басшылыққа ала отырып, сыныпта пікірталас өткіздік. Оқушылардың қабілеті, икемділігі, дарыны осындай жұмыстарда көрінеді. Шығармашылық оқушылардың өз

беттерімен зерттеу, іздену, қорытынды жасау іс-әрекеттеріне түрткі жасай отырып, оларды ғылыми ізденіске жетелейді.

Зерттеу – жаңа бір өнім, нәтижеге қол жеткізу мақсатындағы ізденіс, танымдық іс-әрекет.

Жоба – бір нәрсенің, жаңа өнімді жасау үшін керекті құжаттар, сызбалар жиынтығы, алдын ала жасалынған жоспар, мәтін, нобайлар.

Оқушылардың зерттеушілік ізденіс нәтижесі туралы сөз қозғағанда, мұғалімге мына маңызды жайтты ұғып алу қажет: бұл жұмыстың барлық кезеңдерінде біздің күтетін ең маңызды нәтижеміз – оқушының шығармашылық қабілетінің дамуы, баланың жаңа білім, дағдыларын игеруі, зерттеушілік әрекеті, ең маңыздысы – нәтиже, яғни, оқушылардың өзі ойлап тапқан шығармашылық өнімі.



### **Оқушыны жобалау-зерттеушілік атынан қызметіне жетелейтін қадамдар**

I қадам	Сені не қызықтырады? Анық біле алмай жүрсең, өзіңе-өзің мына сұрақтарды беріп, ойланып көр. - Сені не қызықтырады? Қай сұрақтың жауабын таба алмай жүрсің?
II қадам	Өзіңді қызықтырған сұрақтар бойынша материалдар жинақта, тізімін жаса. Кітапханаға бар, ұстазыңнан көмек сұра.

	Тапқандарынды жүйелеп, керекті, өзіңе ұнаған жерлерін қысқаша жазып алып жүр. Үлгі:				
III қадам	Авторы	Еңбектің аты	Қай жылы, қай жерде шыққан?	Не айтылған?	Кітаптың беті
IV қадам	Жобалау және зерттеу. Тақырыбыңды таңдап алғаннан кейін соның айналасында өзіңше іздену, зерттеу жұмысыңды баста. Іздену, зерттеу жұмысын жүйелі бір тәртіппен жүргіз.				

**Жобалау-зерттеушілік қызметке қойылатын ғылыми талаптар:** проблема; ізденіс, зерттеу; баяндау, салыстыру; тұжырым, қорытынды; дәлелдеме; мақсатқа жету, нәтиже; батылдық, табандылық; орынды ақыл-кеңес, пікірлерді тыңдай білу; қателіктен қорықпау, мойындай білу.

**Жобалау-зерттеу арқылы орындалатын жұмыстардың қорытындысы** пікірталас, реферат, тұсаукесер рәсімі, ғылыми жоба түрінде қорғалады.

**Жобаны бағалау тәсілдері:**

- 1) жобаға қатысушылардың әрқайсысының белсенділігі;
- 2) қатысушылардың бір-біріне көмегі мен байланысы;
- 3) алынған проблеманың ашылуы, басқа білімдерді пайдалана білуі;
- 4) қабылданған шешімді дәлелдей білуі, өзінің ойын жеткізе білуі, қорытындысын дәлелдей алуы;
- 5) жұмыстың нәтижелерін көрсетудегі көркемділігі.



Оқушыны өз беттерімен орындаған жұмыстарының нәтижесін міндетті түрде дәлелдеп отыруға және дәлелдеу, тек өз пайымдауларын ғана емес, нақты мысалдарға, ғалымдар еңбектеріне, қосымша материалдарға, ең бастысы, мәтінге негізделуі қажет екендігіне назар аударту керек.

Зерттеу не шығармашылық бағыттағы тапсырмалар, ең алдымен, оқушылардың тіл байлығын дамытады; екіншіден, тапқырлыққа, шешендікке баулиды; үшіншіден, қабілеті, дарынының дамуына түрткі жасайды; төртіншіден, алған білімді тәжірибеде пайдалануға мүмкіндік туғызады; бесіншіден, дербес ізденіске, өз беттерімен соның негізінде бір «өнім» жасауға жетелейді. Жан-жақты мұғалім өзі білім ала алатын адам қажет болып отырған кезеңде алған білімін түрлі проблемаларды шешуге, келешекте кәсіби мамандығын таңдай отырып таным белсенділігін қалыптастыра алатын тұлға тәрбиелейді.

Өз ойымды ұлы Абай атамыздың «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деген қанатты сөзімен қорытындылай отырып, төмендегідей ұсыныс-пікірімді айтқым келеді:

*«Оқушының алған білімін өмір сүруге пайдалануға дайындаңыз. Оқушыларда өз бетінше танып білу іс-әрекетін жүргізу үшін білім жиынтығы болуы тиіс екенін ескеріңіз. Оқушылардың зерттеу қызметін пайдалана білу дағдысын (ақпаратты жинақтау, оның қажеттісін пайдалану, әртүрлі болжам жасау, қорытынды мен шешім қабылдау қабілетін) дамытыңыз. Зерттеу не шығармашылық бағыттағы мәні бар проблемаларды табуға үйретіңіз. Жобалау-зерттеу жұмысының мақсатына жетуіне көңіл бөліңіз».*

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУ – ҚОҒАМДЫҚ- ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР ТАЛАБЫ

Тіл – сөйлеу, ойлау, қарым-қатынас құралы, тіл – әрбір адам, ұлт, мемлекеттің қадір тұтар ардағы. Қоғамның көркейіп, ілгерілеп дамуы қашанда сол қоғам мүшелерінің біліктілігі мен білімдігіне байланысты екені аян. Сондықтан бүгінгі өтпелі кезең тудырған қиындықтарды жеңе отырып, жасап жатқан ісіміздің баянды жалғасын тауып, жемісті болуы үшін алдымызда білікті де білімді ұрпақ өсіру міндеті тұр.

Біліктілік адамның өмір жасында көргені мен естігенінің тиімдісін көңілге тоқудан, ал білімділік тікелей оқудан құралмақ.

«Тіл – сарқылмас қазына» дегенді жиі айтамыз. Оған дау жоқ. Сонымен бірге, ол – жанды құбылыс. Ол – халықпен бірге дамып, елдің күнделікті қарым-қатынас ісінде, қызметтік қажеттілігіне қарай жаңа сапа иеленіп, толығып, байып отырмақ. Мемлекеттік дәрежеде көтерілген тілдің де даму бағдары осы деңгейде жүзеге асуы мүмкін.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Өз алдына ел болуға өзіндік тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алады» деген екен. Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігін нығайтудың, ұлтымыздың тұтастығын сақтап қалудың негізгі алғы шарттарының бірі – ана тіліміздің

мерейін көтеру, пайдалану, аясын кеңейту. Осы ізгі парыздан орындауға білім ошақтарының, ұстаздардың, әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің орыны ерекше екені — дау тудырмас мәселе.

Қазіргі кездегі қоғамда болып жатқан өзгерістерді демократияландыру, ізгілендіру үдерістері баланың еркін дамуын, белсенді шығармашыл болуын талап етеді. Мектеп бітірген баланың сан алуан қиындықтардан қиналмай өтуі оның ақылының, еркін сезімінің және оның жалпы дамуының деңгейіне байланысты.

Қазақ тілін тереңдетіп оқытудың жолға қойылуы — бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талабынан туындап отырған мәселе. Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің қолданыс өрісінің кеңеюі, біршама жылдар бойы өзге тілдің өктемдігінен табиғи арналарынан ажырап қалған ана тілімізді өрістетуге деген талаптың күшеюі республикамыздағы білім беру жүйесінің негізгі буыны болып саналатын жалпы білім беретін мектептерде бұл пәннің рөлі, маңызының арттырылуына қажетті алғышарттарды қалыптастыруды керек етеді. Бұл орайдағы негізгі шарттар — қазақ тілі пәнінің білім мазмұнын жаңарта отырып, оқушыға терең білім беру, олардың коммуникативтік біліктілігін арттыру, ана тілін сөз мәдениеті талаптарына сай деңгейде дұрыс қолдана білу іскерліктерін жетілдіру.

Қазақ тілінен терең білім беру оқушыға академиялық тіл біліміндегі бар ғылыми категорияларды үстемелеп ұсынуымен шешілмейді. Білімді тереңдетуге оқушының өзіндік танымы арқылы ғана қол жеткізілетінін ескеру қажет, яғни, білім мазмұнының оқушы біліктілігінің базасы болатындай әдістемелік жолдарды белгілеу шешуші рөл атқаратынына мән беру қажет.

Қазақ тілінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім

стандарттарына, белгіленген талаптарға, жаңартылған білім мазмұнына, оқушы меңгеруге тиіс міндетті білім деңгейлеріне табан тірей отырып, қазақ тілін тереңдетіп оқытуға қатысты міндеттер мен нәтиже межелері белгіленеді.

Жалпы білім беретін мектептерде оқытылатын қазақ тілінің мақсаты тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тіл қызметтерін жүйелі меңгерген, сөз мәдениеті талаптарына сай білік-дағдылары жетілген дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу болып қойылғаны белгілі. Олай болса, қазақ тілін тереңдетіп оқытатын арнайы мектептер мен сыныптардағы мақсат та осылай қойылады.

Тек айырмашылық оқушының өзіндік ізденістеріне негіздей отырып білім алуына және біліктерді меңгеруіне қажетті жағдайларға молырақ мүмкіндік беру мәселесі ескеріледі.

Тереңдетілген бағдарламалардағы қосымша сағаттар да оқушының өздік, шығармашылық жұмыстарды орындауға жұмсауына мән беріледі, яғни, білім мен білік оқушының өздігінен ізденуіне, түрлі тілдік жағдаяттарда тіл жұмсауға төселуіне және оның лингвистикалық дүниетанымының кеңеюіне жол ашатындай тілді әр қырынан өздік әрекеті арқылы тану жолымен меңгертіледі.

Тереңдей білім беру ақпараттық сипаттан гөрі танымдық жүйеге қарай бейімделе беріледі. Тереңдетіп оқытылатын мектепте немесе сыныпта тапсырма оқушы үшін бірдей, міндетті талап түрінде қойылады.

Қазақ тілінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында қазақ тілінен 5-сыныптан бастап факультативтік сабақтар, ал 7-сыныптан бастап тереңдетілген бағдарламалармен жұмыс ұйымдастыруға болатыны айтылған. Сол себепті бұл бағдарлама

5-11-сыныптар аралығын қамтиді. 7-сыныптан бастап тереңдетілген жағдайда болашақ мектептің 7-9-сыныптары негізгі сатыға, ал 10-11-сыныптар бағдарлы мектепке тиесілі екені де ескерілуі тиіс. Оның үстіне жаңа бағдарламаларда білім мазмұны жүйелілік, білімнің толықтығы, сатылы-сабақтастық ұстанымы бойынша түзілген, яғни, тіл білімі салалары бойынша берілетін білімдер бір сыныпта түгелдей, теория толық тұрғыда оқытылады да, кейінгі сыныптарда тек қайталанып, өзге салаға қатысы тұрғысынан пәнішілік, салааралық байланыс деңгейінде жаңғыртылады.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген қанатты сөзімен мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру туралы үнемі алға қойып келе жатқан міндеттерін орындау аясында қазақ тілін тереңдетіп оқытуды 2008-2009 оқу жылында қолға алып, тереңдетілген сыныпқа емтихан арқылы іріктелген «жақсы» және «өте жақсы» оқиды деген оқушыларды қабылдадық.

«Қазақ тілін тереңдетіп оқу бағдарламасы» 5-11-сыныптарға арналған, авторлары Ж.Дәулетбекова, Е.Арын, Г.Махамбетовалар дайындаған тереңдетілген нұсқаларды басшылыққа алдық.

5-сыныпқа келген оқушылармен жұмыс жүргізе отырып, олардың 4-сыныптағы қазақ тілі мен әдебиет пәнінен жазба жұмыстардан, шығармалардан алған тоқсандық қорытынды бағаларын кестеге түсіріп, I тоқсандағы өзіміздің қойған бағаларымызбен салыстырдық, яғни, бала білімін зерттеуден жұмыс жүргізуді жөн деп санадық. Көркем жазу, сауаттылық, сөздік қор жұтаң болды. Бала көп сөздің мағынасын түсінбейді, еркін сөйлеп, әңгімелеуге төселмеген, теориялық білім негізі жұтаң болғанын байқап, әр педагогикалық кеңестерде жүргізілген жұмыс, нәтиже, кемшілік жайында

кормытындылап отырдық. 5-6-сыныптарда осы айтылған кемшіліктерді жоюға сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы қол жеткіздік.

Көркем жазуы нашар оқушыларға әдемі әріптерді жазу үнемі жаттығу арасында, үйге қосымша тапсырма ретінде берілді. Ал сауаттылықты нормаға сай ету үшін сөздік диктантты көп алып, оны бір-біріне тексертіп, бағалау әдісін пайдаландық. Сөздік қорды байыту үшін факультатив сабақта «Синонимдер сөздігі» пайдаланылып, сабақ жоспарланып, көбіне ойын түрінде жүргізілді. Сол сияқты сөзден сөз тудыру, суретті сөйлету, сөзжұмбақ құрастыру, мәтінге лайықты сурет салу, «рөлдік ойындар», бейнетаспамен жұмыс және электрондық оқулықтардан пайдаланып топтастыру стратегиясын, «кубик» стратегиясын қолданғанда білім сапасының артып, оқушы қызығушылығының арта түскенін байқадық.

Әсіресе, сынып жетекшімен, ата-анамен қарым-қатынастығыз болу қажет. Үнемі түсіндіру, әңгімелесу, телефон арқылы байланыс жасау, күнделік арқылы байланыс жасау, ата-аналар жиналысын жиі өткізу жұмыстары жүргізілуі қажет.

7-9-сыныптарда оқушы біліміне қатаң талап қою үшін алдымен мұғалім өзінің біліміне қатаң талап қоя білуі керек. Мұғалім үнемі ізденіс үстінде жүруі қажет, өйткені 7-сыныпта оқушы ақпараттық білімінен танымдық білімге аяқ басады. Мұғалімнің өзіне тосын сұрақтар қояды, дәлелдейді.

Оқушылар ережені оқып отырып тірек-сызба жасауға дағдыланып, оны мысал арқылы түсіндіріп, талдауға, дәлелдеуге машықтанады.

Қазақ тілін тереңдетіп оқытудың ерекшеліктері қосымша сағаттарда оқушының өздік, шығармашылық жұмыстарды

орындауға жұмсауына мән беру болғандықтан проблемалық оқыту технологиясын тәжірибе барысында пайдаланудамыз.

Проблемалық оқытуда оқушылар бейтаныс, белгілі емес мәселелерді өз беттерінше шешуге жұмылады. Проблемалық жағдаятты шешу арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауы дамиды, зияткерлік таным үрдісі жетіледі. Проблемалық оқытуға негізделген жұмыстар, тапсырмалар оқушылардың ғана өзіндік ойлауына, өзіндік ізденісіне бағытталады, білімді өз беттерімен алуға жол ашады, таным белсенділігін арттыруға түрткі жасайды. Проблемалық сұрақтарды, жағдаятты шешу – шығармашылық үдеріс. Мәселен, үйге тест сұрақтарын құрастыру берілгенде оқушы оқып отырып, келесі бір оқушыға проблема тудыратын сұрақ және жауап іздеп табады және т.с.

Шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы формасы. Ж.Дистервег «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» дейді. Ізденуге жетелеуде үй тапсырмасының рөлі де өте зор. Үйге берілетін тапсырмалар: баяндама жазу, еркін тақырыпқа шығарма жазу, теледидар бағдарламасындағы жаңалықтардан хабарлама жазу, оны талдау, туған-туысының біреуіне портрет жазу, сын есімді тап, т.с.с

Қазақ тілін тереңдетіп оқыту барысында тез түсіндіретін, тауып сөйлейтін тапқыр, сөз сайысында алғыр да өткір тілмен таңғалдыратын, қарсыласқа шебер тойтарыс беретін, ақыл-ой қабілеті зор, әуезді де әсем сөйлейтін, тілі шебер де шешен, ең бай, ең таза қазақ тілін сүйетін, қадірлейтін, сөз қадірін зерделейтін шығармашыл, қазақ тіл білімі салаларын меңгерген, мәдениетті сөйлейтін жеке тұлға қалыптастыруда еңбек етіп келеміз деп айта аламыз.

«Қыран түлегіне қайырылмас қанат сыйлайды,

ұстаз түлегіне алға бастырап талап сыйлайды» дейді дана халқымыз. Тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашағы білімді ұрпақтарды тәрбиелеу мұғалімдерге бұрынғыдан да зор жауапкершілікті, замана ағымына бейімділікті, жанқиярлықты талап ететінін осы саладағы педагогтар қауымы жақсы түсінеміз. «Ана тілін армансыз бойға сіңіріңіздер, өйткені бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі осы тілде қаттаулы жатыр» деген Нұрсұлтан Әбішұлының сөзін басшылыққа алуды мақсат етейік.



**Нұрилла ОМАРОВА,**  
**№136 Темірбек Жүргенов атындағы**  
**қазақ орта мектебінің мұғалімі.**  
Қызылорда қаласы.

## **ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ САБАҚТА ПАЙДАЛАНУ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі — оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде



дұрыс бағыттығандауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда.

Жаңа технология – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек.

Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі – мұғалім. Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет.

Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әр түрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және зияткерлік дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану

кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған. Компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан әрі қалаған уақытында оқуына, тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді.

Жаңа технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Жаңа технология есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивтік құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Оқушылардың жаңа технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, жаңа жағдайда психикалық қызметтердің басқа жақтары да қайта қарастырылуы тиіс. Осының бәрі жаңа ақпараттық және педагогикалық технологиялар жасау саласында, білім парадигмасын құруда тың инновациялық жұмыстар жүргізуді талап етеді. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға

қолдану білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді.

Жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Сонда бүгін біз сабақта жаңа технологияларды қалай пайдаланып жүрміз?

Бүгінгі шәкірт – ертеңгі ел тізгінін ұстар тұлға, мемлекетіміздің болашағы. Қазіргі кезде жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге мемлекеттік деңгейде мән берілуде. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауларында «...ұлттың бәсекелестік қабілеті, алдымен, оның білім деңгейімен айқындалатыны» атап көрсетілген. «Білім алудың жолы көп, соның ең төтесі – жақсы мектеп, білімді мұғалім» деп Халел Досмұхамедұлы айтқандай, жақсы мектепті білімді мұғалімсіз елестету мүмкін емес. Алайда мұғалім білімі бүгінгі таңда мұғалімнің күнделікті оқу үрдісіне қолданатын әдіс-тәсілдеріне, жаңа технологияларды таңдап, нәтижеге қол жеткізе алуымен, өз білімін үздіксіз көтеріп отыруымен де айқындалады. Мұғалімнің білім деңгейін көтере отырып, жалпы оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын арттыруға болады. Сондай мақсатта мектепте әрбір ұстаздың өз білімін үнемі жетілдіріп, әдістемелік шеберлігін шыңдауына көңіл бөлініп отырады. Оқушыларды сапалы оқыту мен тәрбиелеуде,

мүғалімдерді шығармашылық әрекетке баулуда, білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық іс-тәжірибелерді зерттеп, оқып үйрену, жинақтау, тарату мақсатында іс-тәжірибелер жүргізілуде. Сабақта жаңа технологияны пайдаланудың өзіндік тиімділігі бар. Барлық сабақта бір технологияны пайдалану мүмкін емес.

Бастауыш сыныптар, биология, география, тарих сабақтарында дамыта оқыту технологиясын пайдалану тиімді (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов). Баланы оқыта отырып жалпы дамыту, яғни, бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік, т.б. қасиеттерді дамыту. Осының нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі ертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделеді. Оқыту дамудың алдында жүруі керек, дидактикалық құралдардың дамуға әсері зор. Дамудың тиімділігі үшін кешенді даму жүйесі негізінде мақсатты даму, мазмұнның жүйелілігі мен тұтастығы, теориялық білімнің жетекші рөлі, жоғары қиындық деңгейінде оқыту, материалды меңгеруде жедел ілгерілеу, оқу үрдісін баланың сезінуі, оқыту үрдісінің әртүрлілігі, жекелеп оқыту, барлық баланың дамуы жолындағы жұмыстар болу керек. Л.В.Занков үш қағиданы жасақтады: 1) жоғары қиындық деңгейінде оқыту; 2) бірінші теориялық білім, содан соң практикалық; 3) материалды меңгеруде жедел ілгерілеу.

Д.Б.Эльконин баланың психикалық дамуында басты іс-әрекет түрлерін кезеңдерге бөлді. 1. Эмоционалды қарым-қатынас (1 жасқа дейін). 2. Заттық-манипулятивтік іс-әрекет (1-3 жас аралығы). 3. Ойын іс-әрекеті (3-6 жас аралығы). 4. Оқу іс-әрекеті (6-10 жас аралығы).

5. Тұтас қоғамдық пайдалы еңбек (10-15 жас аралығы). 6. Оқу-кәсіби іс-әрекеті (15-18 жас аралығы). Тарих, география, химия, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне проблемалық (мәселелік) оқыту технологиясы қолданылады.

Оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту керек. Атап айтқанда: оқушының белсенділігін арттыру; оқу материалында баланы қызықтыратындай мәселе туғызу; оқушы материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді; оқытудың бала өмірімен, еңбекпен байланыстылығы; оқушылардың шығармашылық қабілеттері, дағдылары, білімдерін дамытып түрткі болатын эвристикалық сұрақтар жүйесі.

Бүгінде қоғамдық формацияның ауысуы білім беру жүйесіне айтулы өзгерістер мен реформалар енгізгені белгілі. Бұған жаңа білім стандартының жасалынуы, төл оқулықтарымыздың жазылуы, мектептерді жаппай компьютерлендіру, т.б. игі істер дәлел бола алады. Осының бәрі ХХІ ғасыр табалдырығынан аттаған жас ұрпақты ұлттық құндылықтарды, ұлттық мәдениетті танитын, оны өзгеге таныта алатын білімді, жан-жақты қалыптасқан, әлемдік өркениетке қол соза алатын, бәсекеге қабілетті дербес тұлға тәрбиелеу қажеттілігінен туындайды. Осыған орай Елбасының «Елдің ертеңін ойлау керек. ХХІ ғасырда білімсіз өмір сүру мүмкін емес. Халықты салауатты да сауатты өмірге бағыттауымыз керек» деуі де тікелей ұстаздар қауымына жүктелер міндет зор екенін білдіреді.

Айкөркем ЖҰМАҒАЛИ,  
С.Жаңғабылов атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Маңғыстау облысы,  
Маңғыстау ауданы,  
«Тұщықұдық» ауылы.

# КӨП НҮКТЕ. СӨЙЛЕМ СОҢЫНА ҚАБАТТАСЫП ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕР

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушылардың көп нүкте қойылатын орындар, көп нүктені қоюдың себептері жөніндегі пунктуациялық дағдыларын қалыптастыру; **дамытушылық** – түрлі тапсырмалар, танымдық ойындар арқылы оқушылардың есте сақтау қабілетін, ынтасын арттыру, ойлау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – орындалатын тапсырмалар арқылы оқушыларды елжандылыққа, еңбекқорлыққа, жылдамдыққа үйрету, тіл өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Типі:** жаңа сабақты ұқтыру. **Түрі:** сайыс сабақ. **Әдісі:** топтастыру, сұрақ-жауап, жаттығу. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, компьютер, қима қағаздар.

**Сабақтың жүрісі.**

**I. Ұйымдастыру.**

**II. «Қайталау – оқу анасы».** Сыныпты үш топқа бөлу.

**I топқа.** Пунктуация термині қандай мағына береді?

Нүкте дегеніміз не? Толық мәлімет беріңдер, мысалмен дәлелдеп айтыңдар.

Сөйлем соңына қандай тыныс белгі қойылады?

**II топқа.** Сұрау белгісі қандай жағдайда қойылады?

Мысалмен дәлелдендер.

Сұраулы сөйлем дегеніміз не?

**III топқа.** Леп белгісінің қызметі қандай? Қандай жағдайда қолданылады? Мысал келтір.

Лепті сөйлем мағыналарын айтыңдар.

### **III. Жаңа сабақ.**

Сөйлем – адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрал. Қарым-қатынасты туғызушы жағдайлар әр түрлі болады. Жазуда да, сөйлеуде де сол сөйлемдер арқылы көрінеді.

**1-слайд.** Сөйлемнің, жалпы мәтіннің тыныс белгілерін қою үшін үш белгіге сүйену керек. Олар – сөйлемнің құрылысына қарай негізделген **грамматикалық ұстаным**; сөйлем және сөйлем құрамындағы сөздердің мағынасын айқындаушы **мағыналық ұстаным** және дауыс ырғағынан тұратын **сөйлем интонациясы**.

Сөйлемнің және сөйлем құрамындағы сөздердің мағынасын ашып ерекшелеу үшін тыныс белгінің алатын орыны ерекше.

### **2-слайд.**

Сөйлем соңына қойылатын

нүкте (.),  
сұрау белгісі (?),  
леп белгісі (!),  
көп нүкте (...)

даралаушы қызмет атқарады.

Сөйлем ішіне қойылатын

**ерекшелеуші қызмет атқарады.**

үтір (,),  
қос нүкте (:),  
жақша (),  
сызықша (-)

Құрмалас сөйлемнің аражігіне  
қойылатын

**ойдың аражігін ажырату  
қызметін атқарады.**

үтір (,),  
қос нүкте (:),  
нүктелі үтір (;),  
үтірлі сызықша (,-)

**3-слайд.** Көп нүкте қойылатын орындар:

1. а) Айтылуға тиісті ойдың аяқталмай қалғанын білдіру үшін көп нүкте қойылады.

Мысалы: *Енді о балаңыз... азамат боп кеткен шығар?*

ә) Негізгі ой желісіне қатысы жоқ басқа бір оқиғаны еске түсіру қажет болса, сөйлемнің ортасы мен азатжолдың басында да көп нүкте қойылады.

Мысалы: *... Аспан бұлтсыз, күн шаңқай ыстық еді.*

*Қаланың орталығын түгел орап алған орманды таулар ыстықтан балбырап, мүлгіп тұр.*

2. Сөйлеуші көңіл күйінің әсерінен қысылып сөйлей алмағанда, асығыс айтқанда ойдың бөліну себептеріне байланысты дауыс ырғағындағы үзілісті білдіру үшін көп нүкте қойылады.

Мысалы: *- Айдатып көр! Баратын жеріме барып, аяғыңды аспаннан келтірейін...*



3. Айтуға, естуге қолайсыз, тұрпайы сөздердің орынына жазуда көп нүкте қойылады да, мағынасы мәнмәтін арқылы ұғынылады.

Мысалы: *Тәйт, әрі, ... «Шіріген ауыздан іріген сөз шығады» деген.*

4. Біреудің шығармасынан үзінді, дәйектеме алғанда, оны ықшамдап алуда үзілген жеріне көп нүкте қоюға болады.

Мысалы: *Бұдан кейінгі жылдары қазақ балалар фольклорының әртүрлі үлгілері «Балдырған», «Ақ желкен», «Ұлан» сияқты мерзімді басылымдарда жиі жарияланып, мектеп оқулықтарында кеңінен пайдаланады...*

5. Тарихи, ғылыми деректердің қолжазбаларда уақыт әсерімен өшіп, жойылып кетуі де кездеседі. Оларды жариялағанда, сілтеме жасағанда осындай көрінбеген, түсініксіз болып тұрған жерлердің орынына көп нүкте қояды, ол, тіпті, тұтас бірнеше жол болуы мүмкін.

Мысалы: VIII. *қаған бердук орду (да)...*

IX. ....(оң йағыда)

Оғыз қаған туралы аңыз.

**4-слайд.** Сөйлем соңына қабаттасып қойылатын тыныс белгілер:

1. Адам бір мезгілде ерекше қуанады, шаттанады, таңданады немесе екіұдай ойда болады. Мұндай күйді білдіретін сөйлемнен кейін сұрау және леп белгісі қатар қойылады. Егер сұрақ сарыны басым болса – сұрау белгісі бұрын (?!), көңіл күй ауаны басым болса – (!?) леп белгісі бұрын тұрады.

Мысалы: *Айдынның еркелері, білмей тұрмын,*

*Етермін тағдырыңды кімге аманат?!*

*Шыңға шырқау қиын емес өренге*

*Құдіретті қазақ тілім, сен барда!?*

2. Ой аяқталмай, үзіліп қалған жағдайда оның бірінші бөлігі сұрау мағыналы болса – алдымен сұрау белгісі, одан кейін көп нүкте қойылады.

Мысалы: *Мен бе ?... Мен ұрлатпаймын, аңқаулар алданбасын, біреулер мені жеңдім деп малданбасын дегенім зой...*

3. Көңіл күйді білдіретін сөйлемдерде ой аяқталмай кілт үзілсе, тыныс белгілері қатар қойылады.

Мысалы: *Жаса мәңгі, менің тілім! Киелім, Саған ыстық махаббатым өзгеше!...*

4. Ойдың аяқталмай қалғандығын білдіретін сөйлемдерде үтір, тырнақша, сызықша көп нүктеден кейін қойылады.

Мысалы: *Апам терең зып тігіп берген... Ә..., ә... сендерде ондай жоқ-ау?*

#### **5-слайд. IV. Жаттығулар жұмысы.**

I топқа 153-жаттығуды ауызша талдату. Тыныс белгінің қойылу орынын анықтау. Көнерген сөз таптырту.

II топқа – 154-жаттығу. Тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазу, қарамен жазылған сөздерді құрамына талдау. *Көп, қарасы, дәу* сөздерінің синонимін табу.

III топқа – 155-жаттығу. Мәтінді дауыс ырғағына келтіріп оқу, тыныс белгінің орынын анықтау, сөз тұдырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтарды табу, қарамен жазылған сөздердің синонимін табу.

#### **6-слайд. V. Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қой.**

1. Ердің сыншысы – ...	Отан
2. Атаңның баласы болма, ... баласы бол.	без
3. Өлімнен ... күшті.	елі
4. .... отбасынан басталады.	халқыңның
5. Панасы жоқ таудан...	ұят

**7-слайд.** Әдебиетпен байланыс. Өлеңді құрылысына қарай сатылай кешенді талдау.

*Қонаққа келді, міне, Жамбыл атаң,  
 Сан жылдар жүк көтерген бүкір жотам.  
 Қарт бабаң дәуіріне мейірі қанған,  
 Қуанып жастығына сендей ботам.*

3 бунақты, 3 шумақты, 12 жолды, 11 буынды өлең.

**8-слайд. VII. Қорыту.**

«Сәйкестендіру» кестесі

1	Көп нүкте	1	Адам бір мезгілде ерекше қуанады, шаттанады, таңданады немесе екіұдай ойда болады. Мұндай күйді білдіретін сөйлемнен кейін
2	Сұрау, леп белгісі	2	Тарих, ғылыми деректердің қолжазбаларда уақыт әсерімен өшіп, жойылып кетуі де кездеседі. Оларды жариялағанда, сілтеме жасағанда түсініксіз болған жерлерге
3	Сұрау белгісі мен көп нүкте	3	Көңіл күйді білдіретін сөйлемдерде ой аяқталмай, кілт үзілсе
4	Леп белгісі мен көп нүкте	4	Айтылуға тиісті ойдың аяқталмай қалғанын білдіру үшін
5	Көп нүкте немесе тұтас бірнеше жол	5	Ой аяқталмай, үзіліп қалған жағдайда оның бірінші бөлігі сұрау мағыналы болса

1-4 . 2-1. 3-5. 4-3. 5-2.

**VIII. Бағалау.**

**9-слайд. IX. Үйге тапсырма.**

1. Қос нүкте. Сөйлем соңына қабаттасып қойылатын тыныс белгілер.
2. Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар (156-бет).
3. 158-жаттығу. Үш топтың бөлек-бөлек орындауы.

## ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ тілі сабағында алған білімдерін жазбаша сауатты көрсете білуде жазба жұмысының алатын орыны ерекше. Ол сабақ құрылымының үш түрлі мақсатына сәйкес грамматикалық сауаттылығын тексеріп қана қоймай, есте сақтауын, көркем жазуын, ұқыптылығы мен өз-өзіне деген сенімін нығайтады. 7-сыныпқа арналған әдістемелік нұсқауда қазақ тілі сабағында алынатын диктанттың 12 түрі көрсетілген. Соның ішінде бақылау диктантында қатемен жұмыс жүргізудің маңызы зор.

Диктанттың негізгі мақсаты оқушылардың теориялық білімін сынау, бағалау, оларды сауатты жазуға үйрету болса, қатемен жұмыс жүргізудің мақсаты жіберілген қатемен сауатты жұмыс болып табылады. Диктантты дұрыс, сауатты жазу үшін грамматиканы үйреніп, талдай білу жеткіліксіз, сонымен қатар көркем әдебиетті көп оқу керек.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Жалпы орта білім департаментінің нұсқауы бойынша диктант нормаларын пән мұғалімі білуі тиіс.

Сыныбы	Диктант саны	Сөздер саны	Орфограмма саны	Тыныс белгілері
5	8	90-100	12	2-3
6	6	100-110	16	3-4
7	5	110-120	20	4-5
8	5	120-150	24	10
9	4	150-170	24	15

10	4	170-190	26	18
11	4	190-200	26	18

Диктант келесі сабаққа тексеріліп әкелінуі керек. Жазба жұмысының соңында орфографиялық, пунктуациялық қатесаны көрсетіліп, келесі жолдың оң жағына диктант бағасы қойылады. Мысалы, 1/0 немесе 5/1, т.с.с. Шартты белгілерді оқушы білуі тиіс: / – емле қатесі; V – тыныс белгі қатесі; ? – түсініксіз; Z – азатжол.

Қазақ тілі пәнінен алынған жазба жұмыстардағы жіберілген қате бойынша саралау кестесі әрбір жазба жұмысынан кейін сараптамалық талдау негізінде жасалып, оқушымен деңгейлік тапсырмалар негізінде тікелей жұмысқа ықпал етеді. Сондай-ақ жазба жұмыстарын бір-бірімен салыстыруға да мүмкіндік береді.

Р/с	Қате бойынша жасалатын жұмыстың бағыты	Оқушының аты-жөні
1	Екі дауыссыздың қатар келуі	
2	И, й әріптерінен жіберілген қателер	
3	Н, ң әріптерінен	
4	Ұ, ұ, у әріптерінен	
5	Жалқы есімнің жазылуы	
6	Сөйлем түрлері	
7	Тыныс белгілерінен	

### Қатемен жұмыс жүргізу жолдары:

1. Тексерілген жұмыспен оқушы танысып, қызыл сиямен көрсетілген сөзді жол басына ең әуелі қате түрін, содан кейін сызықша қою арқылы жол аяғына дейін қатесіз жазу керек;

2. Қате жазылған немесе оқушыға таныс емес сөздерге қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалана отырып мағлұмат беру;

3. Жіберілген қате туралы өтілген тақырып бойынша ережені еске түсіру, мысалдар келтірту;

4. Қате жазылған сөзге фонетикалық, лексикалық,

морфологиялық талдау жасату;

5. Оқушылардың тасымал, тыныс белгі туралы білімдерін нақтылау, бағдар беру;

6. Диктант мәтініндегі тірек сөздерді тапқызып сөйлем құрату;

7. Сабақты шығармашылықпен ұштастыра отырып, қате жіберілген сөздердің прозалық, поэзиялық шығармаларда қолданылуына назар аударту, нәтижелі болу үшін жатқа айтқызуға болады.

Өз тәжірибеммен бөлісу мақсатында 7-сыныпта жүргізілген қатемен жұмыс сабағының үлгісін қоса беріп отырмын.

**Күні:** 15/02. **Сыныбы:** 7 «В». **Пәні:** қазақ тілі.

Қатемен жұмыс

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – жазбаша грамматикалық сауаттылығында жіберілген олқылықтарды жою, білімдерін нақтылау; **дамытушылық** – ойын, есте сақтауын, көркем жазуын дамыту, талдау жұмыстары арқылы білім, білік дағдыларын жетілдіру; **тәрбиелік** – ұқыптылыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу, өзіне деген сенімін арттыру.

**Типі:** білімді бекіту. **Түрі:** талдау. **Әдіс-тәсілі:** байқау, талдау, жеке оқушымен жұмыс, салыстыру. **Көрнекілігі:** слайд. **Пәнаралық байланыс:** география, әдебиет.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру.** Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Сабаққа назар аударту.

**II. Сабақтың мақсатын қою.** Жазба жұмысын жазуда жіберілген қателермен жұмыс жүргізу. Тілдік талдау арқылы теориялық білімін практикада қолдана білуге дағдыландыру.

**III. Білімді тексеру кезеңі:**

1. Диктантта жіберілген қателерді көру арқылы байқау,

мұғалімнің түзетуі бойынша сол сөзді салыстыру арқылы қате және қатесіз түрін табу;

2. Сол сөздің қатесіз түрін көшіріп жазу;

3. Ортақ қателер: ойпаңына, бос шөппен, түгін, басшылары, азатжол, азда, молда, тамбайтын, аспанынан.

### **Сөздікпен жұмыс.**

**Ойпаң** – төмен, ойлау жер. [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 626-бет]

### **Тасымал туралы түсінік беру.**

Тасымал – жазу кезінде сөздің жолға сыймай қалған бөлігін келесі жолға көшіру. Тасымал буынға негізделеді.

Сөздер мынадай жағдайда тасымалданбайды:

1) Бір дауысты дыбыстан тұратын буынды жолда қалдыруға немесе келесі жолға тасымалдауға болмайды.

Мысалы: *а-та, қар-и.*

2) Бір буынды сөз тасымалданбайды.

3) Қысқарған өлшем бірлігін (см) өзі тіркескен саннан (30) бөліп тасымалдауға болмайды.

4) Қысқарған сөз тасымалданбайды.

5) Й, у дыбыстары бар сөздерді буынға бөлгенде бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады: *да-уыс, құ-йын.*

6) Екі дыбыстан құралған я, ю әріптеріне аяқталған сөздер тасымалданбайды: *кою, күйю, ұя.*

7) Аты және әкесінің аты қысқартылып, басқы дыбысы ғана жазылғанда фамилиясынан бөліп тасымалдауға болмайды.

4. Әр оқушыға жіберілген қателері бойынша жеке тапсырмалар беру:

а) *Аспаны* сөзін септеу.

ә) Дұрыс тасымалданбаған сөздердің тасымалдану

жолдарын тапқызу;

б) Емле қателері бойынша сөздерге сөйлем құрату.

### **5. Шығармашылық тапсырма.**

Мәтіннен етістіктің шағына байланысты түрлерін тауып, теріп жазыңдар.

Берілген сөйлемді сөйлем мүшесіне талдаңдар:

*Қыс жауған қар суы, жаз жауған жаңбыр – бәрі-бәрі осы жерге келіп үймелейді.*

*Осыны ескеріп ауыл басшылары Бақанас жайылымына малшыларды жыл сайын үш-үштен бөліп, кезек қондырып отырады.*

**6. Ойпаңына** сөзіне фонетикалық талдау жасаңдар.

**Жеке оқушымен жұмыс.** Алдын ала дайындап келген таратпалармен жұмыс жүргізу (Қатесіз жазған оқушыға жеке тапсырмалар беру, диктантты қате жазған оқушымен жұмыс: қате жазу себебін анықтау, сол тақырып бойынша тапсырмалар беру).

«Ең үздік жазылған диктант» айдарымен диктантты үздік жазған оқушыны анықтау, мадақтау, ынталандыру.

**7. Көрінбей кетеді, келгенімен** сөздеріне морфологиялық талдау жасаңдар.

**8. Мәтіннен есімшелі** сөздерді тауып, теріп жазыңдар.

Жібіген, отырған, келетін, емес, жауған, тамбайтын, айырбастамайтындай, өскен, отырған.

**9. Картамен жұмыс. Бақанас көлі туралы түсінік беру.**

**10. Балалар, өздеріңе таныс әдебиеттен осындай өзен, көл атауларына байланысты қандай шығармалады білеміз?**

*Қане, кім айтады?*

**IV. Үй тапсырмасы.** Өзен, көл, жер-су атауларына байланысты ақын-жазушылардың шығармаларымен танысу, үзінді жаттау.

**V. Бағалау.**



# ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері туралы, тіліміздегі қолданылу аясы, ерекшеліктері жайында толық мағлұмат беру; **дамыту** – оқушыларды еркін сөйлеуге, терең ойлауға, әдеби тіл байлықтарын дамытуға және тілімізде тұрақты тіркестерді қолдануға үйрету; **тәрбиелік** – тапқырлыққа, әдемі әрі шешен сөйлеуге, достыққа баулу.

**Сабақтың міндеті.**

**Мазмұнға байланысты міндет:** жаттығу жұмыстарын орындай отырып, тұрақты тіркестерді еркін тіркестерден айыруға үйренеді. **Сын тұрғысынан ойлауға байланысты міндет:** тұрақты тіркестерді өзінің сөздік қорында қолдана біледі. **Топтық жұмыс немесе тәрбие әрекетіне байланысты міндет:** топпен жұмыс барысында топта айтылған барлық пікірлермен санасу арқылы бір-бірін сыйлауға үйренеді.

**Күтілетін нәтиже:** оқушылар тұрақты тіркестердің ерекшеліктерін біледі, сөйлем ішінде жүйелі қолдана алады. **Оқытудың әдісі:** ой шақыру, Венн диаграммасы, әңгімелеу, түсіндіру, толықтыру, болжау, салыстыру, сәйкестендіру. **Типі:** білік пен дағдыны қалыптастыру. **Пәнаралық байланыс:** өзін-өзі тану, әдебиет. **Көрнекілігі:**

**құрал:** «ActivInspire» бағдарламасы орнатылған компьютер, проектор, интерактивті тақта.

### **Сабақтың барысы.**

Психологиялық дайындық.

Бүгінгі оқу іс-әрекеттерімізді изгі ниетпен, жақсы тілекпен, жылы лебіздермен бастау. Мұғалімнің оқушыларға тілегі, оқушылардың бір-біріне тілек айтуы.

### **I. Қызығушылықты ояту.**

«Адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп өрнектеуге еңбек етеді» (Баубек Бұлқышұлы).

- Ал, балалар, Баубек Бұлқышұлының бұл сөзін қалай түсінесіңдер?..

- Ал еңбек ету үшін, адамның ажарлы өмір сүруі үшін не керек деп ойлайсыңдар?..

### **II. Мағынаны тану.** Сабақтың мақсаты хабарланады.

а) Үсен тал кептірілген соң **от жағып**, әуелі жұмыртқаны отқа салып пісірді. (Ы.А.)

ә) Сөйтіп екеуінің арасына **от жағалық** деседі қырық уәзір. («Аяз би» ертегісі).

Мысалдар жеке оқылып, мағыналары талданады.

- Балалар, от не үшін жағылады?

- Ас пісіру үшін, үй жылыту үшін жағылады.

- Ал адамдар арасына от жағуға бола ма?

- Болмайды.

- Олай болса, «Хан мен жаманның арасына от жағалық» дегеннің мағынасын қалай түсінуге болады?

- Екеуін араздастырайық, айдап салайық деген мағынада.

Сөздің тура және ауыспалы мағыналары еске түсіріледі.

**Оқушылар ережені өздері шығарады, мен толықтырамын.**

Тұрақты сөз тіркестері қазақ тілінде фразеология деген термин арқылы таныс. Фразеология деген термин гректің фразис (сөйлемше), логос (ілім) деген сөздерінен біріктіру арқылы жасалған. Тіл ғылымындағы қазіргі мағынасын «тұрақты сөз тіркесі» деген ұғымды білдіреді.

Сөздер бірнеше тіркестерден тұрады. Олар тіркесөз отырып, бір мағына береді. Мысалы: *бет моншағы үзіліп ұялып, ит арқасы қиянда қашық*, алыс жер мағынасын білдіреді.

Тіл ғылымының бұл маңызды сырын ашуда Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі Ісмет Кеңесбаевтың еңбегі зор. Он мыңнан астам тұрақты сөз тіркесін қамтитын «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегі үшін Ғалымға Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

### **Оқулықпен жұмыс**

111-жаттығу (ауызша). 113-жаттығу (жазбаша).

Мәтіндегі тұрақты тіркестер: *үш ұйықтаса түсіне кірмеген* (солай болады деп мүлде күтпеген, ойламаған), *сүз сепкендей басылды* (лезде тынышталды, тына қалды), *құмға сіңген судай* (еңбегі далаға кету, зая болу), *сөзінің аяғын жұтып* (сөзін кілт тоқтатып, айтпай қойды).

**Сергіту сәті.** Сергіту сәті барысында оқушыларды үш топқа бөліп отырғызамын, тапсырмаларды орындатамын.

**Тапсырмалар** «ActivInspire» бағдарламасында орындалады.

**Тапсырма №1.** Еркін сөз тіркесі мен тұрақты сөз тіркесін ажырату.

Жүрек жұтқан, жүректі емдеу, жерге кіріп кете жаздау, жер қазу, ауызша айту, үріп ауызға салғандай, құлақ қою, үлгілі бала.

**Тапсырма №2.** Сәйкестендіру.

1) Қас пен көздің арасында – батыр

- 2) Ер жүрек – лезде, тез, жылдам  
 3) Тайға таңба басқандай – ерінді  
 4) Мойыны жар бермеді – анық  
 5) Бармағын тістеу – жолы болу  
 6) Тасы өрге домалау – момын  
 7) Қой аузынан шөп алмас – өкіну

**Тапсырма №3.** Сурет бойынша жұмыс: «Кім көп біледі?»

Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.

- А) Ағашты балтамен шапты; Ә) Ағаштың тамырын шапты; Б) Тамырына балта шапты; В) Оспан ағашты шапты; Г) Ағаштың бұтағын шапты.

Суреттерге қарап тұрақты тіркестер ойлап табыңыздар.

### III. Толғаныс. Тұрақты сөз тіркестерінің мәнін аш.

Қас пен көздің арасында (лезде). Қара қылды қақ жару (әділ). Төбе шашы тік тұрды (шошыды). Тайға таңба басқандай (анық). Ауызына құм құйылды (үндемеу). Көзге түртсе көргісіз (қараңғы). Тонның ішкі бауындай (тату). Бет моншағы үзілу (ұялу). Жарғақ құлағы жастыққа тимеу (мазасыздану). Күн тигізбей өсірген (мәпелеу).

Венн диаграммасы

Тұрақты тіркес	Ұқсастығы	Сөз тіркесі
1. Сөз тіркесіне ұқсас болғанымен, құрамы тұрақты, басқа сөзбен алмастыруға келмейді. 2. Тұрақты тіркестер бірнеше сөзден тұрғанымен, бір ғана мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап береді. 3. Сөзбе-сөз аударылмайды.	Кем дегенде екі сөздің тіркесінен тұрады.	1. Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің әрқайсысы толық мағыналы болады. 2. Әрбір сыңары жеке сұраққа жауап береді. 3. Сөзбе-сөз аударылады.

**Үйге тапсырма.** Тұрақты тіркестерді қатыстырып, кез келген тақырыпқа шағын әңгіме құрастырындар.

Қорытынды кезең:

Бүгінгі сабақтан сен қандай әсер алдың? Сабақ саған ұнады ма? Несімен ұнады? Сабақта мақсатымызға жеттік пе?

**Бағалау.** Әр оқушының бағасын сипаттау, жақсы жақтарын атап өту.



Ұлман БЕКЕТОВА,  
Қызылорда қаласындағы  
№ 264 мектеп-лицейдің  
мұғалімі.

## ТҮБІР МЕН ҚОСЫМША

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – қазақ тіліндегі қосымшалардың түбір сөзге жалғану заңдылықтары, ерекшеліктері туралы ұғым беру; «қосымша» терминін саналы түрде меңгерту; жұрнақ пен жалғауды ажырата білуге үйрету; **дамытушылық** – фонетика, лексика тараулары бойынша бастауыш сыныптарда меңгерген білімдеріне сүйене отырып, тілдік нормалар туралы түсініктерін дамыту; сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, оқушылардың белсенді ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын ояту, әдеби тілде көркем сөйлеуге, Абайдың нақыл сөздері арқылы адамгершілікке, сауаттылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа білім беру. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, танымдық ойындар («Моншақ тізу», «Кім жылдам?»), репродуктивті түрдегі өзіндік жұмыстар. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, тақырыпқа арналған кесте, тірек-сызба, семантикалық карта.

## Сабақ барысы.


### I. Ұйымдастыру.


- 1) Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.
- 2) Сыныптың сабаққа әзірлігін тексеру.
- 3) Зейіндерін сабаққа аудару.

### II. Үй тапсырмасын пысықтау:

1. Сөз тұлғасына нелер жатады?
2. Сөз тұлғасы қандай қызмет атқарады?
3. 44-жаттығудың орындалуын тексеру.

### III. Жаңа білімді меңгерту





#### IV. Оқулықпен жұмыс.

**49-жаттығу.** Берілген сөздерден жұрнақ арқылы туынды сөздер жасау: *күзеу, күздік, қыстық, көктемшілік, сауықшыл, оттық, темірдей, тәрбиелеу.*

**50-жаттығу.** Қарамен жазылған сөздерді құрамына қарай талдау, қосымшаның түрін ажырату.

Есті: *ес* – зат есім, *ті* – зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақ. Білгені: *біл* – етістік, *ген* – жұрнақ, *і* – тәуелдік жалғаудың 3-жағы. Білімді: *біл* – етістік, *ім* – жұрнақ, *ді* – жұрнақ; Адамға: *адам* – зат есім, *ға* – барыс септігінің

жалғауы.

**51-жаттығу.** Берілген сөздерге қосымша жалғап сөйлем құрау.

**52-жаттығу.** Жұрнақ арқылы туынды сөз жасау.

Үк-кіш, үйрету-ші, түйін-деме, түйін-шек, заң-гер, бой-шаң, талап-ты, талап-кер, талап-шыл, сарап-тау, сарап-шы, әрлеу-ші, салым-шы, баспа-хана, тәлім-гер, зият-кер, іс-кер.

Қосымша тапсырма.

### Семантикалық карта

Мысалдар	Жұрнақ		Жалғау			
	Сөз тудырушы	Сөз түрлендіруші	Көптік	Тәуелдік	Септік	Жіктік
Мектептер			+			
Оқушы	+					
Ұстазбын						+
Кітабым				+		
Дәптерге					+	
Сандықша		+				

### Семантикалық карта

	Алаңқай	Таулы	Орындықтар	Оқушымын	Далада	Дәптерім
Сөз тудырушы		+				
Сөз түрлендіруші	+					
Көптік			+			
Тәуелдік						+
Септік					+	
Жіктік				+		

Танымдық ойындар

#### 1. «Келісіп пішкен тон келте болмас».

Берілген сөздерге қосымша жалғап, мақалды құра.



Тіл, қару, сөз. Жақсы, соңы, сөз, ер. Өлең, сөз, патша. Сөз, кү, пәле, жолық. Сөз, сүйек, өт, таяқ, ет, өт.

**2. «Кім жылдам?».** Берілген сөздердегі қосымшаларды өз орынына қой:

- мемлекет- дей-гі-нде-і-тер; - қысыл-ғы-да-шаң;
- шешен-ге-дік-іңіз; - бауыр-да-ы-лар-ғы-нда;
- естелік-дің-іміз-тер.

**3. «Моншақ тізу».** Сынып оқушылары екі топқа бөлініп, бір тобы жұрнақ арқылы жасалған, екінші тобы жалғау арқылы жасалған сөздерден моншақ етіп тізіп, сөздер жазып шығады.

**4. Сен – маған, мен – саған.** Бір оқушы түбір сөз айтады, екінші оқушы оған қосымша жалғап айтуы керек. *Оқу, оқушы, оқушылар, оқушыларды, т.б.*

#### **V. Сабақты бекіту.**

1. Түбір дегеніміз не? Түбірдің қандай түрлері бар?
2. Қосымша дегеніміз не? Қосымшаның қандай түрлері бар?
3. Жалғаудың түрлерін ата. Жұрнаққа мысалдар келтір.

#### **VI. Сабақты қорыту.**

Қосымша түбір сөзге жалғанады. Қосымша өзі жалғанған сөзге мағына үстейді немесе сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырады. Қазақ тіліндегі қосымшалар белгілі бір заңдылық бойынша бір-біріне жалғана береді, ал орыс тілінде түбір сөзге бір ғана қосымша жалғанады.

**VII. Оқушыларды бағалау.** Сабаққа белсенді қатысып, сұрақтарға жауап беріп отырған оқушылар мен араласпай отырған оқушыларға тиісті бағаларын қою.

#### **VIII. Үйге тапсырма.**

- 1) 53-жаттығу. «Түбір мен қосымша» тақырыбында шағын мәтін жазу.
- 2) 54-жаттығу. Алған білімдеріңді қорыту үшін түбір сөзге он, туынды сөзге он мысал жазу.

Раушан ЖҰМАНҚЫЗЫ,  
Шәріптоғай негізгі  
мектебінің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Көкпекті ауданы,  
Шәріптоғай ауылы.

## ЖИНАҚТЫҚ САН ЕСІМ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың сан есімнің жинақтық түрі жайында білімдерін қалыптастыру, жинақтық сан есімнің жасалу жолдарын меңгерту, сан есімнің морфологиялық белгілерін ажыратуға дағдыландыру; **дамытушылық** – ой-өрісін, ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас. **Жұмыс түрі:** жеке, фронталдық. **Әдіс-тәсіл:** морфологиялық диктант, түсіндірме диктанты, үлестірме материалмен жұмыс. **Құрал-жабдық:** талдау үлгісі, қосымша әдебиет, үлестірме материал.

### Сабақтың барысы.

1-кезең
1. Ұйымдастыру.
2. Сабақтың мақсатын қою.
Үй тапсырмасы: а\ Ережені жаттау; ә\ 166-жаттығу. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер. Жауаптарыңа реттік сан есімдерді қатыстырыңдар.

4. Өткен тақырыпты қайталау.

а\ Морфологиялық диктант:

1. Жаңа мағыналы сөз тудырушы қосымша. 2. Жұрнақ арқылы жасалған сөздердің жасалу тәсілі. 3. Жасалу жолдарына қарай сын есімнің түрлері. 4. Түбір түрлері. 5. Зат есімнің морфологиялық белгілері. 6. Сын есім қай сұрақтарға жауап береді? 7. Құрамына қарай сан есімнің түрлері. 8. Сан есімнің сұрақтары.

## 2-кезең

а\ Жаңа тақырыпты меңгерту.

Берілген сөйлемдерді жазып, сан есімдердің жасалу жолдарын анықтаңдар:

*Ағайын – алтау, ана – біреу. Біреудің бойы аласа, біреудің ойы аласа. Айла – алтау, ақыл – жетеу. Ердің сөзі – біреу, ердің көзі – үшеу.*

**Қорытынды жасату. Жинақтық сан есімдер -ау, -еу жұрнақтары арқылы жасалады. «Нешеу?» деген сұраққа жауап береді. Заттың жинақталған санын білдіреді. Көбінесе, заттың орынына қолданылады.**

ә\ Түсіндірме диктанты. Сөйлемдерді жазып, сан есімнің мағыналық түрін белгілеңдер:

*Екеуінің де ойына Жамал, Сағынтай, тар кезең елестеді. Еңгезердей біреу кіріп келеді екен. Мен екеуінен де үлкенмін. 18 қарашада шыққан «Правда» газетінде Панфиловтың гвардиялық дивизиясының «Еңбек Қызыл Ту орденін алған хабары жарияланды. Біреуге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле. Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық, үшінші байлық – ақ жаулық. Тойған үйге тоғыз кел.*

б\ Қосымша әдебиеттен жинақтық сан есімдер тауып жазыңдар. Жазу емлесіне назар аударыңдар.

в\ 168-жаттығуды орындау. Екеу, үшеу, төртеу боп ойнайтын ойын түрлерін естеріңе түсіріп, түсіндіріңдер.

## 3-кезең

Өздік жұмысы. Кеспе қағаздармен жұмыс

№ 1 билет.

Көп нүктенің орынына сан есімдерді қойып жазыңдар.

Сан есімдерге морфологиялық талдау жасаңдар.

*... атасын білмеген – жетімдіктің белгісі. Алпыс күн атан болғанша, ... күн бура бол. ... сомың болғанша, ... досың болсын.*

**Керек сөздер:** бір, жеті, жүз, алпыс, алты.

№ 2 билет.

Көп нүктенің орынына сан есімдерді қойып жазыңдар.

Сан есімдерге морфологиялық талдау жасаңдар.

*Мың досың болса да, ... жетпей тұрады. ... – ердің жасы, ... – ел ағасы. Баланың ... тісі түседі, ... ісі түседі.*

**Керек сөздер:** біреуі, алпыс, сегізінде, елу, сексенінде.

№3 билет.

Берілген мақал-мәтелдерді жазып, сан есімдерге морфологиялық талдау жасаңдар.

*Ер бала – он үште отау иесі. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл. Ел құлағы – елу.*

№4 билет.

Мақал-мәтелдерді аяқтап жазыңдар Сан есімдерге морфологиялық талдау жасаңдар.

*Екі кісі ығысса, бір кісілік орын ... .*

*Ит – жеті қазынаның ... .*

*Айдағаны – бес ешкі, ... .*

*Мақтанған – тілге мың ... .*

Бекіту.

Жеке парақтарда жазылған сан есімдерді үш топқа бөлінген сынып оқушылары өздерінің тақырыптарына сай таңдап алады.

1-топ есептік, 2-топ реттік, 3-топ жинақтық.

*Мың тоғыз жүз тоқсан бірінші, қырық мың, жетеу, отызыншы, жүз мың тоғыз, төртеу, он алты, мың тоғыз жүз тоқсан екінші, екі мың он екінші, бірінші.*

Үй тапсырмасы: а\ ережені жаттау; ә\ 167-жаттығу.

Құрамында сан есімі бар мақал не нақыл сөз бойынша ребус құраңдар.

Хуралай АЛДАНЫШ,  
Абай атындағы көпсалалы  
мектеп-гимназияның мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Жарма ауданы,  
«Қалбатау» ауылы.

## ӘБДІЛДАНЫҢ «ТОЛАҒАЙ» ӘДЕБИ ЕРТЕГІСІ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – әдеби ертегі туралы түсінік беру, «Толағай» әдеби ертегісінің мазмұны, негізгі идеясымен таныстыру; **дамытушылық** – оқушылардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту, әдеби ертегінің халық ертегісінен ажырата білуге үйрету, өзіндік ойын дәлелдеуге, тұжырымдама жасауға жетелеу; **тәрбиелік** – туған жерге, Отанға деген патриоттық сезімдеріне әсер ету, сүйіспеншіліктерін арттыру, қайырымдылыққа, жанашырлыққа, рақымшылдыққа тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Типі:** дәстүрлі емес. **Әдіс-тәсілі:** топтастыру, талдау, салыстыру, ой қорыту, ЖБІМ (Қанипа Бітібаева), сахналық қойылым. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, слайдтар, «Толағай» тауының макеті, найзағай, жаңбырдың дыбысы, жолбарыстың ырылы, карта, Әбділда Тәжібаевтың 5 томдық жинағы. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих, география, музыка, бейнелеу, орыс әдебиеті.

**Сабақтың барысы.**


**I. Ұйымдастыру.** Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Сынып оқушыларын 3 топқа бөліп, бағалау парақшаларын үлестіріп беру.

## II. Өткенді қайталау.

- Балалар, біз бұдан бұрын қандай-қандай көлемді тақырыптармен таныстық? Тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, аңыз әңгімелер, шешендік сөздер, діни әңгімелер (оқушылар қысқаша шолу жасайды).

Осы тақырыптарды қаншалықты тереңірек меңгергенімізді тексеру үшін сөзжұмбақ шешіп көрейік.

### Сөзжұмбақ



1. Перінің қызының аты (Бекторы).
2. Қойдың пірі қалай аталады? (Шопаната).
3. Ер Төстіктің мінген тұлпары (Шалқұйрық).
4. “Аяз би” ертегісіндегі адамның жаманы, құстың жаманы, шөптің жаманын тауып әкелуге бұйрық берген хан (Мадан).
5. Жерұйықты кім іздеген? (Асанқайғы).
6. Алланың елшісі және жер бетіндегі үмбетіне шарапатын тигізуші ең соңғы пайғамбар (Мұхаммед).
7. Сырым Датұлы кімнен бата алды? (Малайсары).

Қызылмен жазылған сөзді оқиық: *Толағай*. Олай болса, балалар, бүгінгі өтетін тақырыбымыз – Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» әдеби ертегісі.

## III. Жаңа сабақ.

*Эпиграф: «Әбділда Тәжібаев – қазақ поэзиясына әсерлі,*

Әдеби ертегі туралы түсінік беремін.

Ертегілердің бір саласы – әдеби ертегілер. Әдеби ертегінің жазған авторы белгілі болғандықтан оны *әдеби ертегі* деп атайды. Мысалға Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» әдеби ертегісіне Толағай атты батыр бала туралы және оның атымен аталып кеткен Толағай тауы туралы халық аңыздары арқау болған. Мағжан Жұмабаевтың «Жүсіп хан» ертегісі, орыс жазушысы В.Гришиннің атақты «Саяхатшы бақа» ертегісі де әдеби ертегіге мысал бола алады.

Әбділда Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы алдын ала тапсырма берілгендіктен өздері баяндайды: өскен ортасы, өлеңдері, поэмалары, пьесалары, қызмет жолы.

### **Картадан көрсету**

«Толағай» әдеби ертегісіне арқау болған Толағай тауының орналасқан жерін картадан көрсету, «Толағай» тауы туралы аңызға тоқталу.

«Толағай» тауы – Көкпекті ауылынан солтүстікке қарай 12 шақырым жерде орналасқан жеке шоқы. Қалбатауының бір бөлігі, биіктігі шамамен 700 метрдей, «Толағай» тауынан бастау алған бұлақтар Шегелек өзеніне қосылады. Сыртқы келбетіне қарағанда табиғат ескерткіші тәрізді, киіз үйге ұқсас. Аңызға сүйенетін болсақ, Тарбағатай тауының бір шатқалын көтеріп келе жатқан Толағай дәл осы тұсқа келгенде құлап, сол тауға бастырылып қалған екен. Сондықтан «Толағай» тауы деп аталыпты. Бүгінде Көкпекті ауданында «Толағай сазы» халық аспаптар ансамблі, «Толағай тентектері» көңілді тапқырлар клубы республикамызға танымал екен.

«Толағай» есіміне қатысты қандай бағдарламаларды білесіңдер? («Толағай» отбасылық сайысы).

**Топпен жұмыс.** Әр топқа тапсырма беріледі.

*I топ: Сюжеттік жоспарын құру.*

*II топ: Ертегінің тақырыбы, идеясы, композициялық құрылымы.*

*III топ: Толағайға мінездеме беру.*

**Сөздік жұмысын жүргізу** («мерген, жолбарыс» туралы қосымша түсініктеме беру слайд арқылы).

**I топ. Сюжеттік жоспар:**

1. Дүниеге «алып болар» баланың келуі. 2. Толағайдың ержетуі. 3. Алғашқы ерлік. 4. Алыптың жан күйзелісі. 5. Тау көтерген Толағай. 6. Ер есімі ел есінде.

Құрылған сюжеттік жоспар бойынша оқушылар ертегінің мазмұнын қысқаша айтады.


**II топ. Ертегінің тақырыбы – ерлік туралы, идеясы – елі үшін, Отаны үшін сондай ерлер туса екен деген тілек, ниет.**

**Ертегінің композициялық құрылымы**

Басталуы	→	Саржан мергеннің ұл балалы болуы
Дамуы	→	Толағайдың ержетуі.
Шиеленісуі	→	Халықтың күйзелуі, Толағайдың жан күйзелісі.
Шарықтау шегі	→	Толағайдың тауды көтеріп әкеліп жаңбыр жауғызуы, халықты құтқаруы.
Шешімі	→	Отаны үшін өлді бала. Ер есімі – ел есінде.

**III топ. Толағайға мінездеме беру.** Топтастыру стратегиясын пайдалану.





**Оқулықпен жұмыс.** Жоғарыда топтастырылған Толағайдың мінездерінің сипатын мәтіннен тауып оқыту.

### **Күшті.**

*Арқалады ауыр тауды,  
Жанып бара жатыр жанды.  
Маңдайынан тер көл боп ақты,  
Жеткенше дем алмайын деп,  
Жарты жолда қалмайын деп  
Шаршаса да тоқтамапты.*

### **Алып.**

*Арқаласа он баланы –  
Қайыспайды қабырғасы.*

### **Рақымшыл.**

*«Қайтсем жауын жаудырамын,  
Ел сусынын қандырамын».*

### **Мерген.**

*Аң аулауға – кең даладан,  
Құтылмайды қашқан құлан.  
Жалғыз толғап тартуынан  
Жан құтқармас болды қыран.*

### **Батыр.**

*«Келе қал,- деп,- болсаң күшті»,*

Құйрығынан алды барып.

Таяқ құрлы көрмей тіпті,

Жолбарысты дөңгелетті.

### **Жанашыр.**

Күйген жердің кірді жаны,

Шөлдегендер суға қанды.

Ауыл қайта ажарланды,

Тарқады елдің бір құмары.

### **Ой тастау. Дәптермен жұмыс.**

I топ: мәтіннен салт-дәстүрлерді теріп жазу (*Отыз күндік мереке, бата беру, ат қою*). II топ: тұрақты сөз тіркестерін теріп жазу, мағынасын түсіндіру (*тәтті ұйқы, көзін тікті, ат арытын*).

Тұрақты сөз тіркесінің анықтамасын айтқызу.

III топ: синонимдерді теріп жазу (*жас бөбек, балғын бөбек; тұлға, пішін; айналады, толғанады*). Синонимнің анықтамасын айтқызу.

### **Шығармашылық жұмыс.** Ертегінің желісі бойынша


2 бөлімнен тұратын сахналық көрініс қояды. I бөлім – «Алғашқы ерлік», II бөлім – «Тау көтерген Толағай».

Ертегінің мазмұнына байланысты салған тақырыптық суреттерді магнитті тақтаға іледі.

### **IV. Сабақты бекіту.** Бұрынғы оқыған ертегінің кейіпкері Кендебаймен Толағайды салыстыру.

<b>Кендебай</b>	<b>Толағай</b>
1. Ай сайын емес, күн сайын, 6 күнде күліп, 60 күнде 6 жастағы бала болды. 2. Шыңыраудан атанды жалғыз өзі тартып шығарады, көкжалды өлтіреді, айдаһарды, арыстанды жеңеді. 3. Таз, кедей балаға ата-анасын тауып әкелді.	1. Толағай алып денелі, он баланы көтерсе қабырғасы қайыспайтын мықты болды. 2. Жолбарысты мысықтай көріп, ұршықтай иіреді, тауды жалғыз өзі көтереді. 3. Толағай еліне жауын алып келіп, халқын аман алып қалды.

**V. Қорытынды.** Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деп жас ұрпаққа сенім артады. Олай болса, бүгінгі жастар қандай болуымыз керек?



Еліміздің үміт артып отырған бүгінгі Толағайлары – сендерсіңдер, осы атымызға лайық болайық. Мен де сендерге сенім артамын.

«Атадан жаман ұл туса,

Елінің малын жейді.

Атадан жақсы ұл туса,

Елінің қамын жейді» деген мақал бүгінгі сабағымызға қорытынды болмақ.

## **VI. Үйге тапсырма:**

«Ел басына күн туса, халық күйзелсе, сен не істер едің?» (ойтолғау).

Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы жайлы оқу (өскен ортасы, қызметі, мысалдары, аудармалары, оқулықтары).

# АБАЙ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

(10-сынып)

**1. Абай Құнанбайұлының туған жерін белгілеңіз.**

А) Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Ақ жайлау өңірі;

Ә) Шығыс Қазақстан облысы, Шыңғыстау баурайындағы Қасқабұлақта;

Б) Ақмола облысындағы Қоскөл деген жерде;

В) Ақмола облысы, әйгілі Бурабай көлі;

Г) Қостанай облысы, Құсмұрын бекетінде.

**2. Құнанбай Абайды неше жасында Семейге оқуға жіберді?**

А) 7 жасында;           Ә) 8 жасында;   Б) 9 жасында;

В) 10 жасында;       Г) 11 жасында.

**3. Медреседе діни уағыздармен шектеліп қалмай, қандай тілдерді игерді?**

А) Араб, парсы, түркі;       Ә) Араб, парсы, иран;

Б) Араб, парсы, түркімен;   В) Араб, парсы, өзбек;

Г) Араб, парсы, орыс.

**4. Құнанбай Абайды оқудан шығарып, ел билеу ісіне баулығанда неше жаста еді?**

А) 10 жаста;           Ә) 11 жаста;   Б) 13 жаста;

В) 15 жаста; Г) 16 жаста.

**5. Абай Е.Михаэлиспен қай жылы кездесті?**

А) 1870ж.; Ә) 1871ж.; Б) 1873ж.;

В) 1875ж.; Г) 1880ж.

**6. 1882 жылы жазылған Абайдың ақындығын өзіне де, өзгелерге де мойындатқан шын мәніндегі көркем туындыларын көрсетіңіз.**

А) «Жаз», «Қыс»; Ә) «Өлең – сөздің патшасы», «Күз»;

Б) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жазғытұры»;

В) «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр»;

Г) «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Бородино».

**7. Абай өлеңдерін кімнің атынан таратып жүрді?**

А) Байкөкше; Ә) Барлас; Б) Көкбай;

В) Балта; Г) Шөже.

**8. Мәдениет пен білімнің маңызын насихаттауға арналған тұңғыш шығармасын белгілеңіз.**

А) «Интернатта оқып жүр» ;

Ә) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»;

Б) «Ғылым таппай мақтанба»; В) «Жазғытұры»;

Г) «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат».

**9. Қай өлеңнен?**

*Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,*

*Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз.*

*Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,*

*Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.*

А) «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат»;

Ә) «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»;

Б) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»;

В) «Болыс болдым, мінеки»;

Г) «Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма?».

**10. Абайдың табиғат тақырыбындағы тұңғыш өлеңін белгілеңіз.**

- А) «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»; Ә) «Жаз»;  
Б) «Қыс»; В) «Күз»; Г) «Жазғытұры».

**11. Қай өлеңнен?**

*Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,*

*Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.*

*Шаруа қуған жастардың мойны босап,*

*Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.*

- А) «Жаз»; Ә) «Күз»;

Б) «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»;

В) «Жазғытұры»; Г) «Көлеңке басын ұзартып».

**12. Абай Пушкинді аудару арқылы ұйқастың қай түрін тапты?**

А) қара өлең ұйқасы; Ә) шалыс ұйқас;

Б) аралас ұйқас; В) шұбыртпалы ұйқас;

Г) кезекті ұйқас.

**13. Ақын ел билеушілерінің типтік бейнесін қай өлеңдерінде бейнелеген?**

А) «Сегіз аяқ», «Жаз»;

Ә) «Көлеңке басын ұзартып», «Күз»;

Б) «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың»;

В) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Жазғытұры»;

Г) «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат», «Көлеңке басын ұзартып».

**14. Қай шығармадан? Тамағы тоқтық,**

*Жұмысы жоқтық Аздырар адам баласын.*

А) «Желсіз түнде – жарық ай»;

Ә) «Адамның кейбір кездері»;

Б) «Өзгеге, көңілім, тоярысың»;

В) «Сегіз аяқ»;

Г) «Пайда ойлама, ар ойла».

**15. Абай Лермонтовтан жалпы саны қанша шығарма аударған? А) 17; Ә) 21; Б) 23; В) 25; Г) 27.**

**16. Ойшыл адамның өмірде көргені мен басынан кешкен шерлі сырын танытатын шығарманы атаңыз.**

- А) «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат»;
- Ә) «Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма?»;
- Б) «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»;
- В) «Малға достың мұңы жоқ»;
- Г) «Қалың елім, қазағым».

**17. Абайдың қанша поэмасы бар?**

- А) 2; Ә) 3; Б) 4; В) 5; Г) 7.

**18. Абайдың қай поэмасының уақиғасы «Мың бір түн» ертегісінен алынған?**

- А) «Ескендір»; Ә) «Масғұт»; Б) «Өзім әңгімесі»;
- В) «Еңлік-Кебек»; Г) «Ләйлі-Мәжнүн».

**19. Еуропаға Александр Македонский деген атпен белгілі қолбасшының өмірі жайлы аңыздар негізінде жазылған поэмасын көрсетіңіз.**

- А) «Ескендір»; Ә) «Масғұт»; Б) «Өзім әңгімесі»;
- В) «Еңлік-Кебек»; Г) «Ләйлі-Мәжнүн».

**20. Абай «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деп нешінші қарасөзінде жазды?**

- А) Алтыншы сөзінде;
- Ә) Отыз үшінші сөзінде;
- Б) Он сегізінші сөзінде;
- В) Жиырма бесінші сөзінде;
- Г) Он тоғызыншы сөзінде.

**21. «Қазақтың классикалық әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күншуақты асқар биігі» деген сөздің иесі кім?**

- А) Ахмет Байтұрсынұлы; Ә) Шәкәрім;
- Б) Сәкен Сейфуллин; В) Мұхтар Әуезов;
- Г) Зәки Ахметов.

**22. Қай қарасөзінен? «Жас бала анадан туғанда екі**

түрлі мінезбен туады».

- А) Жетінші; Ә) Он сегізінші; Б) Он тоғызыншы;  
В) Отыз бірінші; Г) Отыз сегізінші.

**23. Самородный сары алтын,**

*Саудасыз берсең алмайды*

*Саудыраған жезіне.*

*Саудырсыз сары қамқаны*

*Садаға кеткір сұрайды*

*Самарқанның бөзіне.*

**Көркемдік тәсілдің қандай түрі қолданылған?**

- А) ассонанс; Ә) аллитерация;  
Б) шендестіру; В) қайталау; Г) кейіптеу.

**24. Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,**

*Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.*

*Азалы ақ көрпесін сілке тастап,*

*Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.*

**Құбылтудың (троптың) қандай түрі қолданылған?**

- А) ассонанс; Ә) аллитерация;  
Б) теңеу; В) кейіптеу; Г) риторикалық сұрау.

**25. Халық арасына ән болып тараған аудармалары:**

- А) «Қараңғы түнде тау қалғып», «Татьянаның хаты»;  
Ә) «Сегіз аяқ»; Б) «Көзімнің қарасы»;  
В) «Бойы бұлған», «Айттым сәлем, қалам қас»;  
Г) «Қор болды жаным».

**26. «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Одан**

**асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін**  
**ақын болған жоқ» деген сөздің авторы кім?**

- А) Шәкәрім; Ә) Ахмет Байтұрсынұлы;  
Б) Сәкен Сейфуллин; В) Мұхтар Әуезов;  
Г) Мағжан Жұмабаев.

**27. «Орынсызды айтпаған», «Арғы атасы қажы еді»,**

**«Тұл бойың ұят, ар едің» өлеңдерін кімге арнады?**



- А) Оспанға;           Ә) Ақылбайға;   Б) Әбдірахманға;  
В) Мағауияға;       Г) Мекайлға.

**28. Қай өлеңнен?** *Ойында жоқ бірінің  
Салтыков пен Толстой.  
Я тілмаш, я адвокат  
Болсам деген бәрінде ой..*

- А) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»;  
Ә) «Интернатта оқып жүр»;  
Б) «Ғылым таппай мақтанба»;  
В) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»;  
Г) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым».

**29. Лермонтовтан аударған өлеңін табыңыз.**

- А) «Евгений Онегин»;   Ә) «Шегіртке мен құмырсқа»;  
Б) «Піл мен қанден»;   В) «Жалау»;   Г) «Бақа мен өгіз».

**30. Пара беріп билікке қолы жеткен екіжүзді жемқор болыстың бейнесін «ұлы сия, ащы тілмен» өлтіре сықақ еткен өлеңін табыңыз.**

- А) «Сабырсыз, арсыз, еріншек»;  
Ә) «Түбінде баянды еңбек егін салған»;  
Б) «Ғылым таппай мақтанба»;  
В) «Көлеңке басын ұзартып»;  
Г) «Болыс болдым, мінеки».

**31. Абайдың өзі шығарған өлең-әндерінің саны қанша?**

- А) 20 шақты;       Ә) 25 шақты;       Б) 30 шақты;  
В) 35 шақты;       Г) 40 шақты.

**32. Абай Пушкиннің атақты «Евгений Онегин» романын қай жылы аударды?**

- А) 1880;   Ә) 1883;   Б) 1885;   В) 1886;   Г) 1889.

**33. Қай өлеңнен?** *Атадан алтау, Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ.*

- А) «Қор болды жаным»;   Ә) «Бойы бұлғаң»;

Б) «Сегізаяқ»; В) «Құлақтан кіріп бойды алар»;

Г) «Жазғытұры».

**34. Абайдың руы кім?**

А) Арғын; Ә) Керей; Б) Тобықты; В) Уақ; Г) Дулат.

**35. Абай «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге**

**қарсы заң ережесін» қай жылы жазды?**

А) 1885ж.; Ә) 1886ж.; Б) 1887ж.; В) 1888ж.; Г) 1889ж.

**36. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы дүние**

**жүзі халықтарының неше тіліне аударылды?**

А) 101 тілге; Ә) 105тілге; Б) 110 тілге;

В) 116 тілге; Г) 120 тілге.

**37. «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін.**

**Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің**

**барлығы – Абайдан» деп кім айтты?**

А) Шәкәрім; Ә) Ахмет; Б) Мұхтар;

В) Көкбай; Г) Қиясбай.

**38. Абай оқыған медресе:**

А) Ахмет-Риза медресесі; Ә) Медресе Мухаммадия;

Б) Медресе Рахманқұли; В) Медресе Расуля;

Г) «Ғалия» медресесі.

**39. Абай қай жылдары болыс болды?**

А)1874-1876; Ә) 1876-1878; Б) 1877-1879;

В) 1878-1880; Г) 1879-1881.

**40. Төбе би болып сайланған жылын белгілеңіз.**

А) 1880 ж.; Ә) 1881 ж.; Б) 1885 ж.;

В) 1887 ж.; Г) 1888 ж.

**41. Абай өлеңді неше жастан бастап жазды?**

А) 8 жастан; Ә) 10 жастан; Б) 11 жастан;

В) 13 жастан; Г) 15 жастан.

**42. Абай «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді**

**өлеңімді өзіме алайын» деп кімге айтты?**

А) Барлас; Ә) Байкөкше; Б) Көкбай;

В) Шөже; Г) Балта.

### 43. Қай өлеңнен?

*Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,*

*Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.*

*Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,*

*Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.*

А) «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат»;

Ә) «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»;

Б) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»;

В) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»;

Г) «Малға достың мұңы жоқ».

**44. Абай «Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар» деп нешінші қарасөзінде жазды?**

А) Екінші; Ә) Төртінші; Б) Он алтыншы;

В) Он жетінші; Г) Жиырма тоғызыншы.

**45. Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахман қай жылы қайтыс болды?**

А) 1891ж.; Ә) 1893ж.; Б) 1895ж.;

В) 1897ж.; Г) 1898ж.

### 46. Құбылтудың (троптың) қай түрі?

*Сен – жаралы жолбарыс ең,*

*Мен – киіктің лағы ем.*

А) метонимия; Ә) метафора; Б) эпитет;

В) теңеу; Г) ассонанс.

**47. Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы, қай жерде басылып шықты?**

А) 1896ж. Қазан; Ә) 1898ж. Орынбор;

Б) 1904ж. Қазан; В) 1908ж. Петербург;

Г) 1909ж. Петербург.

**48. Абайдың неше күйі бар? А) 1; Ә) 2; Б) 3; В) 4; Г) 5.**

49. Абайдың халық арасына сіңіп кеткен мақалын белгілеңіз.

- А) «Атың шықпаса жер өрте»;
- Ә) «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»;
- Б) «Алтын көрсе періште жолдан таяды»;
- В) «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті»;
- Г) «Қалауын тапса қар жанар».

**50. Қай өлеңнен?**

*Әннің де естісі бар, есері бар,*

*Тыңдаушының құлағын кесері бар.*

*Ақылдының сөзіндегі ойлы күйді*

*Тыңдағанда көңілдің өсері бар.*

- А) «Көңіл құсы құйқылжыр»;
- Ә) «Әбдірахманның әйелі Мағышқа»;
- Б) «Айттым сәлем, қалам қас»;
- В) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»;
- Г) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін».

Дұрыс жауап кілттері

Сұрақ	Әріп	Сұрақ	Әріп	Сұрақ	Әріп	Сұрақ	Әріп	Сұрақ	Әріп
1	Ә	11	В	21	В	31	А	41	Ә
2	В	12	Ә	22	А	32	Г	42	Б
3	А	13	Б	23	Ә	33	Б	43	В
4	Б	14	В	24	В	34	Б	44	Г
5	А	15	Г	25	А	35	А	45	Б
6	Г	16	Ә	26	Ә	36	В	46	Ә
7	Б	17	Ә	27	Б	37	Б	47	Г
8	Ә	18	Б	28	Ә	38	А	48	Б
9	А	19	А	29	В	39	Ә	49	Ә
10	Ә	20	Б	30	Г	40	Б	50	А

# ІЛИЯСТЫҢ «КҮЙШІ» ПОЭМАСЫ

(11-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – Ілияс шығармалары арқылы оқушыларды қазақ халқының бастан кешкен сан қилы тағдырына назар аударту, өнердің құдіреттілігіне көз жеткізу, қазақ өнерінің құдіреті мен киесін таныту; **дамытушылық** – оқушыларды ой еркіндігіне баулу, тіл байлықтарын тереңдету, мәнерлеп оқу мәдениетін жетілдіру; **тәрбиелік** – өнер адамына, еліне, тарихына, табиғатына, туған тіліне деген ыстық сүйіспеншілігін ояту.

**Түрі:** аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, пікірсайыс, талдау. **Көрнекілігі:** слайд, интерактивті тақта, ақын портреті, бұктеме. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет, музыка.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру.**

**II. Үй жұмысын сұрау.**

Үй тапсырмасын сұрау барысында ақын шығармашылығына шолу жасалады.

Тест таратылады.

**III. Жаңа сабақ.**

Күй – қазақ халқының ертеден келе жатқан аспаптық музыкасы. Халық күйшілері Қорқыт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Махамбет, Тәттімбет, Сүгір, Ықылас, т.б. халқымызға өшпес күй мұрасын қалдырды. Күй – адамның көңілін, өмірін, оның қуанышы мен мұңын, табиғат

көріністерін суреттейді. Күй домбыра, қобыз, сырнай, қылқобыз, жетіген, сыбызғыда немесе оркестрмен орындалады.

*Илияс Жансүгірұлының «Күйші» поэмасы.*

«Күй күшті тауды-тасты бұзатұғын».

Бұл сабақты ұжымдық оқыту технологиясы бойынша жүргіземін. Оқушылар жұптаса жұмыс жүргізу арқылы поэманы толық талдай алады.

Қазіргі таңда оқушылар әдеби шығарманы оқуға қызықпайды. Сондықтан бұл технологияның көмегімен поэманы толық талдап әрі оқушының есінде сақталады. Оқушылар жұптаса жұмыс жүргізген кезде бір-бірінің білімін толықтырып, өз беттерінше талдауға үйренеді.

Ол үшін сыныпты екі топқа бөлемін. 1-топ: «Күй». 2-топ: «Өнер».

Бірінші топ күйшінің алғашқы албырт сезіміне жоспар құрып, поэманы талдайды.

Бөлім	Жоспар	Поэмадан үзінді
Кіріспе	Хан сарайы. Қыз қалауы.	Қоршаған хан қасында қошеметші Даяшы төлеңгіті, би, жендеті. Ауылы Бақанастың өлкесінде, Арқадан Алатауға ауған беті. «Ордадан бұдан артық тілемеймін, Бер маған осы адамды басы бүтін...»
	Күйші халі.	«Алдияр, маған жарлық еткенің бе? Байланып басы бүтін кеткенім бе?»
	Қыз отауы.	Ақ отау іші-сырты зер кестелі...
Негізгі бөлім	Мөлдір сезім Сезім күйі.	Құмайдай түлкі қуған құлдырандап, Қырандай түлкі алатын көзі жайнап.
	Жігіт арманы.	Қыран боп көлден қағып, сілкер ме еді? ...
	Қыз арманы.	Есіл ер хан боп неге тумады екен? Қарадан неге туған, алда сорлы?

II топ

Бөлім	Жоспар	Поэмадан үзінді
Кіріспе	Ерулік.	Осы өлке қыбырлаған халық Дулат Той қылып, ерулікке бие сойып...
	Арпалысқан сезім арбауы.	Мейірімі мен дегенде мол емес пе? Өртеніп күймен бірге жансам ба екен?...
Негізгі бөлім	Оқыс жайт. Шошынған сезім.	Бір кезде қыз төсегі сылдыр етті. Апырма-ау, әлде біреу, әлде мен бе?...
	Оқыс жиын. Билер төрелігі.	Ауылы Кене ханның өре тұрған... Тентекті бермей тыныш таппаймыз деп...
	Үкім.	Көбіңе қидым, Дулат, иттің қанын....

Екі топ бірлесе отырып поэмадан қорытынды шығарады.

Бөлім	Жоспар	Поэмадан үзінді
Қорытынды	Ақылмен жеңген сезім.	Аңқылдап домбырада күй түзелді. Қара мен хан сүйегі қабыса ма?...
	Күйші тілегі.	«Алдияр» алдыңызға тілек айтам.
	Соқыр сезім. Қыз түйсігі.	Байлаған күйші көзін күй ғой кәпір Байыптап жаңа-жаңа келе жатыр... Сұлтандай сүйегімді сындырмаспын, Өзіме өз ауруым жансам-күйсем
	Жаңа күйдің дүниеге келуі.	Арманды «Азат» дейтін бір күй шертті...

Сатылай кешенді талдау.

1. Авторы: Илияс Жансүгірұлы.
2. Тақырыбы: Адалдық пен бостандық.
3. Жанр түрі: поэма.
4. Идеясы: өнерді қастерлеу.

Композициялық құрылысы:

1. Басталуы: Хан сарайы. Қыз қалауы.
2. Байланыс: күйші мен қыз арасындағы сезім.
3. Шиеленісуі: Оқыс оқиға. Дауға айналған Сапақ әрекеті.
4. Шарықтау шегі: үкім, күй құдіреті мен адам сезімінің

арпалысы.

5. Шешімі: Ақылмен тежеген сезім түйсігі. Жаңа күй.

### Әдеби теориялық ұғымдар.

Бунақ: үш бунақты

Буын саны: 11(қара өлең ұйқасы).


### Градация.

*Соқ, жігіт! Соқ! Соқ, жігіт! Күйіңді тарт,  
Лапылдап! Жандыр! Күйдір! Құмарт! Құмарт!  
Безілдет! Сарнат! Зарлат! Үздіктіріші!  
Керек жоқ! Лақтыр әрі! Қысқарт! Қысқарт!*

Бұл шумақта градацияның түйдектету де, баяулату да тәсілі бар.

### Портрет. Қыз портреті.

Адам сезіміне байланысты екі түрлі көзқарас



Қара қас, қалың қабақ керкұба қыз.  
Қара шаш, алма сағақ құралай көз.  
Алдына бір алма ағаш егілгендей,  
Кер марал жусап өрген керілгендей.

Қыз емес, мұз ғой түсі қырауытқан.  
Қыз емес, мынау тұрған – сырттан.  
Шөп желке, шолақ бұрым қотыр-қотыр.  
Жыландай жиырылған кесіртке қыз.

### Аллитерация.

*Алатау, Алтай, Арқа, Қырды, Сырды  
Аралап, қоныс таппай күй зарланды.  
Алатау күй тыңдады ауылдай боп...*



Аңқылдап алтын күрек домбырадан.

**Дисфемизм.** Қорқау, сырттан, албыртқан жындымын ба, азғырған ақымақ қып сайтан екен.

**Диалог:**

- Алдияр.
- Айт, күйшім!
- Ертең елге қайтайын!
- Тарта бер, асықпа әлі, ақын-күйшім.

**Монолог:**

Мен сорлы қай жерімнен дәмелендім?

Құмартып күндіз-түні әурелендім.

Ажалым айдаһарға айдапты ғой,

А, құдай! Тәуба! Тәуба! Тәуба дедім!

Ойшақыру стратегиясы бойынша домбырадан төгілген күйді поэма бойынша талдау.

Күйші домбырасынан төгілген күй:

1. Бостандықтан айырылған --> зарлы күй «Алдияр маған жарлық еткенің бе?»:
2. Сезімге бөленген --> тәтті күй «Саңқылдап домбырадан бір құмар күй».
3. Соқыр сезім --> ащы күй «Домбыра зарлап, сарнап күңіренген»
4. Азаттық аңсаған --> мұңды күй «Бұлқынып бүтін дене биге түсіп»:
5. Азаттық алған --> шаттық күй «Күйшімен тоқсан тарау күй де кетті»,  
Арманды «Азат» дейтін бір күй шертті:

**Поэманың тәрбиелік мәні:** өнерді қастерлеуге, сезімді ақылға жеңдіре білуге тәрбиелеу.

**Сабақты қорытындылау.** Поэма адамға үлкен әсер етеді. Қыздың өнер сиқырымен ояна бастаған табиғи тілектерін оның ақсүйектік түсінігі жеңеді.

(Сұлтандай сүйегімді сындырмаспын, өзіме өз ауруым жансам-күйсем). Сөйтіп күйшінің өнерін бағалап, бостандық береді.

Сабақ соңында ұнтаспадан қазақ күйлері орындалады.

Сабақты ақынның мына өлең жолдарымен аяқтаймын.

Күй, күйші даласымен таңырқатқан,

Мұңайып серіменен астан қайтқан.

«Жетісу суреттері» дарын жанды,

Мұқандай алыптарға мойындатқан.

Ақын – ол әрі сұлу, әрі нәзік,

Ұрпаққа шежірелер кеткен жазып.

Маржанын асыл сөздің теретіндер

Лияс поэзиясын еткен азық.

**Үйге тапсырма:** 1) «Күйші» поэмасын оқығаннан туған ой (эссе); 2) қазақ күйлерінің шығу тарихы (мәлімет жинау).



**Бақыт АХАНОВА,**  
Қарағанды қаласындағы  
№6 жалпы орта білім беретін  
мектептің мұғалімі.

## **ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ.** **«БАУЫРЛАР»**

*(5-сынып)*

**Сабақ мақсаты:** **білімдік** – өлең тақырыбы, ақынның айтар ойы, бүгінгі күнмен байланысын талдау, азаматтық тұлғасын таныту, одан үлгі алуға баулу; **тәрбиелік** – туған жерді сүю, топырағын құрметтеуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқу дағдысын, сөйлеу тілін,

дүниетанымын, шығармашылық дағдысын дамытуға жағдай туғызу. **Түрі:** шығармашылық ізденіс сабағы. **Әдіс-тәсілі:** сөздік, шығармашылық, проблемалық талдау. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, этнография, география, музыка. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, ақын кітаптары, портреті.

### Сабақ барысы.

**I. Ұйымдастыру.** Қазақ арасында кең тараған «Құстар қайтып барады» әнін қосылып айтуға шақырамын.

**II. Жаңа материалмен таныстыру.** Осы әннің авторы, қазақтың айтулы ақыны Тұманбай Молдағалиевтің «Бауырлар» өлеңімен танысып, ақынның айтар ойының өзегіне бойлап көреміз. Автор өмірінен қысқаша деректермен танысайық. Оқушы «Тұманбай ақынның өмірі» баяндамасын жазып дайындап келген.

«Бауырлар» өлеңін талдау.

«Бауыр» деген сөздің мағынасын анықтау.

**Бауыр** – 1) адамның ішкі ағзасының бір мүшесі; 2) бір ата-анадан туған балалар; 3) ауыспалы мағынада өзара жақын қандас туыстар.

Мәтінмен танысу (Бір оқушыға дауыстатып оқыту).

Талдауға арналған сұрақтар:

*Ақынның бауыры кім екен? «Кел, бауырым, несіне жүрсің жырақ?» деген сөздің мәнісін аш.*

*Неге «Қимай кеткен сол суды аталарың, Бетін жуып соңғы рет мөлдіріне» дейді? Олар қайда, неге кеткен?*

*Ақын нені мақтаныш етіп тұр? (Туының желбіреуі, күрестердегі жеңісі, Абайы, Сарыарқасы, елі сайлаған Президенті)*

*Өлеңнің тақырыбы не екен? Ақынның айтпақ ойы қандай екен? Негізгі ойды ашатын шумақтарды бөліп оқу:*

*Кел, бауырым, несіне жүрсің жырақ?...*

*Қай қияға ұшсақ та қазақ болсаң,*

*Абайыңды еске алмай жүресің бе?*

*Қазақ болып туғаның рас болса,*

*Сарыарқаға сағыныш қаныңда бар.*

*Қарсы алуға дайын тұр бауырларың,*

*Өз жеріңе бәрің де келсең көшіп...*

Ақынның азаматтық тұлғасы қандай? Өлең бойынша ақынға мінездеме беріп көр. Одан үлгі алуға бола ма? Нені үйренесің?

Өлеңнің туу тарихын білу үшін 1-тапсырманы қарап ал (1992 жылы Алматыда Дүние жүзі қазақтарының алғашқы Құрылтайы өтуіне байланысты жазылуы).

**III. Бекіту жұмыстары.** Топтық шығармашылық жұмыс.

**Тарихшылар:** Шетелдегі қандас бауырларымыз туралы еңгіменің бүгінгі күндегі жағдайын талдау үшін сөзді тарих пәнінің мұғаліміне береміз (диалог құру)

- Бауырларымыз өзге елдерге не себепті кеткен?

- Қай кездерде кеткен?

- Қазіргі күні шетелдерде қанша қазақ бар, қай елдерде көп?

- Тарихи Отанына оралғандар туралы мәліметтер бар ма?

Шетелдегі қандастарымыз туралы зерттеп жүрген демограф ғалым Мақаш Тәтімұв еңбектерімен танысуға берілген. Осы еңбек бойынша оқушының іздену жұмысын тыңдап пікірлесу.

- Қазір әлемде қанша қазақ бар?

- Қаншасы өз елімізде, қаншасы шетелде тұрып жатыр?

- Шетелдегі қандастарымыздың жағдайы қандай?

- Олар қазақ тілін біле ме? Салт-дәстүрін біле ме?

Қалай ойлайсыңдар, өзінің тілдік ортасынан жырақ жүрген қазақтардың бәрі дерлік ана тілін де, дінін де, салт-дәстүрін де ұмытпаған, мұның сыры неде дейсің?

- Әлемнің қай елдерінде қазақтар бар? Қай елде қанша?

(Шетелдегі қазақтардың өмірі суреттелген сюжет көрсету).

**Мәдениеттанушылар:** «Тарихи Отанына оралған қандастарымыздың арасында қазақтың өнеріне, мәдениетіне, т.б. үлес қосып жүргендерден кімдерді білеміз?» деген сұраққа жауап беру үшін мына әнді тыңдауға шақырамын: «Ағажай Алтай» әні.

Бұл кімнің дауысы? Әнші туралы не білеміз? (Майра Мұхамедқызы, «Ағажай Алтай» әні, Алтайдың арғы бетіндегі қазақтардың елін, жерін сағынып шығарған әнінің бірі).

Майра Мұхамедқызы – опера әншісі, Қытайдан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы шақыртуымен келген, елімізде де, шетелдерде де танымал әнші.

Мына суреттегі кім? Ол туралы не білесің? (Мұстафа Өзтүрік)

Мұстафа Өзтүрік – белгілі спортшы, таэквондодан қара белбеудің 6-шы дан иегері, Қазақстан таэквондо федерациясының негізін қалаушы, халықаралық дәрежедегі жаттықтырушы. Ол туралы 1991 ж. Қалила Омаров «Барып қайт, балам, ауылға» атты фильм түсірген.

**IV. Қорытындылау.** Ақын ағамыз «Сарыарқаға сағыныш қаныңда бар» демекші, қай қиырда жүрсе де, қазақтың Отаны, атамекені – Қазақстан. Туған жердің қадірін шет жүргенде ғана білерсің. Қазір туған жер, Отан тақырыбындағы мақал-мәтелдердің жасырылған сөздерін тауып, мағынасын ашуға шақырамын.

*Туған жердей жер болмас, ..... (туған елдей ел болмас).*  
*Сары ала қаз көлін аңсайды, ..... (адам туған жерін аңсайды).*  
*Бөтен елде сұлтан болғанша, ..... (өз елінде ұлтан бол).* *Ит тойған жеріне, ..... (адам туған жеріне тартады).* *Өз елім – ..... (өлең төсегім).* *Әркімнің өз жері – ..... (Мысыр*

шаһары). *Көлінен безген қаз оңбас*, ..... (елінен безген ер оңбас). *Отан оттан да* ..... (ыстық). *Отансыз адам* – ..... (ормансыз бұлбұл). *Өз елімнің басы болмасам да*, ..... (сайының тасы болайын). *Аққу көлінде, шегіртке шөлінде, ер жігіт* ..... (өз елінде патша).

**V. Шығармашылық жұмыс.** Бүгінгі сабақтан түйген ойыңды төрт жолды өлең түрінде немесе шағын ойтолғау түрінде ұсыныңыздар.

**Тақырыбы:** «Қайда жүрсем, туған елім...»

**VI. Үйге тапсырма:** шығармашылық жұмысты аяқтау, ақын өлеңін мәнерлеп оқу.



Элмира ХАЛЕЛОВА,  
Ақмола облысының  
Зеренді ауданының  
Мәлік Ғабдуллин атындағы  
«Зеренді» қазақ орта  
мектебінің мұғалімі.

## ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВТЫҢ «ҚАЖЫМҰҚАН» ӘҢГІМЕСІ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** а) дүниежүзілік спорт аренасына шығып, шетелдердегі жарыстарда атақ, даңққа ие болған тұңғыш қазақ Қажымұқан Мұңайтбасұлының өмір жолымен, бейнесімен, ерен еңбегімен таныстыру; ә) оқушылардың тіл мәдениетіне, ойын толық, дәлелді жеткізе білуіне жетелеу, көркем шығарманы талдай білу дағдысын дамыту; б) спортты сүйеге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

**Әдісі:** эвристикалық сабақ (баяндау, сұрақ-жауап).  
**Пәнаралық байланыс:** ән сабағы, география, әдебиет теориясы. **Көрнекілігі:** Қажымұқан суреті, фонограф, Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» кітабы (А., 1959), «Күш атасы» (естеліктер) (А., «Қазақстан», 1990), Қажымұқан өмірінен дерек беретін суреттер, «Күш атасы – Қажымұқан», «Қажымұқан – дүние жүзілік спорт аренасына шығып, шетелдердегі жарыстарда атақ-даңққа ие болған тұңғыш қазақ» деп жазылған дәйексөздер.

### **Сабақ барысы.**

**I. Ұйымдастыру:** а) оқушылардың сабаққа даярлықтарын қарау; ә) сабаққа қатынасуларын тексеру /2 мин/.

### **II. Үй тапсырмасын сұрау.**

Сынып оқушыларын алдын ала оқу қабілетіне байланысты екі топқа жіктеу. Бірінші топқа / орташа оқитындар/ «Қажымұқан» әңгімесін мазмұндауы; екінші топтың /жақсы оқитындар/ әңгіме мазмұнымен қоса ақын-жазушылардың Қажымұқан туралы естелік, өлең жырларын қатыстырып жаттауы /10 мин/.

### **III. Жаңа сабақ.**

- Балалар, бүгін біз сіздермен Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» атты әңгімесімен әрі қарай таныспақшымыз. Қалмақан Әбдіқадыров 1903 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген.

Қызылорда облысы, Шиелі ауданына қарасты «Қарғалы» кеңшарында зәулім мектепті өз қаржысына салдырған. Өзі балалық шағында жоқшылық тақсыретін көп тартқан Қалқаман «Кеңес заманында туған жас ұрпақ білім нәрімен еркін сусындасын» деп мектепті салдырған екен. Қалқаман – ақын, жазушы, аудармашы.

1941 жылдың көктемінде Қажымұқан Қалмақанның Алматыдағы Карл Маркс көшесінің 97-үйіне келіп, өзі

туралы кейінгі ұрпаққа жазуын сұрап және жазғанда да «Мені әсірелеймін деп әуреленбе, тек тәңірімнің берген бейнесін ғана жаз» депті. Сонда Қалмақан «Жазайын, аға» деп еншісіне тиген 23 күннің ішінде теңізден тамшы ғана алып қалып, «Қажымұқан» хикаятын жазған екен.

Бізге де осынау ардагер ағамыз, қазақ халқының ұлы перзенті, аты спорт тарихына алтын әріптермен жазылған Қажымұқан туралы «Қажымұқан» әңгімесіне небәрі екі-ақ сағат берілгенмен, сендерге оқулықтағы тапсырмадан басқа қосымша тапсырмалар бергенмін. Кім дайын? /5 мин/

Оқушылар жауабы тыңдалғаннан кейін Қажымұқан бейнесіне және ұлттар достығына байланысты сұрақтар бере отырып, оқушылардың өзіндік ой топшылауын бақылау:

*Қажымұқанның күштілігін қай жерден байқаймыз?*

*Шыдамдылығын ше?*

*Добрий-Рабый деген кім? Ол Қажымұқанға қандай жақсылық жасады?*

*Поддубный мен Қажымұқан туралы не айтасың?, т.б.*

Олай болса, «Осындай жойқын күштің иесі Қажымұқанның тұлғасы қандай екен?» деген сұрақ тууы мүмкін. Ол үшін қазір эпидиоскоптан көрсетілген Қажымұқанның дене бітімінің өлшемін дәптерлеріңе жаза отырып, таспадағы жазылған Сәкен Сейфуллиннің «Қажымұқан» атты өлеңін тыңдай отырып, тақтадағы Қажымұқанның бейнесін көз алдыңа бір сәтке елестетіп көріңдер.

«Салмағы – 174 кг, бойы – 185 см, кеудесінің ені 146 см, белінің ені – 173 см, санының қалыңдығы – 71 см, астыңғы және үстіңгі ерінінің әрқайсысы – 10 см.

Маңдайы жалпақ, бас терісі екі елі, үлкен қой көзді. Палуанды ерттеулі аттардың бәрі бірдей көтере бермейді екен. Көбінесе, ат жегіп, арба мінген».



Таспадан Сәкен Сейфуллиннің өлеңі тыңдалған соң

Қажымұқанның өміріне тоқталамыз:

а) Қажымұқан 1883 жылы Ақмоладағы Қараөткел ауданына қарасты Қоспа деген жерде дүниеге келген;

ә) Әкесінің өмірін әңгімелеу;

б) Қажымұқанның әлемді дүр сілкіндірген күрестері туралы;

в) Отбасылық ғұмырын сөз ету.

Сондай-ақ Қажымұқанның әншілік өнері де болған. Оның, көбінесе домбырамен сүйіп орындайтын әні «Жонып алды» екен. Қазір соны тыңдап көрейік /2 мин., таспадан тыңдату.

**IV. Қорыту.** «Қара күштің атасы» аталған алып Қажымұқан 1948 жылы 12 тамызда 65 жасында дүние салды. Жылдар өткен сайын оның ұлы бейнесі ұлғайып, заңғар күші зорайып, тұлғасы биіктей түсуде. Палуанның өзі өлсе де аты тарихта жазылып қалды.

- Балалар, сендер күрес дегенді қалай түсінесіңдер?...

- Күресе білу үшін нені білу керек ?

Ал Қажымұқан «Күрестің мәні жеңіс пен жеңіліс емес. Оның мәні алақандай аренаға шығып, көрерменнің алдында өз бақытың үшін күресуде. Қимыл – күрестің сыртқы бейнесі. Ал ең бастысы күрес адамды табандылыққа тәрбиелеп, оны қиындыққа мойымауға үйретеді. Күресті түсіне білудің өзі – күресе білуде» деген екен.

Мына бір кестеден әлем жеңімпазы, даңқты бабаның таңғажайып спорттық жетістіктерінің қысқа ғана тарихын көруге болады.

(Эпидиоскоптан палуан өміріне байланысты хронологиялық кестені көрсетіп, дәптерге жазғызу).

- Сонымен, балалар, Қажымұқан аталарындай палуан болғыларың келсе, палуандар тілі – спорт. Денсаулықтарың

шымыр болсын десендер – спортты сүйулерің керек.

«Қаласын кездім талай дүниенің,

Таныттым мен туған қазақ елін.

Үстімнен жүкті автобус жүрген уақытта,

Сонда да қайыспаған қайран белім» дегендей, өмірде белдерің қайыспайтын батыл,шымыр,еліміздің ертеңінің тірегі бола біліңдер.

**V. Үйге тапсырма:** а) «Қажымұқан» әңгімесінен теңеулерді теру; ә) Қажымұқан бейнесін жазу.



**Рита СЕЙІТМАҒАМБЕТОВА,**

Ақтөбе облысының

Шалқар ауданының

«Шілікті» ауылындағы

«Тоғыз» орта мектебінің мұғалімі.

## **МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ. «ТАРЛАНЫМ»**

**Сабақтың мақсаты:** Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы мен өмірбаянына тоқтала отырып, «Тарланым» өлеңін меңгерту; **Міндеттері:** 1) Махамбет өлеңдерінің тақырыбы, жанры және маңызы жайында айту. Исатай бейнесін таныту; 2) патриоттық тақырыптағы өлеңдерді нақышына келтіріп мәнерлеп оқу, өлеңдердегі айтпақ ойды табу; 3) елін, жерін сүйуге, патриот болуға шақыру.

**Көрнекілігі:** тұсаукесерлік слайдтар, көркем әдебиеттер, газет-журнал материалдары, ұнтаспа. **Типі:** жаңа

материалдарды меңгерту. **Түрі:** кіріктірілген сабақ. **Әдісі:** мәнерлеп оқу, сабақтастық, ой тастау, ойланту технологиясы.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка, биология.

### **Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** 1. Амандасу. 2. Біздің ұстаным: «Кімде-кім өзінің ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды». Мұхтар Әуезов сөзін хормен айту.

### **Сабақ ерекшелігін атап өту.**

#### **Қызығушылығын ояту.**

- Балалар, биылғы жыл біздің еліміз үшін несімен қымбат? Оған байланысты қандай игі істер атқарылуда?

#### **Жадыны жаңғырту:**

Сұрақ-жауап әдісі бойынша Махамбет туралы не білітіндіктерін сұраймын.

5-сыныпта өткен өлеңдерін еске түсірту.

### **Жаңа сабақ. Махамбет. «Тарланым».**

1. Оқушылар назары ақынның суретіне аударылды.

- Балалар, өршіл ақын Махамбет Өтемісұлының суреті сақталмаған. Белгілі антрополог-мүсінші Ноэль Шаяхметов 1967 жылы ақынның бас сүйегі бойынша оның бет-әлпетін қалпына келтіріп, мүсінін сомдапты. Осы қалпына келтірілген мүсіндік бюст негізінде кентаулық әуесқой суретші М.Сариев ақынның портретін жасапты. Суреттің дәлдігін мүсінші Ноэль Шаяхметов портретке жазған пікірінде растапты. Сол кезден бастап бұл сурет – көпшілік назарында.

2. 1836-1841 жылдары Батыс Қазақстандағы Бөкей ордасында болған шаруалар көтерілісі туралы тарихшы мұғалім мағлұмат айта келе, мынадай деректер келтірді:

1837 жылы 15-қарашада Нарын құмының Тастөбе мекенінде подполковник Гекке отрядымен Исатай, Махамбет

сарбаздарының қиян-кескі шайқасы басталады. Теккенің 400 солдатты, қару-жарағы мол болады. Исатай жасағы көп қырғынға ұшырайды. Исатай-Махамбеттің 60 сарбазы, бір баласы, келіні оққа ұшады. Көптеген мал-мүлік патша әскерімен хан жасағының олжасына айналады. Ерсары, Қалдыбай деген батырлар қаза болады. Осы шайқаста Исатай да қаза болады. Бұл өлең сондай жағдайға байланысты туса керек:

- 1) Өлеңді мәнерлеп оқып беру;
- 2) Өлеңнің тақырыбын анықтау;
- 3) Өлең авторына, кейіпкеріне тоқталу. Ақын шығармасында Исатай бейнесі қалай сомдалғандығы жөнінде айту (тұсаукесерлік слайдтар).

Оқулықпен жұмыс: білім алушылардың өздеріне мәнерлетіп оқыту. Өзіндік пікірлерін тыңдау.

### **Сөздікпен жұмыс:**

*Кермиық, кербез – паң, сұлу. Керіскедей – келіскен, көз тартатын, үлкен. Шандоз – асыл, ардақты. Жебе – садақ оғы. Сусар – аң. Адырна – садақтың жебесін тіреп ататын тарамысы.*

Өлеңнің негізгі стилі – монолог, арнау.

Ақынның ішкі сезіміне, толғанысына құрылған.

Өлеңнің стильдік ерекшеліктері: лепті, көтеріңкі, шалқим айтылған тұстары мол.

Бейнелегіш сөздер, айшықты сөздер байлығы:

Мысалы, *кермиығым кербезім...*

Өлеңдегі көтеріңкі көңіл күй, өршілдік, биік арман, даналық, ұлылық, ізгілікке үндеу.

Өлең негізіндегі ойлар, көтерген проблематикасы.

Исатай бейнесін жоғары бағалау, ел үшін туған ер екендігін паш ету.

**Жырдың көркемдік ерекшелігі.** «Семантикалық карта» кестесін толтыру.

Мәтіннен үзінді	Тенеу	Портрет	Риторика- лық сұрау	Аллитерация	Ассонанс
Керіскедей шандозым, Құландай ащы дауыстым, Құлжадай айбар мүйіздім!					
Тереңнен көзін ойдырған, Сұр жебелі оғына Тауықтың жүнін қойдырған. Мандайын сары сусар бөрік басқан, Жауырынына күшіген... оқ шанышқан.					
Садағына сары жебені салдырған, Садағының кірісін Сары алтынға малдырған.					
Таудан мұнартып ұшқан, тарланым, Саған ұсынсам қолым – жетер ме? Арызым айтсам – өтер ме?					
Айғайласа белдік байланған, Астана жұртын айналған, Атына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан болсам деп...					

**Шығармашылық тапсырма** (мүсіндеу). Махамбет пен Исатай бейнесіне мүсін орнату. «Әдебиет – лото» ойыны. Төмендегі сөздерді пайдаланып, тақырыпқа байланысты өлеңімізге құрастыру.

**Исатай, Махамбет, соғыс, мақсат, жау қарасы, дайындық, қамал, жүрегін оятты, қайсар батыр.**

### МАХАМБЕТ

#### ӘНДЕРІ

«Бес тайпа»

#### КҮЙЛЕРІ

«Өкініш», «Қайран, Нарын»,

«Үш тайға»

«Жорық», «Ақтабан», «Тарлан»,  
«Шілтерлі терезе», «Жұмыр қылыш».

**Музыка пәнінің мұғалімі:** - Балалар, Махамбет Өтемісұлы тек жаужүрек батыр, жалынды жыршы, от ауыз тілді ақын ғана емес, сазгер күйші де. Оның «Өкініш», «Қайран, Нарын», «Жорық», «Ақтабан», «Тарлан», «Жұмыр қылыш», т.б. күйлері бар. Күйлерінің кейбірінің алғашқы нотасынан-ақ өкінішке толы үнге бой ұрасың. «Неге өкінеді? Не қасірет көрді екен? Кімнен зәбір, кімнен жәбір көрді?» дегендей боласың. Мен емес жәбір көрген, қайырымсыздар мен әділетсіздердің зорлығына душар болған менің халқым» деп бебеулейді домбыра. Қазір сендер жоғарыда аталған «Жұмыр қылыш» күйін ұнтаспадан тыңдайсыңдар.

**«Бетпе-бет» студиясы» ойыны.** Балалар бір-біріне жаңа сабақ бойынша сұрақтар қойып, сабақты бекітеді.

**Үйге тапсырма:** өлеңді жатқа мәнерлеп оқу. «Мен таныған Исатай» тақырыбына өзіндік жұмыс. Өлең арнау, зерттеуші ғалымдар пікірін жазу, талдама жасау. Қалаған тапсырмаларын орындайды.



**Гүлжан МҰХАМБЕТЖАНОВА,**  
Батыс Қазақстан облысының  
Тасқала ауданындағы  
«Оян» жалпы орта білім  
беретін мектебінің мұғалімі.

## **ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ.** **«АНАНЫҢ АНАСЫ»**

**Сабақтың мақсаты:** 1) жазушы өмірі және шығармашылығымен оқушыларды таныстыру, білімдерін кеңейту, мәтінді әдебиет теориясына сай талдау; 2) оқушылардың

сөйлеу тілін дамыту, өз ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру, логикалық ойлау қабілеттерін, көркем сөйлей білу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, ізденуге жетелеу, өзіндік ой қорыта білуге дағдыландыру; 3) ананы қадірлей білетін білімді ұл-қыздарды тәрбиелеу, халқымыздың ұлағатты сөздерінің мәнін түсіндіру, адамгершілікке баулу.

**Түрі:** сыни тұрғыдан ойлап, іздендіру сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздену, талдау, ойқозғау. **Көрнекілігі:** сызбалар, тақырыпқа байланысты суреттер, өлең жолдары, ұлылар сөздері.

### **Сабақтың құрылысы:**

I. Қызығушылықты ояту. «Ана» сөзіне үңілу.

II. Кіріспе сөз: а) Ана – теңдесі жоқ құдірет.

ә) Бүгінгі қоғамдағы аналар.

III. Жаңа сабақ. Ғабит Мүсірепов. «Ананың анасы».

Ғабит Мүсірепов өмірінен мәлімет.

IV. Тақырып туралы толғаныс.

Әңгіме кейіпкерлері туралы ой жинақтау.

V. Топпен жұмыс: а) Сұрақ-жауап;

ә) Композициялық жоспар құру.

VI. Жұппен жұмыс: а) Тұрақты тіркестер мен афоризмдерді табу. ә) Теңеу сөздерді табу. б) Салт-дәстүрлерді табу.

VII. Жеке ізденіс жұмысы: а) Қазақтың байырғы өлшемдері; ә) Сандар сырын ашу.

VIII. Венн диаграммасы: Ананың анасы мен Жалпақ балуанды салыстыру.

IX. Бекіту сұрақтары. Зымыран сұрақтар.

X. Қорытындылау: а) Ананың алақаны әлемді әлдилейді;

ә) Әдебиет айдынындағы аналар бейнесі.

XI. Бағалау. Үйге тапсырма.


### **Сабақтың өту барысы.**

### **Ұйымдастыру:**

а) Оқушылардың назарын сабаққа аудару  
ә) Сабақтың тақырыбы, оның мақсат-міндеттерін таныстыру (Оқушылар дәптерлеріне күннің жадын, сабақтың эпиграфын жазады).

**I. Қызығушылықты ояту.** «Ана» деген сөзді естігенде ойларыңа ең бірінші қандай сөздер оралады? Сол сөздерді тақтаға жазып көрейікші.

Оқушылардың ойларын жинақтап, тақтаға топтастыру.



**II. Кіріспе сөз.** а) Ана – теңдесі жоқ күдірет.

Төлеген Айбергеновтің «Ана» өлеңінен үзінді оқу.

*Анаң саған керек болса, анаңа да сен керек,  
Кезекпенен ауысатын ғұмыр ғой бұл дөңгелек.  
Ана керек, о, адамдар, ана керек адамға,  
Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.  
Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы,  
Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы.*

Иә, Ана деген – күдіретті ұғым, күдіретті күші бар сөз. Сиқырлы да сырлы махаббаттың иесі де, сұлулық атаулының киелісі де – ана. Кім де болса сол ана деген киелі сөздің алдында кішірейеді, әулиең де, небір мықтылығымен ғаламды ауызына қаратқан билеушілер де ұлы ананың алдында тізе бүккен!

Кешірімшіл жүрегін қолына ұстап, жалындап жанып тұрған отқа да түсетін, ағынды суға да ағатын, құлындаған дауысы көкке жетіп, боздағын жоқтайтын да, ағынан



жарылып қуанатын да – Ана! Ана – жер бетіндегі ең қымбат, ең асыл жан. Ананың құдіреті неге болса да жетерлік. Ананың аяулы алақаны мен мейірлі жүрегіне тең келетін ештеңе жоқ.

ә) Бүгінгі қоғамдағы аналар.

*«Табиғат әйелге былай дейді: қолыңнан келсе сұлу бол, қаласаң дана бол, ал саналы, ақылды болуға міндеттісің»* (П.Томарин).

Иә, ана – адамзатқа нұрлы өмір мен таусылмас бақыт сыйлайтын абзал жан. Асыл да қымбат аналардың орыны әрқашан да бөлек. Бүгінгі жасампаз өміріміздің қайта буынынан болса да әйел-ана, әйел-еңбеккер, ана қайраткер, басшыларды көптеп кездестіруге болады.

Мұқағали Мақатаев *«Білесің бе?»*

*Жыр жазу – маған қайғы,*

*Мысалы, Анам жайлы.*

*Сөзбенен сурет салып, ой түйсем де,*

*Анамдай бәрібір ол бола алмайды»* дейді. Иә, ақын адам баласында ең қасиетті тұлға ана екендігін айтады. Ол туралы қанша жыр жазса да, сүйкімді бейнесі толық шықпай қала ма деп күмәнданады. Ал Ана тақырыбын ештеңеден сескенбестен, анық та ажарлы етіп, өз шығармаларына сүйікті бейне ретінде оқырманына таныта білген – көркем сөздің зергері Ғабит Мүсірепов болатын.

*«Біздің жұртшылық аса жоғары бағалайтын Мүсіреповтің шығармалары адамның сезімін, көңіл күйін, мінез құбылысын, аңсау-арманын ақындықпен сипаттайды»*

Мұхтар Әуезов.

Ғабит Мүсірепов өмірі туралы қысқаша шолу

**III. Жаңа сабақ.** Бүгін әңгімеміз сол **«Ананың анасы»** әңгімесі туралы өрбиді. (Оқылатын әңгіменің көлемі шағын болғандықтан мәтінді үйден оқып, мазмұнымен танысып

келу тапсырылған болатын).

**IV. Тақырып туралы толғаныс.** Әңгіме кейіпкерлері туралы:

1. Ананың қандай қасиеттерін ерекше бөле-жара айтар едің? (Ананың батылдығын, қайсарлығын, өжет қасиеттерін ерекше айтар едім).

2. Ана бейнесін жасай отырып жазушы не айтпақшы болған? (Бас бостандығынан айырылып жолға түскен торғайдай болған ана тағдыры мен батылдығын, қажымас қайратын көрсеткен).

**V. Топпен жұмыс.** Жетелеуші сұрақтар арқылы оқушылардың жүйелі жұмыс істеуіне жағдай туғызылады:

А) Әңгімеден, кейіпкерлерден басқа нендей суреттер байқадыңдар?

(Жаз мезгілі, шаңқай түс, балалар, әңгімеші қарт).

Ә) Әңгіме қалай басталып, қалай аяқталады?

(Соқыр қарт Әйтілестің әңгімесінен басталып, Жалпақ балуанның Ана мен қызына бостандық беруімен аяқталады).

Оны әдебиет теориясында шығарманың композициясы дейді.

**Композиция** (латынша composite – құрастыру, қиыстыру) – көркем шығарманың құрылысы.

Оқушылар оқиғаның **композициялық жоспарын** құрады.

**Басталуы** (оқиға орыны суреттеледі).

Соқыр қарт Әйтілестің әңгімесі.

**Байланыс** (негізгі оқиғаның туындау себебі).

Жалпақ балуанның Ергенекті елін шабуға аттануы.

**Дамуы** (адамдардың өзара қарым-қатынасынан туған жағдай).

Барымта. Тезек арқалаған жас қызды олжалау.

**Шиеленіс** (әр алуан жағдаят).

Жылқышының мерт болуы. Қыз анасының әрекеті.

**Шарықтау шегі** (ең жоғарғы саты).

Ананың күдіреті. Кейкінің үкімі.

**Шешімі** (соңы).

Жалпақ балуанның Ана мен қызына бостандық беруі.

**VI. Жүппен жұмыс.** Әңгімедегі сөз айшықтарын таныту. Жазушы шеберлігіне тән әдіс-амалдарды таныту жұмыстары.

1-қатардағы оқушылар: Мәтіннен тұрақты тіркестер мен афоризмдерді табу.

**Тұрақты тіркес** – сөздердің орыны әбден қалыптасқан және құрамындағы сөздерден басқа мағына беретін тіркес.

**Афоризм** – мағынасы терең, ойды қысқаша білдіретін, мақал-мәтелге ұқсас, айтуға оңай сөз тіркесі. Мысалдар:

1. Соның суық ызғары табанымнан, қара таңбасы маңдайымнан әлі кеткен жоқ.

2. Сай сағалап, өзен жағалап жүретін төрт үйлі бір ауыл болыпты.

3. Білектің күшін, найзаның ұшын не күшті теңдеске, не иығы теңдеске жұмсаған жоқсыңдар.

4. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес пе еді?

5. Құлынға қосақтап қызымды әкетіп барасыңдар.

6. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмаймын.

7. Сен көзімнің оқырасын алып, шымылдығын аштың.

8. Түйілген қабақ, от жанған көз.

2-қатардағы оқушылар: Мәтіннен теңеу сөздерді табу. Теңеу деген не?

**Теңеу** – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі.

Етектей сақал, іркіт сабасындай, жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, құйған пештей, оқтаудай ойнап, киіктей орғып, ұршықтай ойнап, бөкендей бүктетіліп,

түйгіндай түйіліп, жүлдыздай ағып.

3-қатардағы оқушылар: Осы әңгіме мәтінінде кездескен қазақтың салт-дәстүрлерін айтындар.

Сауға, сүндет той, ат шабыс, балуан күрес, бәйге, қыз алып қашу, екі тайға теңдеп алып жүру, қыз ұзату, той жасау, қызды сатып алу.

## **VII. Жеке ізденіс жұмысы. Халық тағылымы.**

Тапсырмалар: 1. Қазақтың байырғы өлшемдерін табу.

**Жалпақ жаз** – мезгіл, тамыз уақыты. **Шаңқай түс** – сағат 2 шамасы. **Қоңыр іңір кезең** – мезгіл, қас қарайып, түн болған кез. **Күн найза бойы көтерілген** – ұзындық, найза бойымен шамалас өлшем. **Қозыкөш жер** – қашықтық, жақын деген мағынада. **Жарты көш шыққан кез** – қашықтық, одан да жақын деген мағына.

2. *Сандар сырын ашу.*

### **9 санына байланысты.**

...күл бастатқан тоғыз, ... күң бастатқан тоғыз.

**Тоғыз жау.** Жаман болса жақын жау, шайпау болса қатын жау, шабан болса атың жау, тартыншақ болса түйең жау, тебеген болса биен жау, күнде келсе күйеу жау, жымысқы болса жиен жау, тіл алмаса ұлың жау, арсыз болса қызың жау. (Бапан би).

**40 санына байланысты** ...сақадай сайланған қырық жігіт, ... еріні қырық тілінген, жарық-жарық.

Баланы қырқынан шығару, қырық қасық су, өлген адамның қырқын беру, ертегілердегі қырық уәзір, тазшаның қырық өтірігі, қызға қырық үйден тыйым, қырықтың бірі – қыдыр, Құртқаға қырық түйе қазына, қырық күл, қырық күн беру, Тайбурылға қырық күн қулықтың сүтін емізу, т.б.

**47 санына байланысты** ...қырық жетіні қырқа матап беріп отырған қалыңдығынды бергенсің...

**Қалыңмал.** Қырық жеті малдың саны емес, ол қырық

рет (40\*7=280) апта дегенді білдіреді. Бұл сәбидің ана құрсағында тоғыз ай тоғыз күндей болу мерзімі. (40,7 қасиетті сандар).

**ЕР ҚҰНЫ.** ...Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес пе еді, оның құнын қалай өтейсіңдер?

«Жеті жарғыда» ер құны 100 түйе немесе 2000 сом (алтын - күміс) бұл ұсақ малға шаққанда – 1000 қой.

**VIII. Венн диаграммасы.** Әңгіме кейіпкерлері Ана мен Жалпақ балуанның өзіндік ерекшеліктерін салыстыру.

Ананың анасы	Ортақ	Жалпақ балуан
Бейшараның боз көйлегі жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара. Еріні қырық тілінген, жарық-жарық. Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Қырық жігітті билеп әкететін күдіретті күш иесі. Сонар дегеннің қызы. Әйелдің әйелі, өр мінезді, ер, батыл.	Ергенекті елінің құрбаны.  Еріксіз жан-дар.  (Бірі – батыры, бірі – қатыны)	Жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей. Астында сары қасқа аты бар. Бала бидің батыры, балуан.  Қалыңдығынан айырылып қалған намысшыл батыр. Ақылды.  Сөзге тоқтамшыл.

**IX. Бекіту жұмыстары:** Зымыран сұрақтар:

1. Аппақ, ақ қарбас, етектей сақалын балуан бармақтарымен сипалап отырған кім? (Әйтiлес қарт).
2. Оның әңгімесін тыңдаушылар кімдер? (Балалар, саудагер Рамазан, молда).
3. Бала бидің батыры кім? (Жалпақ балуан).
4. Оның шабуға барған елі (Ергенекті).
5. Ергенекті елінде Жалпақтың қандай құнды дүниесі бар? (Қалыңдығы).
6. Жалпақ балуанның қасында қанша жігіт бар? (Қырық жігіт).
7. Батырдың тілегі не? (Жауға кездесу).
8. Бидің тілегі не? (Жылқыға кездесу).
9. Әңгімеде батылдығымен, ақылымен көзге түскен кім? (Ана, әйел).

**X. Қорытынды.** Ананың алақаны әлемді әлдилейді.

Иә, Ғабит Мүсірепов ана тақырыбында жазылған

әңгімелерімен қазақ әдебиетіне жаңа леп, көркемдік өрнек әкелді. Оның Аналары қайсар, төзімді, қажыр-қайратты мінезімен оқырман есінде ұмытылмастай орын алуда.

Ардақты ана, абзал арулар туралы күн сайын қаншама жаңа жырлар, әсем әндер өмірге келуде. Ана туралы толғанбаған ақын-жазушылар болмас. Қайраткер аналар қатарынағы Төле бидің келіні Данагүлді, Шыңғыстың анасы Айғанымды бүкіл қазақ елі үлгі тұтқан.

Сонымен қатар, әдебиет айдынындағы мынадай аналар бейнесін, олардың баласына деген махаббатын қаламгерлеріміз былай сомдаған.

*«...Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейін десең, әйелдің халін түзе!»*

**Мұхтар Әуезов.** «Адамдық негізі – әйел».

*«Мәңгүрт болса да – перзентім»*

**Шыңғыс Айтматов.** «Найман-Ана».

*«Қазір, ботам... Мінеки, таң атады...*

*Қазір, ботам, аққумен ұшықтаймын.*

*Жазыласың, құлыным, балапаным!»*

**Мұқағали Мақатаев.** «Аққулар ұйықтағанда»

*«Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,*

*Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?»*

**Міржақып Дулатов.** «Шешенің балаларын сүюі».

Иә, Ана тақырыбы – ғасырдан ғасырға жалғаса беретін сарқылмайтын бұлақ. Әркім өз қалауынша жазбақ.

**Әңгіменің тақырыбы:** ана махаббатының жеңімпаз күш-қуаты. **Идеясы:** адамдықты, әділдікті, рақымды, бейбітшілікті сүю.

**XI. Бағалау.**

**XII. Үйге тапсырма:** Ғабит Мүсіреповтің ана тақырыбындағы басқа да әңгімелерін оқу, олардың ортақ идеясын табу; осы әңгімемен салыстыру.

## ДЖЕК ЛОНДОН. «МЕКСИКА ҰЛЫ»

(6-сынып)

**Сабактың мақсаты:** білімділік – жазушының өмірінен мәлімет беру, әлем әдебиетінен білімдерін кеңейтуге ықпал ету, әңгіменің тақырыбы мен идеясын ашу; **дамытушылық** – өз бетімен ізденіс жұмыстарын жасауға баулу, өз пікірлерін айтуға дағдыландару, ойлау, жүйелі салыстыру қабілеттерін, шеберліктерін жетілдіру; **тәрбиелік** – басты кейіпкердің еліне деген шексіз махаббатынан үлгі алуға, адамгершілікке, адамдық сүйіспеншілікке, салауатты өмір салтын ұстануға баулу, азаматтық, гуманистік қасиеттерді дарыту, халқына адал қызмет етуге тәрбиелеу. **Түрі:** сыни тұрғыдан ойлау. **Типі:** жаңа материалды меңгерту. **Әдісі:** талдау, түсіндіру, жинақтау. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайд, компьютер.

**Күтілетін нәтиже.** Джек Лондонның шығармасы туралы толық мағлұмат алады. Отансүйгіш, патриоттық рухы биік тұлға қалыптасады. Спорт саңлақтарынан үлгі алып, салауатты өмір салтын ұстанады. Адами қасиеттері қалыптасады.

**Сабак барысы.**

**I. Қызығушылықты ояту. Көңіл ашар.**

Күлімдеп күн бүгін,

Қарады маған да.

Күлімдеп күн бүгін,

Қарады саған да.

Шуақпен нұр төгіп,

Көңілді кетті көтеріп. (қайталайды)

Рахмет. (3 рет қол шапалақтау).

**Үй тапсырмасы. «Жуан-жіңішке сұрақтар»**

**стратегиясы:**

1. Манас жырындағы Қазан дәудің мінген аты (Қарагер).

2. Көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қойыңыз:

Құлағы темір..... *Құтан дәу*

Маңдайы темір ..... *Мәңкүш дәу*

Кіндігі темір ..... *Кітен дәу*

Қарагер мінген..... *Қазан дәу*

Қайшы құлақ..... *Қабан дәу*

3. Жырдағы Жақып пен Ақбалта образдарына

салыстырмалы мінездеме беріңдер.

4. Манас жырын кімдер зерттеген? (Шоқан Уәлиханов

пен Мұхтар Әуезов).

**II. Мағынаны тану. Сабақ эпиграфы.**

Ұлттық намыс – ұлттың бойындағы қасиеті және бұлжымайтын қағидасы. Өз ұлтын құрметтей білмеген, оны мақсат ете алмаған адам – сөз жоқ тексіз, бұралқы адам. Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, өзінің мемлекетіне тәуелділігін түсіну, «мемлекеттің нығаюы – жеке адамның да нығаюы» екенін мойындау.

**Бауыржан Момышұлы.**

**Көрнекілік стратегиясы.**

(Экраннан бокс қолғабы, жалаудың суреттері шығады).

- Балалар, мына суреттерден сіздер не көріп отырсыздар?


Бүгінгі сабаққа қандай қатысы бар деп ойлайсыздар? Осы суреттерге қарай отырып мәтін құрастырамыз.

Бүгінгі біздің тақырыбымыз бокс туралы болмақ.



Бокс туралы түсінік беру.

## Топтастыру



Джек Лондон барлық шығармаларында жеңіл олжаға құнығушылықты, тек ақшаға ғана табынатын буржуазиялық қоғам салтын әңгімелеген, ондағы адами құндылықтар бағаланбайтындығын жіті аңғарған. Онда тек адамдар «жеушілер мен желінушілер» деп бөлінетін хайуандық заңдар үстемдік ететіндігін өзінің шығармаларында арқау еткен.

Экранға назар аударайық. Бүгінгі өтетін тақырыбымыз Мексика еліне тығыз байланысты болғандықтан, ең алдымен, ол ел туралы тарихи мәлімет алайық.

Жоспар:

**Тарихи шолу: «Мексика елі».**

Бөрі ауызына тасталған жетім лақ.

Жаңа сабақ кезеңге бөлініп түсіндіріледі.

Бағытталған оқу. «Болжалдық» стратегиясы.

Электронды оқулықпен жұмыс

## Композициялық жоспар

Р/с	Әңгіменің композициялық элементтері	Композициялық жоспар	Әңгіменің көркемдік әдіс-тәсілі
1	Оқиғаның басталуы.	Мексика елінің ауыр тұрмысы Ривераның жетім қалуы, ерлікке деген ұмтылыс.	Баяндау, суреттеу.

2	Оқиғаның байланысы	Азулы американдық Дэннимен боксқа шығуы, психологиялық майдан	Баяндау, диалог
3	Оқиғаның дамуы	Көрермендердің, Роберттің Ривераны қабылдамауы	Баяндау, суреттеу, диалог.
4	Оқиғаның шиеленісуі	Дэннидің соққысы, әлсіреген Ривера	Суреттеу.
5	Оқиғаның шарықтау шегі	Майкл Келлидің сөзі, қайтадан күш алуы	Баяндау, суреттеу, диалог.
6	Оқиғаның шешімі	Он жетінші раундтағы Ривераның ерлігі, жеңіске жетуі, елге деген сүйіспеншілік, құрмет	Баяндау, диалог.

### Семантикалық карта

Кейіпкер сөзі	Ривера	Дэнни	Роберт	Келли	Спайдер Хонерти
Қазір сенің кеудеңнен жаныңды суырып аламын.		+			
Жасқанба, Ривера, ол сені өлтірмейді			+		
Мен көп ақша ұтқызамын... бала сені тыңдайды ғой бір амалын жаса				+	
Бәрібір ұтыласың, төреші саған жеңісті бермейді. Одан да Келлидің ақылын ал, құла да тұрма!					+

Шайтан алғыр,  
мына қалжыңныңды  
доғар! Жеңіл, Ривера,  
болашағың үшін мені  
тыңда! Бүгін сен  
жеңілуге тиістісің!

+

**III. Толғаныс. «Ішке-сыртқа» стратегиясы.** (Екі бағанды толтыру, жағымды қасиеттерді қабылдау, жағымсыз қасиеттерді шығарып тастау).

Ішке	Сыртқа
Ривераның төзімділігі	Дэннидің үстемдігі

**Электронды тестіні орындату:**

1. Джек Лондон қай елдің жазушысы?

А) Ресей; Ә) Англия; Б) Франция; В) Америка.

2. Дэнни Уорд не үшін айқасады?

А) Елі үшін; Ә) Ақша үшін;

Б) Мексика елінің азаттығы үшін;

В) Жауаптардың бірі де дұрыс емес.

3. Адамдардың мүрдесі қайда жөнелтілді?

А) Тынық мұхитына; Ә) Гуадалпе;

Б) Веракруске; В) Ревилья-Хихедо.

4. «Мексикалықтың соққысы неткен күшті?». Кімнің сөзі? А) Дэнни; Ә) Келли; Б) Роберт; В) Спайдер Хочерти.

5. *Аппақ терісі жып-жылтыр, ширақтық пен серпінділік, күш-қайрат тұла бойына сыймай тұрғандай.* Бұл кімнің портреті? А) Ривера; Ә) Роберт; Б) Келли; В) Дэнни.

6. Шабуылда сол қолымен қағу әдісін қолданған кім?

А) Дэнни; Ә) Ривера; Б) Келли; В) Роберт.

7. Ең алғаш рет бокс қай елде ұйымдастырылды?

А) Грекия; Ә) Америка; Б) Ресей; В) Мексика.

8. Қазақстанның бокстан Сидней олимпиадасының жеңімпаздары: А) Мұхтархан Ділдәбеков;

Ә) Дәулет Тұрлыханов;

Б) Бекзат Сағтарханов, Ермахан Ибраһымов;

В) Бақтияр Бейсейітов, Бақыт Сәрсекбаев.

9. Бокстан Лондон олимпиадасының жеңімпаздары:

А) Серік Сәпиев; Ә) Әділбек Ниязымбетов;

Б) Бақыт Сәрсекбаев; В) Мұхтархан Ділдәбеков.

10. Ривераны жеңіске жетелеген қандай күш?

А) Ақшаға деген құмарлық;

Ә) Жеңіл өмірге қызығушылық;

Б) Туған еліне деген махаббат;

В) Мансапқа қызыққандықтан.

Жауап кілттері: В, Ә, Б, А, В, Ә, А, Б, А, Б.

Бағалау сипаты: «5» - 9,10; «4» - 7,8; «3» - 5,6; «2» - 1-4.

**Үйге тапсырма:** 1) Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» шығармасымен салыстыру. 2) «Туған елдің мақтаныштары» /эссе жазу/.

**Бағалау.** Сабақтың кезеңдері бойынша оқушылардың жауап беру деңгейлеріне қарай бағалау.



Саламат ТАУБАЕВ,  
«Жамбыл облысы әкімдігінің  
білім басқармасының  
№12 «Тараз» колледжінің  
мұғалімі.

## АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыға Абайдың өлеңдерінің мазмұнын меңгерту, адам мен табиғат

арасындағы байланыс туралы түсінік беру; **дамытушылық** – оқушының мәнерлеп оқу дағдыларын, лирикалық өлеңдерді талдау шеберліктерін дамыту; **тәрбиелік** – балаларды адамгершілікке, алғырлыққа, ақындыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** ізденіс сабағы. **Әдісі:** проблемалық оқыту. **Көрнекілігі:** тірек сызбалар, үлестірмелі қағаз, Абай портреті, кітап көрмесі, сабақтың дәйек сөзі жазылған плакат.

### **Сабақтың барысы.**

#### **Ұйымдастыру.**

«Абайды тани алмаған қазақ дүниені де танып жарытпайды». Нұрсұлтан Назарбаев.

#### **Үй тапсырмасын сұрау.**

1. Абайдың аудармалары. 2. Абай және Батыс әдебиеті. 3. Лермонтов пен Абай. 4. Татьянаның қырдағы әні.

### **III. Жаңа сабақ**

- Оқушылар, біз бүгінгі сабағымызда Абайдың табиғат лирикасымен танысамыз. Біз бүгінгі сабақта «Адам-Табиғат-Қоғам» проблемасын шешуіміз қажет.

Абайдың табиғат тақырыбына арналған өлеңдерінде адам-табиғат-қоғам үндестігі қалай көрінеді, қалай байланысқан? Міне, осы проблеманы шешуіміз керек.

Сынып оқушылары үш топқа бөлініп жұмыс жүргізеді. Әр топ өз тобын таныстырып, топ атының бүгінгі сабаққа байланысын ашады. Сол үш топқа қатысты өз тапсырмалары беріледі.

Әр топ басшысы өз тобын таныстырады.

#### **I бөлім – «Ақын-жазушы» тобы:**

Ақынды ақын оятпаса болмайды,  
Ақынды ақын таяқтаса, ол – қайғы.  
Ақынды ақын сүйемесе болмайды,  
Ақынды ақын күйелесе, ол – қайғы.

«Жаз», «Жазғытұры» өлеңдерінің шығу тарихымен таныстыру. Өлеңді мәнерлеп оқу, мазмұнын түсіндіру, адам-табиғат-қоғам үндестігін табу.

«Жаз» өлеңінің шығу тарихы туралы оқушы айтып береді.

### «Абай» тобы:

Парасаты басым туған –

Шыңғыстаудың Абайы.

Ән мен жырын мұра қылған –

Сарыарқаның Абайы.

«Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай», «Күз» өлеңдерінің шығу тарихын айту, мәнерлеп оқу, мазмұнын түсіндіру, адам-табиғат-қоғам үндестігін табу.

### «Мұхтар» тобы:

Бала Мұхтар Абай рухымен ержетті. Ал кейін барлық өмірін Абайға арнады. Абай арқылы әлемге қазақ деген халық барын танытты.

«Қыс», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің шығу тарихымен таныстырады, өлең мазмұнын түсіндіреді, адам-табиғат үндестігін табады.

### II бөлім. «Ойды шақыру» стратегиясы.

Параққа әр топқа өлеңнің бір жолы жазылады, әр топтан бір-бір оқушыдан өлеңді жатқа айтып жалғастырады.

#### I топқа.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан

.....

#### II топқа.

Жаздыкүн шілде болғанда

.....

#### III топқа.

Қансонарда бүркітші шығады аңға

.....

### III бөлім. Кестені өрнекте.

**I топ**

Тақырыбы	Табиғат пен қоғам арасындағы байланыс
«Жазғытұры»	Халық тұрмысын, салт-санасын табиғат көріністерімен астастыра бейнелейді

**II топ**

Тақырыбы	Табиғат пен қоғам арасындағы байланыс
«Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай»	Дала күзінің жүдеу бейнесін халықтың әлеуметтік теңсіздігімен байланыстырады.

**III топ. «Қонсонарда бүркітші шығады аңға»**

	Сұрақтар	Жауаптар
1	Аңшылық өнеріне байланысты қандай аң-құстарды білесің?	Бүркіт, қаршыға, тұйғын, ителгі, сұңқар.
2	Аңшы болу үшін не керек?	Тұлпар ат, қыран құс, жүйрік тазы.
3	Аңшылық кәсіп пе әлде өнер ме?	Аңшылықты қазақ қоғамында тұрмыс-тіршілік үшін де қолданған. Аңшылық – өнер.
4	Бүркіт туралы қандай мақал-мәтел білесің?	Қыран ұясын қияға салады.

Ақын жыл мезгілдеріне арналып жазылған өлеңдерінде («Күз», «Қыс», «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай») қазақ ауылындағы әлеуметтік қайшылықтарды терең аша түседі.

Сауаттылық хат.

Әр топтан топ басшысы «Абайдан алған білімім» атты тақырыпта хат жазу (2 мин).

**Ұлылар үндестігі.**

**Венн диаграммасы бойынша Абай мен Мұқағали үндестігін анықтап, кестені толтыру.**

Желсіз түнде – жарық  
ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.  
Ауылдың маңы –  
терең сай,  
Тасыған өзен гүрілдеп.

Ұялып барады өтіп бұлақ бала,  
Бұйығып үн қатпайды жылап  
кана.  
Баланың маңдайынан  
сипалаған  
Дірілдеп айдан тамған шуақ  
кана.

**Қорытынды.** Біз бәсекелестікке лайықты ұрпақ болуымыз үшін Абайша білім алып, Абайша ойлауымыз, Абайша өмір сүру қажет деп ойлаймын.



Тұрсын ШҮКІРБЕК,  
Астана қаласындағы  
№63 орта мектептің мұғалімі.

## СӘБИТТІҢ «САЯТШЫ ОРАЗ» ӘҢГІМЕСІ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Сәбит Мұқановтың шығармашылығы туралы жан-жақты білім беру, тақырыпты меңгерту; **тәрбиелік** – табиғатты аялай білуге шақыру, ынтымақ пен бірлікті, адамгершілік қасиеттерді бағалай білуге үйрету; **дамытушылық** – ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, шапшаңдыққа баулу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сын тұрғысынан ойлау, кубизм әдісі, тест, салыстыру, өзін-өзі бағалау. **Пәнаралық**



**байланыс:** география, музыка. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, жазушының портреті, Есіл өзенінің, саятшының суреттері, алты қырлы кубик.

### **Сабақ барысы.**

**I. Ұйымдастыру.** 1. Оқушылармен амандасып, олардың сабаққа қатысымын тексеру. 2. «Менің тілегім...» /оқушылар тілегі/. 3. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

### **II. Қызығушылықты ояту.**

Сәбит Мұқанов кім? Ол туралы біздер не білеміз? «Есіл бойында» әңгімесінің тақырыбы не? Әңгіменің кейіпкерлері кімдер? «Есіл тасып барады» әнінің тарихын білеміз бе?

### **III. Кубизм әдісі.**

**Суреттеңіз.** Есіл өлкесінің көрінісін жазушы тілімен берілген пейзаж арқылы суретте.

**Салыстырыңыз.** «Есіл бойында» әңгімесін Жүсіпбек Аймауытұлының «Әнші» әңгімесімен салыстыр.

**Қолданыңыз.** «Есіл тасып барады» әнінің тарихынан әңгіме құрастырып айт.

**Дәлелдеңіз.** Мырзатай орындаған әндердің әсерін әңгімеге сүйене отырып әңгімеле.

**Қарсы шығыңыз.** Әңгіме кейіпкерлерінің «Халық әндерінің сөздері әр пікірден құралған қойыртпақ» деген пікіріне мен...

**Зерттеңіз.** Есіл өзенінің географиялық орынын зерттеңіз.

*Қазақ сахнасының саңлақтарына айналған «Музарт» триосының «Есіл ағады» әнін тыңдайық.*

### **IV. Жаңа сабақ.**

Сәбит Мұқанов. «Саятшы Ораз» («Өмір мектебі») өмірбаяндық трилогиясынан үзінді).

### **Жаңа сабақтың жоспары:**

1. Жазушының есінде қалған жалғыз адам – саятшы Ораз;
2. Ораздың Мұқанның үй ішіне көмек көрсетуі;

3. Ораздың аңшылығы, адамгершілігі;

4. Шығармадағы көркемдегіш құралдар.

### *Сөздік жұмыс:*

**Саятшы** – құсбегі, құс баптаушы. **Сауға беру** – ақысыз беру, садақа беру. **Поселке** – шағын ауыл. **Шілік** – төрт түлік мал сүйсініп жайылатын өсімдік. **Ителгі** – Қазақстанның барлық өңірінде кездесетін биік ағаштар мен құздарда өмір сүретін бүркіттің бір түрі. **Қаршыға** – өте алғыр құс, қарғадан көлемдірек. Қазақстанда Алтай, Алатау тауларының бөктерлерінде мекен етеді. **Тұйғын** – қанаты қысқа, құйрығы ұзынырақ қаршығаның бір түрі. Ұсақ аңдар мен құс аулауға өте ыңғайлы.

### *Мәтінмен жұмыс.*

- Қане, балалар, енді мәтіннен көркемдегіш құралдарды табайық.

**1) Портрет – шығарма кейіпкерлерінің сыртқы түр-тұлғасын суреттеу.** Орта бойлы, кең жауырынды, төстік кеуделі, мұрынының екі жақ сайынан басқа бетін түгел жапқан, ұзындығы кіндігіне түсетін қалың ақ сақалды, кішірек келген дөңестеу мұрынды, ойнақылау келген дөңгелек қара көзді, желкілдеген ұзын ақ қасты, кең маңдайлы, әжімсіз қызыл-күрең кескінді, ықшам сыртқы киімдерін шалбарланып алатын, кең шалбарының балағын ішіне сала қонышын тізеден ысыра етік киетін, беліне қазақша кісе буынатын, кісесінің төңірегінде мылтықтың оғын, дәрісін, тазалайтын саймандарын салатын салпыншақтары көп, кішігірім тебінгідей оқшантайлы, сол жақ бүйірінде қынды ұзын кездігі салбырап жүретін, арқасынан асынған шиті мылтығы түспейтін адам...

**2) Пейзаж – жазушы шығармада табиғатты барынша көркем суреттеуі.** Біз көшіп барған ауыл қыстауының ұзын тұрқы батыстан шығысқа қарай созылған биік дөңнің қырқа

жотасында. Жотаның ұзындығы төрт-бес шақырымдай, қапталының кеңдігі екі-үш шақырымдай. Осы жотаның батыс пен шығыс жағын және екі жақ қапталдығын жаба өскен қалың ну ағаш. Ағаштары – түп-түгел қайың мен терек. Ауыл қалың ағашты қырқа жонның арасында тұрады. Төбеден жауған қар болмаса, қысты күні қалың ағаштан бұл ауылға боран беттей алмайды. Қырқа жонның нақ биігінде сай бар, көктем кезінде бұл сайда аттың бауырлығынан келерлік су жатады да, төңіректей қалың ағаш өскен ауыл осы сайда дөңгелене орналасқан.

**3) Кейіпкерлерге мінездеме.** Сүлеймен – орта дәулетті, сараң адам.

Ораз – жалғыз оқты шитімен ататын мерген, қыс бүркіт, жаз қаршыға мен түйғын салумен айналысқан құсбегі, өзінің олжасын елмен бөлісе білетін қайырымды жан.

- Балалар, саятшылық деген не?

Саятшылық – қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық өнерінің бірі. Құсбегілікпен, яғни, қыран бүркіт асыраумен, баптаумен айналысу өнері.

Аңшылық туралы қандай шығармаларды білеміз?

Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін кім жатқа айтып береді.

Концептуалдық кесте

Кейіпкер	Өмірге деген қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға

**Ойтолғаныс.** Бес жолды өлең.

**Зат есім (кім?):** саятшы.

**Сын есім (қандай?):** әзілқой, жайдары.

**Етістік (не істеді? Не қылды? Қайтті?):** құс салды, аң аулады, сауға берді.

**Синоним:** құсбегі.

**Сөйлем құра:** Саятшы Ораз есін білгелі қыс бүркіт салудан, жаз қаршыға мен тұйғын салудан қол үзбеген.

**V. Тест (сабақты бекіту).**

**1. Сәбит Мұқанов неше жасынан бастап өлең жазды?**

а) Он жеті; ә) Он сегіз; б) Он тоғыз.

**2. “Есіл бойында” әңгімесіндегі әнші жігіттің аты кім?**

а) Мұратбек; ә) Мырзатай; б) Бекберді.

**3. “Саятшы Ораз” әңгімесіндегі басты кейіпкер немен шұғылданады?**

а) Балық аулаумен; ә) Тері илеумен; б) Құсбегілікпен.

**4. Ораз құс салумен қай жыл мезгілінде айналысады?**

а) Жазы-қысы; ә) тек жазда; б) Тек қыста.

**5. Ораз өзі аулаған аң терілерін не қылады?**

а) Сатып пайда қылады;

ә) Сауғаға береді;

б) Тұрмысқа пайдаланады.

**6. Сәбит Мұқановтың көлемді еңбегін белгіле.**

а) “Өмір мектебі”; ә) “Көксерек”; б) “Саятшы Ораз”.

**Тесттің дұрыс жауаптары:**

1. б; 2. ә; 3. б; 4. а; 5. ә; 6. а.

<i>Бағалау реті</i>		
<i>«5»</i>	<i>«4»</i>	<i>«3»</i>
<i>5-6 жауап дұрыс болса.</i>	<i>4 жауап дұрыс болса.</i>	<i>3 жауап дұрыс болса.</i>

**VI. Үйге тапсырма:** «Саятшы Ораз» әңгімесін оқу, аңшылық туралы шығарма жазу.

**VII. Бағалау.** «Өзін-өзі бағалау парағы» бойынша қорытынды баға қойылады.

## БАЛАЛАР ЖЫРШЫСЫ – МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ

Қазақтың көрнекті ақыны, балалардың сүйікті жыршысы, айтулы публицист, майталман аудармашы, әдебиет зерттеуші, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Мұзафар Әлімбаевтің есімі аталса болды, алдымен, балалар ақыны ретіндегі орыны ойға оралары анық.

Әлемдегі қай елде болмасын балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше. Дүниеден хабары жоқ, бесікте жатқан сәбиді өз ырқына көндіріп, өз дегенін істететін – өлеңнен артық керемет бола ма? Бөбектерге арнап өлең жазудың қиындығы да осында болса керек, өйткені ол барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы ғой. Мұзафар атамыздың балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ой-өрісіне сай лайықталған азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әрі тапқырлығы жағынан әр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады.

«...Мені балалар ақыны жасаған балаларым мен бауырларым. Бүлдіршіндерге дегенімнің денін мен солар үшін жаздым, алғашқы нұсқаларын соларға тыңдаттым, мектепке барған соң соларға оқыттым, соларға сынаттым, жаттай алмаса не ұқпаса, солардың ыңғайына қарай өңдедім, қысқарттым, кәдеге жаратпай, толайым-түгел

лақтырғандарым да болды...» дейді Мұзафар Әлімбаев.

Балажүректілік, болмыс атаулыны балаша қабылдап, балаша сүю немесе балаша ұнатпау сияқты балалар жазушысының басты бағалы қасиеттерін меңгерген Мұзафар Әлімбаев өмір бойы балаларды үйретіп қана емес, балалардан үйреніп келеді. Оған «Көңіл күнделігіндегі» кішкентай достары туралы «Балалардың ақындық қиялы ұшқыр», «Бала біткен – шетінен туасы талант» жолдары куә.

Балалар ақыны Мұзафар Әлімбаевтың «Ақсерек те көксерек» (Тақпақтар, дастандар, ән-өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. А., «Жалын», 1971, 191-б.), «Аспандағы әпке» (Өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. А., «Жалын», 1982, 136-б.), «Екі тақта – бір көпір» (Өлеңдер, тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертеңдер. А., «Балауса», 1992, 102-б.) деген жинақтары жас оқырмандардың сүйікті кітаптарына, сырлас серігіне айналды (Келтірілген мысалдар ақынның осы жинақтарынан алынды).

Ақын шығармашылығы балаларды адалдыққа, еңбекқорлыққа, ізгілікке, әдептілікке, инабаттылыққа және басқа да игі қасиеттерді игеруге тәрбиелейді. «Қол» атты өлеңінде:

*«Қолың сенің жаралған*

*Жақсылықты жинауға.*

*Аямай дос-жараннан*

*Өз барыңды сыйлауға.*

*Ен далаға – тың жерге*

*Иен жеміс егуге.*

*Елге келіп тигенде*

*Жау сазайын беруге»*, - дей отырып, дос-жаранды сыйлауға, еңбекқорлыққа, Отан сүйеге шақырады. Оны, екі қолдың не үшін керектігін айта отырып, қарапайым тілмен, бала санасына жеңіл сөздермен түсіндіріп береді.

«Жолдама» өлеңінде:

*«Қасына ертем сені ағалардың,  
Қолына берем сені даналардың.  
Саналық сарайында қазына мол –  
Сыйлығы саған қалған бабалардың.  
Қадірле сол асылды, көзіндей көр,  
Кінәлі тата алмасам өзім дей бер.  
Еңбек пен еріншектік сыйыспайды –*

*Мектепке сарылудан безінбей кел»,* - деп ата-анасын, туған-туыстарын сыйлай, құрметтей білген, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген бала ғана болашақта әр түрлі қоғамдық қатынас арасына түскенде сол қоғамның беделді мүшесіне айналады, өйткені еңбекке, жұмысқа қабілеттілікпен қатар кез келген қоғам өз мүшелерінен таза адамгершілікті, сыйластықты күтеді дегенді әдемі тақпақ жолдарымен түсіндіріп береді.

*«Жалықпа сырлы томмен сырласуға,  
Сонда сен шыға аласың шың басына.  
Сонда сен ел-анаңды ырза етесің,*

*Сонда сен шарқ ұрасың Күн қасында»,* - деп жырлайды.

Демек, баланың жеке тұлға, қоғамның толыққанды мүшесі болып қалыптасуы баланың тәрбиеленген, білім алған, қалыптасқан ортасына және сол өмірлік тәжірибені меңгере алуына байланысты.

«Әке» өлеңіне назар салсақ:

*Мақтайды әкем:*

*Батырым,*

*Енді өзіме серік, -деп.*

*Өсіп келе жатырмын*

*Өз әкеме еліктеп.*

*Әкем мені жасымнан*

*Тастамайды қасынан.*

Өз баласының өсіп келе жатқандығына әке мақтанышы

кейпкер сөздерімен берілген. *Батырым, өзіме серік* деген сияқты жас балаға сенім арта айтылған сөздер әке мен бала арасында түсіністік, махаббат бар екенін дәлелдейді. Өз ата-анасына еліктеу, үлгі ету арқылы бала оларды құрметтеуге, бағалауға, сыйлауға үйренеді. Ал «Ана» өлеңіне назар аударар болсақ:

*Күн жетпейді, алаң боп  
Кітап оқи бастасам...  
«Шаруам көп, шамам жоқ»  
Демейді анам ешқашан.  
Бізді бағып-қағады,  
Қайдан мұрша табады.*

Баланың атынан айтылған бұл өлеңде баланың анаға деген махаббатын, сүйіспеншілігін байқаймыз. Түн ұйқысын төрт бөлген қазақтың аяулы аналар бейнесі көрінеді.

Кішкентай балалардың іс-әрекетіне негізделген өлеңдер баланы қызықтырып, оған ой тастайды. Ақынның бала бойында жақын адамдарға, туыстарға деген сүйіспеншілікті ояту, мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық сияқты асыл қасиетті дарыту мақсатында жазылған шығармаларының ішінде атаға арналған өлеңдері көп екеніне көз жеткіздік.

Оның «Менің атам осындай» өлеңінде:

*... Қиқаң-қиқаң қозғап қойып арқасын,  
Жатқа айтады Еуропаның картасын...  
Жауынгерлік жас шағымда, ер күнде  
Жаяу жеттім Москваға, Берлинге.  
Жорықтарда ой мен қырын сүзгенбіз,  
Еуропаның азаткері – біздерміз!*

Атасы айтқан қызықты әңгімелерін көңіліне түйген немере бойында өз атасына деген мақтаныш сезімімен қатар «Мен де өскенде Отан қорғайтын азамат боламын» деген пікір қалыптасатыны сөзсіз.



«Ата» өлеңінде:

*«Елге мәлім атағы,  
Белуардан сақалы,  
Таусылмайтын өлеңі,  
Хикаясы, мақалы...  
Атам менің тың әлі,*

*Аңға жиі шығады»*,- деп ұлттық дәстүр мен оның тәрбиедегі орынына мән береді. Хикаясы мен мақалы таусылмайтын, аңға шығатын ата бейнесін көре отырып, әрбір бала өз атасының бойындағы ізгі қасиеттерді аңғаруға ұмтылады.

«Ата өнегесі» өлеңінде:

*«... Ауылдағы мұғалім  
Сұрайды ақыл атамнан.  
Өзі ұмытса жырларын  
Сұрайды ақын атамнан.  
«Жанды кітап - шежіре»*

*Атам солай атанды»*,- делінеді. Атасын «Жанды кітап – шежіре» деуінде үлкен астар жатыр. Атасы соғыс ардагері ғана емес, елдегі барлық жағдайдан хабары бар, көпті көрген, көргенді ақсақал, өзінен кейінгілерге ақыл-кеңес беретін ақылгөй дана ретінде көрінеді. Осы туындымен үндес, ұқсас «Атам – кітап, мен – дәптер» өлеңінде де атаға деген зор құрмет анық көріне түседі:

*Атам – кітап, мен – дәптер,  
Ақыл толы сөзінде,  
Қызығам да, әлбетте,  
Көшіремін өзіме.  
...Қаниша оқысаң, сарқылмас  
Өмір – кітап атамыз!*

Баланың кішкентай кезінен атасының өнегелі, ғибраты мол сөздерін естігені, санасына тоқығаны оның өскенде де

тәлімі зор тұлға болатынын аңғартады.

Енді әжелерге арналған өлеңдерін қарастырып көрейік.

*«Ише зой, жей зой, тоя зой!*

*Жылама, Көкем! Қоя зой!*

*Тойлардан сарқыт тасыған*

*Шықпайсың әже қасынан.*

*Дастарқан болып жайылған*

*Әжеңдей кім бар мейірбан?!»*

Осы өлең жолдарынан әрбір бала өз әжесінің бейнесін көреді. Бала тойға кеткен әжесін асыға күтеді, әжесі оларға сарқыт әкеледі. Әсіресе, «Дастархан болып жайылған» деген жолдардан мейірімді әженің бейнесі айқын көрінеді.

*«Әже, әже, жатпашы,*

*Ауыр ойға батпашы!*

*Дәрі жасап берейін,*

*Бәрін жасап берейін.*

*Ауыртпаймын әжемді,*

*Ауырмайсың, әже, енді»,-* деп баланың әжесіне деген ыстық ықыласын, махаббатын, мейірімділігін тап басып суреттейді. Әжесінің ауырғаны жанына батқан бала «Болашақта дәрігер болам, сені емдеймін, ауыртпаймын» дейді. Әрине, мұндай сөздер әрбір әженің көңілін көтеретіні анық.

Бала бойында ата-әжеге, әке-шешеге деген құрмет сезімдерін оятуға, адамгершілікті дарытуда аталмыш өлеңдердің орыны ерекше екенін байқадық. Ең бастысы, Мұзафар атамыздың балаларға арналған өлеңдерінен біз ұлттық тәрбиені, сана-сезімді аңғардық. Халықтың «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген нақыл сөздерімен үндес келетінін пайымдадық.

Мұзафар атаның тәрбиелік мәні бар өлеңдерінің ішінде «Кітап» өлеңіне назар аударар болсақ:

*«Көрдiң талай аралап  
Мәуелi жемiс бақшасын.  
Тәттілерiн таңдап ап,  
Жемiсiн талай татқасың.  
Зақым түссе, ал бiрақ  
Ағаш қалар семер де.  
Жылдағыдай балбырап  
Жемiсi қайта өнер ме?  
Кiтап та – алма ағашы  
Жемiсiн бiздер теретiн.  
Тәтті алмаға балашы*

*Кiтабыңның әр бетiн»,* - деп тәтті жемiстi қалай сүйсiнiп жесең, сол сияқты кiтаптың әр бетiн тәтті жемiске балап, сүйсiнiп оқы, өмiр жолыңда жемiс беретiнi анық дегендi аңғартады.

Ақынның бала бойында болатын ұмытшақтық, жалқаулық, салғырттық сияқты жаман әдеттердi сынайтын өлеңдерiн оқи отырып, ерiксiз езу тартасың. Мұны оқыған әр бала сондай болмауға тырысатыны анық. «Ұмытшақ Үмiтхан» өлеңi:

*«Класқа келiп Үмiтхан,  
Жаутаңдап қара көздерi,  
Үйiнде өзi ұмытқан  
Дәптерiн таппай iздедi.  
Сылтауратып бұлтара,  
Күмiлжiдi Үмiтхан:  
Дәптердi салмай сөмкеме  
Мен емес, әжем ұмытқан.  
Айтқаны, тiптi, сөз емес,  
Жалтарғаны – о несi?  
Үмiтханның өзi емес,  
Оқи ма екен әжесi?!»*

«Бас пен қол» өлеңінде:

- Сабақ қалай, бала?

- Жаман емес, аға!

Біледі жәнін,

Ақылды басым, ақылды!

Бірақ та қолым

Ұятқа талай батырды.

Ақылға сүйеу бола алмай,

Қаламға ие бола алмай,

Сызықтан асып кетеді,

Сиясын шашып кетеді, -

деп Сәкен төмен қарады...,- дейді. Бұл жолдардан өз кемшілігін мойындағысы келмейтін бала бейнесін аңғарамыз.

-Шәкір!

Көршіні шақыр.

-Мақұл!

-Шәкір!

Тіге қой шатыр!

-Мақұл!

-Шәкір,

Бұл – біздің батыр. «Шәкір - мақұл» деп аталатын бұл өлеңінде ақын Шәкір деген баланың бойындағы жалқаулықты, берген тапсырманы орындауға құлықсыздықты, үлкендер сөзіне құлақ аспаушылықты ойнақы түрде әжуалап жеткізеді. Шәкір берілген тапсырманың біреуіне де жоқ демегенімен, ешқайсысын да орындамайды. Үлкендер жұмсағанда «Қазір, қазір» деп қарын тойғызып, теледидар немесе компьютерден бас көтере алмай отырған баланың бейнесін көз алдына алып келеді.

Жалқаулық тәрізді мінездегі мінді сынайтын Мұзафар атамыздың тағы бір өлеңінде жалқау бала тұрып есікті жабуға да ерінеді. «Ана есікті жаба салшы» деген өтінішке

ол әрең ыңыранып:

- *Жел соқпай ма,*

*Сол жаппай ма?*- деп жауап қайтарады. Осылайша ақын ата құрғақ ақыл бермей, өмірде кездесетін, болып тұратын мысалдар арқылы баланы ойланта отырып оларға тәлім-тәрбие береді. Өзіне жүктелген жұмысқа жауапкершілікпен қарап, ұқыптылық таныту қажеттігін бала кішкентай кезден бастап түсіну қажет деп ойлаймыз. «Самат пен сағат» атты өлеңінде де сылтаушыл бала бейнесін анық көреміз.

*«Сағат тоқтап қалыпты,*

*Самат ұйықтап қалыпты.*

*Сағат ұйқышыл ма?*

*Самат ұйқышыл ма?»* – деп сабаққа кешігіп келгенін сағаттың тоқтап қалғанынан көріп тұрған ұйқышыл бала түрін ап-айқын байқаймыз. Өлең астарында жатқан мысқылмен әжуа әрбір баланы ойландыратыны сөзсіз.

Мақаламызда қарастырған өлеңдердегі ортақ тақырып — балаларды бауырмалдыққа тәрбиелеу, үлкендерді сыйлау, еңбекті сүю, жалқау болмау. Мұнан басқа Мұзафар Әлімбаевтың кішкентай оқырмандарына арналған еңбек тақырыбындағы, кәсіп, мамандық таңдау, жыл мезгілдеріне байланысты, табиғаттың тылсым күштерін сипаттаған өлеңдері, дене шынықтыру тақырыптарына арналған өлеңдері өте көп. Оларда ақын балаларды қоршаған орта табиғатын қорғауға, аялауға үндейді. Мамандық пен еңбек тақырыбындағы өлеңдерінде балаларды сан алуан мамандық және кәсіп түрлерімен таныстырады әрі тынбай еңбек етуге, еңбекті, еңбек адамдарын құрметтей білуге шақырады.

Ақын атамыз көтерген тақырыптардың қай-қайсысы да жас ұрпақ үшін өте маңызды. Өлеңдерінің таным тарапындағы мағынасы мен тәрбие саласындағы мәні орасан зор.

Гүлжан ҚОСЫМОВА,  
Ақтөбе облысының  
Әйтеке би ауданындағы  
«Жабасақ» орта  
мектебінің мұғалімі.

# «ҚАЗАҚ ЖАЗУ ТАҢБАЛАРЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХЫ» ТАҢДАУ КУРСЫ

## Түсінік хат

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес жас ұрпаққа білім беру ісінде оның жеке-даралық ерекшеліктеріне мейлінше мән бере отырып, бейіндік оқыту жүйесі іске асырылуда.

Алдағыны болжау үшін өткенді білу – өмір, ғылым қажеттілігі. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөз тек гендерлік мағынада ғана емес, ел тарихын, мәдениетін, әдебиетін, жазу-сызуын біліп, зерделеп, көңілге тоқи алу қажеттілігін де ұғындырады. Қазіргі таңда қазақ жазуына өзгеріс енгізу, латын графикасына көшу туралы ұсыныстар мен пікірлер айтылып талқылануда. Осы мәселеге деген өзіндік көзқарасын білдіру – әр азаматтың парызы. Бүгінгі бала – ертеңгі мемлекет тірегі. Қазақ ұлттық жазу тарихын оқи отырып, оқушының білімі толығады, түрлі графика туралы мәлімет ала отырып, қолдануға талпыныс жасайды. Қазақ жазуы қандай кезеңдерде қандай өзгерістерге ұшырағанын біледі. Осы салада еңбек еткен, зерттеулер жүргізген ғалымдар туралы хабардар болады және олардың еңбектерімен танысады.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілу түрі	Тапсырма
	<b>Жазудың шығу тарихы туралы теориялық мәліметтер</b>			
1	Жазу және жазба тіл	1	Лекция	Конспект
2	Пиктографиялық жазулар	1	Танысу	Суретті жазулар
3	Буын жазуы	1	Топтық жұмыс	Зерттеулер
4	Әріптік немесе дыбыстық жазу және әліпби	1	Зертханалық жұмыс	Сызбасызу
5	Қайталау	1	Сұрақ-жауап	Жеке тапсырма
6	Орхон-Енисей ескерткішінің таңбалары	1	Бейне-көрініс	Әдеби шығарма
	<b>Қазақ жазу таңбалары жүйесінің тарихы</b>			
7	Ұлттық кезеңге дейінгі қазақ жазуы	1	Лекция	Конспект
	<b>Түркілік бағыт</b>			
8	Мирза Фатали Ахундов	1	Семинар сабақ	Еңбектері
9	Мырза Мелькем-Ханом және басқа да ағартушылар	1	Семинар сабақ	
	<b>Миссионерлік бағыт</b>			
10	Н.И. Ильминскийдің жобасы	1	Топтық жұмыс	Салыстыру
11	В.В.Катаринскийдің жобасы	1	Топтық жұмыс	Салыстыру
12	А.Е.Алекторовтың жобасы	1	Топтық жұмыс	Салыстыру
13	Қайталау	1	Сұрақ-жауап	Жеке тапсырма
	<b>Ағартушылық бағыт</b>			
14	Ыбырай Алтынсариннің жобасы	1	Бейне-көрініс	Ғалым еңбектері

15	Ұлттық бағыт және қазақ жазуы	1	Зерттеу сабағы	
16	Ахмет Байтұрсынұлы жазуы және емле ережелерінің тарихы	1	Бейне-көрініс	Ғалым еңбектері
	<i>Латын графикасы</i>			
17	Латын графикасына байланысты пікірталастар	1	Шолу сабақ	Баспа материалы
18	Қайталау	1	Сұрақ-жауап	Жеке тапсырма
	<i>Алғашқы жобалар (1924-30 ж.)</i>			
19	НәзірТөреқұловтың жобасы	1	Ізденіс.	Жобамен танысу
20	Халел Досмұхамедұлының жобасы	1	Ізденіс	Жобамен танысу
21	Мұхтар Мырзаұлының жобасы	1	Ізденіс	Жобамен танысу
22	Ә.Байділдаұлының жобасы	1	Ізденіс	Жобамен танысу
23	Телжан Шонанұлының жобасы	1	Зерттеу сабағы	Жобамен танысу
24	Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, І.Қабылұлы, І.Жансүгірұлы, Ш.Токжігітұлының бірлесіп жасаған жобасы	1	Топтық жұмыс	Жобамен танысу
	<i>1930 жылы қабылданған әліпби</i>			
25	1930 жылы қабылданған әліпбидің жазылуы	1	Лекция	Жазу жұмысы
26	Қабылданған әліпбидің артықшылығы	1	Салыстыру	Пікір
27	Қабылданған әліпбидің кемшілігі	1		
28	Қайталау	1	Сұрақ-жауап	Жеке тапсырма
	<i>1938 жылғы реформа</i>			



29	Орыс графикасына негізделген әліпби және оның қайшылықтары	1	Дебат	Пікір қорғау
30	Ресми әліпбилер	1	Ойын сабақ	Қолдану
31	Қазақ кирил жазуы негізінде	1		
32	Латын графикасына көшудің артықшылығы	1	Пікір-алмасу	Баспа материалы
33	Оқушылардың өзіндік жобаларын қорғауы	1	Конференция	Ғылыми жоба
34	Қорытынды	1	Сайыс сабақ	Бағалау



**Зоя МАТАН,**  
Ақмола облысының  
Шортанды ауданындағы  
Новоселовка орта  
мектебінің мұғалімі.

## «МҰҚАҒАЛИТАНУ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ

(5-9-сынып)

Үйірме бағдарламасы әдебиет пәні бойынша жасалды. Бағдарламаның мақсаты – оқушылардың ойлау, өз ойларын толық жеткізе білуге, шығармашылық ізденіске баулу, тіл шеберліктерін жетілдіру.

Бұл бағдарлама жас ұрпақты білім мен тәрбие беру үрдісінде жетілдіріп, ойлау қабілеттерін дамытады. Қазіргі кездегі тұлға мектеп қабырғасында жүріп өзінің бойындағы

талантын көрсетіп, мәдениетті, сезімі ұшқыр, көкірегі ояу, өз ойын шешен тілмен жеткізе білетін, көпшілікті өз сөзіне ұйыта алатын ділмар азамат болып тәрбиеленуі қажет. Сондықтан бұл бағдарламада оқушылардың ойын, сауаттылығын, шығармашылық қабілеттерін арттырып, тіл шеберлігін ұштайтын әр түрлі жұмыс түрлері алынды.

Қазақ поэзиясының Хантәңірі атанған, ақиық дүлдүл ақын, ғасыр ақыны Мұқағали Мақатаев туралы сөз, айтылар әңгіме аз емес.

Ақынға арналған игі шаралар біздің мектепте үнемі өтіп тұрады. «Мұқағалитану» курсы әр аптада бір күнге белгіленген. Бұл күндері курсқа қатысқан оқушылар Мұқағали өлеңдерімен, поэмаларымен танысып талдайды.

Бағдарлама жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеттеріне бағытталған. Республикамызға танымал профессор Жауынбай Қараевтың «Деңгейлеп оқытуы» мен «Сын тұрғысынан ойлау» технологиялары басшылыққа алынып, шығармашылық жұмысқа лайықталған.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Теориялық білімдерін практикада қолдана білу біліктерін қалыптастыру;
2. Көркемдеп сөйлеуді игеру. Сөйлей білудің қалыптасқан жүйесін, орфографиялық, орфоэпиялық нормаға сай сөз қолданыстарын дамыту;
3. Сценарий жазуға, сахналық көрініс дайындауға үйрету;
4. Жоспар жасату;
5. Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту, ғылыми жұмыстарға баулу.

### **Курстың мақсаты.**

Қазақтың көрнекті ғасыр ақыны, ұстаз, журналист Мұқағали Мақататаевтың өмірі мен шығармашылығын

жаңа қырынан көрсету, ақын өмірінің бізге беймәлім тұстарына зерттеу жүргізу.

Мұқағалидың туған ауылының тыныс-тіршілігін айту, өлеңдерін талдау, ақынның өмірінен естеліктер жинау. Кейбір шығармаларында кездесетін кейіпкелердің прототиптерін анықтау.

### **Курстың міндеті.**

Оқушыларды азаматтық құндылықтарды білуге, адамгершілікке, ізденімпаздыққа, тіл шеберлігін қалыптастыруға, өз ойын толық, анық жеткізуге, сөзіне жазылған әндерді нақышына келтіріп айтуға, шешендікке тәрбиелеуге бағытталған. Шешен, ұлағатты сөздерді оқушының бойына дарыту.

Оқушыға қойылатын талап:

1. Мұқағали Мақатаевтың өзіне тән ерекшеліктерін талқылау;
2. Ақын шығармаларындағы этномәдени мұраларды, жер-су аттарының тарихын білуге үйрету;
3. Ана тілін сыйлауға, құрметтеуге баулу, бойтұмардай сақтау;
4. Сөз саптай білу, тыңдарманның ойынан шыға алу;
5. Белгілі-бір шығарма үзіндісіне пікір, хабарлама, сценарий, эссе, ойтолғау дайындай білу;
6. Ақынның шығармаларын басқа туындылармен салыстыру.

**Пайдаланылған әдебиеттер:** 1) «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2008-2012ж.; 2) Қ.Бітібаева. «Әдебиетті оқыту технологиясы»; 3) «Өмір – өзен». А., 2005 ж., «Аққудың қанатына жазылған жыр», «Шуағым менің» жинағы, «Аманат», «Жүрек арызы» (А., 2008 ж.) жинақтары; 4) «Мұқағали» кітабы, 2011 ж.; 5) «Мұқағали Мақатаев». А., «Раритет», 2005 ж.; 6) Жауынбай Қараев. «Деңгейлеп

оқыту»; 7) «Мұқағали » журналы, 2007-2008 ж.

**Мұқағалидың өмірінен мәлімет беру (1 сағат).** Ақынның өмірі туралы жалпы түсінік беру.

**Ақынның туып өскен ортасы (1сағат).** Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен қызметі және шығармашылығы. Мұқағалидың өскен ортасы, тың деректер, мәлімет. Ақынның туған жері – Қарасаз ауылы. Мұқағали мұражайы туралы мәлімет. Атасы Мұқамет, әжесі Тиін туралы толық танып білу.

**Қарасаз (1сағат).** Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі суреттелген. Өзінің балалық шағының бір сәтін жеткізе білген.

**Бесік басында (1 сағат).** Бесік басында отырған ананың балаға деген сағынышы суреттелген.

**Отыздан асып барамын (1 сағат).** Жастық шақтан өтуі, отыздан асқан кезенді суреттейді.

**О, махаббат сен әлі тірі ме едің? (1 сағат).** Махаббатсыз өмір жоқ екенін сомдағысы келеді.

**Есіңе мені алғайсың (1 сағат).** Өзінің сүйіспеншілікке толы сәттерін еске алуын суреттеп жазады.

**Әбділдаға (1 сағат).** Әбділда Тәжібаевқа арнап жазылған өлеңдерін оқи аламыз. Әбділда ақыннан үлгі алатынын жазған.

**Неткен көктем! (1 сағат).** Бұл өлеңі табиғат туралы жазылған. Пейзажды керемет келтіре суреттеген.

**Поэзия (1 сағат).** Поэзияны алауыртқан таңдардан, таулардан, күннен, қуаныштан, сезімдерден, сағыныштан іздейтіні көрсетілген. Оның ұғымында ақын мен поэзия біртұтас бейнеге айналады.

**Автограф (1 сағат).** Ойлы тебіреністі өлең. Өрен талант Махамбетке табына, оны өзіне үлгі тұтып, өз намысын қайрап, ширыға түседі.

**Мен таулықпын (1 сағат).** Ақын өзін тауға теңейді.

**Қара өлең (1 сағат).** Қазақтың қара өлеңінің құдіретінің күшті екенін, онда бір сыр барлығын айтып, ізденімпаздыққа баулиды.

**Шығарма (2 сағат).** «Өнерің өрге жүзсін, жас өрен». Бүгінгі ғылым мен білім мәселесі негіз екендігі айтылады.

**Мен дағы өлең жазбаймын (1 сағат).** Бұл өлеңінде ақынның Абай үніне үн қосып, Абай өнегесін үлгі тұту өз жанының аңсары, қалауы екенін білдіреді. Абайдың өлеңдерімен салыстырады.

**Фаризаға (1сағат).** Фариза ақынға деген сезімін суреттей білген.

**Шындық туралы (1 сағат).** Ақын өмір шындығын суреттейді. Жауабы қиын сан сұрақтар ақынды мазалайды, ол соларға тынымсыз жауап іздеп, шындықты жырға қосып, болашаққа үлкен сеніммен қарайды.

**Өмір, қызық өмір (2 сағат).** Ақын өмірге ғашық, құштар болған. Тіршілікте өмір ағымында кездесетін келеңсіз жайлар, неше алуан пендешілік күйлер ақынның жан дүниесін қозғайды. Алайда ешқашан да өмірден түңілмейді, қайта өмірге деген құштарлығы арта түседі.

**Қазақстан (1 сағат).** Қазақ еліне сүйсініп қарайтыны, топырағынан жаралғанын айтады, Шолпанға теңейді.

**Арыз жазып кетейін (1сағат).** Бұл өмірге жыр жазып кететінін айтады, той көрмей-ақ кеткенін жазады.

**Сәлемдеме (1сағат).** Болашаққа сәлемдеме жазып кеткені суреттеледі.

**Әке (1сағат).** Майданға кеткен әкесін еске алып, сағынышын суреттейді. Әкесіне артына қалған ұрпағын бар, ел мен жерді сыйлайтынын айтады, оты ешқашан

сөнбейтінін суреттеп көрсетеді.

**Азайып бара жатыр қариялар (1 сағат).** Ақыл айтып жүретін қариялардың азайып бара жатқанын айтады. Қарияларды құрметтеуге шақырады.

**Өмір сүрейік алмасып (1сағат).** Ақын өзін қайыңға балайды. Адамның кейбір кезеңдерін дәлме-дәл мысалдар арқылы суреттейді.

**«Аққулар ұйықтағанда » поэмасы (2 сағат).** Ананың балаға деген құштарлығы баяндалады. Оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, аққуды атуға болмайтыны және табиғатты қорғауға тәрбиелейді.

**«Райымбек, Райымбек» поэмасынан үзінді (2 сағат).** Қазақ елінің басына түскен ауыр кезеңдері, халықтың мұң-зары суреттеледі. Райымбектің бала кезден-ақ, қайсар екені, Райымбектің іргесі сөгілген елдің басын қосуға талпынуы, қолбасшылыққа қол жеткізгені жайлы жырланады.

**Мұқағали туралы жазушылардың пікірлері (1 сағат).** Мұқағали туралы жазылған шығармалар жайлы таныстыру.

**Мұқағали өлеңдерінің құрылысы (1 сағат).** Мұқағали өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жасату, өлеңнің негізгі идеясын ашу, тәрбиелік мәні туралы ой-пікірлер жазу.

**Ғасырдың ғаламат ақыны (1 сағат).** Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығынан сахналық қойылымдар дайындау.

**«Менің сүйікті ақыным – Мұқағали» атты оқулар өткізу (1 сағат).**

Мұқағали туралы не жазылды? (1 сағат).

Бағдарламаның күнтізбелік жоспары

Аптасына – 1 сағат. Жылына – 34 сағат.

№	Тақырыбы	Сағ. саны	Сабақтың түрі	Көрнекіліктер. Пәнаралық байланыс	Әдіс-тәсіл
1	Мұқағали өмірі туралы мәлімет беру.	1	Әңгімелеу	Ақынның портреті, бүктеме. Әдебиет	Баяндау Хат жазу Кесте
2	Мұқағалидың туып өскен ортасы.	1	Саяхат сабақ	Кеспе қағаздар. Әдебиет	Реферат, әңгімелеу
3	«Қарасаз». Ақын туған жері туралы сөз етеді.	1	Ізденіс	Суреттер. География	Топтық жұмыс
4	«Бесік басында»	1	Салыстыру	Суреттер. Бейнелеу өнері	Венн диаграммасы. Анаға хат жазу
5	«Отыздан асып барамын».	1	Жаңа сабақты меңгерту	Әдебиет	Қарасөзге айналдыру
6	«О, махаббат, сен әлі тірі ме едің?»	1	Салыстыру	Тірек сызбалар. Әдебиет	Венн диаграммасы
7	«Есіңе мені алғайсың»	1	Жаңа тақырып пен таныстыру	Әр түрлі суретті кеспелер. Әдебиет	Топтық жұмыс
8	«Әбділдаға»	1	Салыстыру	Портреттер	Талдау Топтастыру
9	«Неткен көктем!» Пейзажды керемет келтіре суреттеген.	1	Түсіндіру	Дүние тану	Сөздікпен жұмыс

10	«Поэзия»	1	Жаңа сабақ	Кесте. Әдебиет	Шығармашылық жұмыс
11	«Автограф»	1	Білім беру	Қазақ тілі	Талдау
12	«Мен таулықпын». Тауға деген сүйіспеншілік.	1	Жаңа сабақ	Тірек сызба, сурет	Салыстыру
13	«Қара өлең»	1	Дамыта оқыту сабағы	Әдебиет Әр түрлі ұлағатты сөздер	Түсіндіру
14	Шығарма	2			
15	«Мен-дағы өлең жазбаймын»	1	Салыстыру	Әдебиет	Баяндау, сұрақ-жауап
16	«Фаризаға»	1	Іздену	Портреттер, сызбалар	Салыстыру
17	«Шындық туралы»	1	Салыстыру	Кестелер. Әдебиет	Әңгімелеу
18	«Өмір, қызық өмір»	2	Пікірталас	Әдебиет	Ұжымдық жұмыс
19	«Қазақстан»	1	Ойтолғау	Әдебиет	Топтық
20	«Арыз жазып кетейін»	1	Салыстыру	Әдебиет	Әңгімелеу Венн диаграммасы
22	«Сәлемдеме»	1	Пікір сайыс	Әдебиет	Топтық, жеке жұмыс



23	«Әке»	1	Салыстыру	Әдебиет	Топтық, ұжымдық
24	«Азайып бара жатыр қариялар» өлеңі мен «Қара пима» өлеңін салыстыру	1	Салыстыру	Әдебиет, тарих	Пікірталас Кесте
25	«Өмір сүрейік алмасып»	1	Ізденіс	Әдебиет	Топтастыру
26	«Аққулар ұйықтағанда » поэмасы мен С.Сейфулиннің «Аққудың айырылуы» поэмасын салыстыру	2	Ізденіс	Әдебиет, тарих, география	Венн диаграммасы. Топтық Хат жазу
27	«Райымбек, Райымбек» поэмасы	1	Дәріс, ізденіс	Тарих, география	Венн диаграммасы Аннотациялық талдау
28	Мұқағали туралы жазушылардың пікірлері	1	Ізденіс	Әдебиет	Топтық реферат
29	Мұқағали өлеңдерінің құрылысы	1		Әдебиет	Сатылай кешенді талдау
30	Ғасырдың ғаламат ақыны	1	Шығармашылық кеш		
31	«Менің сүйікті ақыным – Мұқағали » атты оқулар өткізу	1	Өлеңдер оқу	Әдебиет	Бүктеме жасау
32	Мұқағали туралы не жазылды?	1	Ізденіс	Әдебиет	Топтық, ұжымдық

## «МАҒЖАНТАНУ» ТАҢДАУ КУРСЫНЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

Қазір заман талабына сай мектептерде таңдау курстарын жүргізу және оған қойылатын талаптар күшейіп келе жатыр. Алайда таңдау курсынан сабақ беру әрбір мұғалімге оңайға түспейтіні анық. Өйткені оқулық та, дайын бағдарлама да жоқ. Осы қиындықтың шешімін табу үшін биылғы оқу жылында «Мағжантану» тақырыбында күнтізбелік жоспар құрастырып, оны 1 жыл бойына тәжірибеден өткіздім. Сондай-ақ аудандық авторлық бағдарламалар байқауында әріптестеріме ұсынып, жоғары баға алдым. Енді осы еңбегімді өзге де әріптестеріме ұсынсам, бір пайдасы тиер ме екен деген ойменен сіздерге жолдап отырмын. Мұнда күнтізбелік жоспар мен оқушының жұмыс дәптерлерінің үлгісі жазылған.

### I тоқсан, 9 сағат

Р/с	Сабактың тақырыбы	С/с	Өту формасы
1,2	Ақиық ақын (Мағжан Жұмабаевтың өмірі, шығармалары)	2	Дәріс сабақ
<b>Өмір ақын көзімен</b>			
3	«Қарағым», «Құрбым» (мәнерлеп оқу, талдау)	1	Шығармашылық
4	«Ұлан» (мәнерлеп оқу, талдау)	1	Түсіндіру, талдау
5	«Жауынгердің жыры» (жаттау)	1	Дәстүрлі
6	«Туған жер» (қосымша оқу үшін «Қазақ тілі»)	1	Ізденушілік

7	«Мен жастарға сенемін»	1	Ізденіс сабақ
8	«Өткен күн»	1	Дәстүрлі сабақ
9	«Айға» (көркем сөз айшықтарын табу)	1	Пікір алмасу

## II тоқсан, 7 сағат

10	«Жазды күні қалада»	1	Шығармашылық
11	«Тәңірі»	1	Пікір алмасу
12	«Күншығыс»	1	Талдау, шығар-қ
13	«Алыстағы бауырыма»	1	Мәнерлеп оқу
14	«От»	1	Талдау
15	«Орал тауы» (үзінді жаттау)	1	Талдау
16	Мағжан – жыр жұлдызы (поэзиялық семинар)	1	Қорытынды

## III тоқсан, 10 сағат

17	«Осы күнгі күй»	1	Түсіндірмелі оқу
18	«Айда атыңды, Сәрсембай»	1	Талдау, ізденіс
19	«Батқан күн, атқан таңның жыры»	1	Түсіндіру, талдау
20	«Қараңғы, дауылды түн»	1	Түсіндіру, талдау
21	«Хакім Абайға»	1	Талдау, шығар-қ
22	«Тұтқын», «М.Д. абақтыдан шыққанда»	1	Дәстүрлі
23	«Ана», «Анама»	1	Ізденіс сабағы

### Табиғат – тал бесігің

24	«Жұмбақ», «Жиленді қара орман», «Қараңғылық қоюланып келеді»	1	Салыстыру
25	«Жазғы таң», «Жаз келеді»	1	Шығармашылық
26	«Мағжан оқулары» байқауы	1	Шығармашылық, сайыс

## IV тоқсан, 8 сағат

### Ақын сатира саласында

27	«Төбет», «Бір биге», «Заманымыздың ақыны»	1	Дәстүрлі сабақ
28	Мысалдан алар өнеге. «Мысық пен ет»	1	талдау

## Ақын аудармалары

29	«Күннің батуы» (Генрих Гейнеден аударған)		Шығармашылық
30	«Сарғайып келген егін толқын-данса» (Лермонтовтан)	1	Шығармашылық
31	Ақынның поэмалары Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт	1	Оқу, талдау
32	<b>«Қорқыт» поэмасы</b>	1	Зерттеу сабағы
33	Жұлдыздай аққан жыр-ғұмыр	1	Конференция сабақ
34	Жылдық қайталау	1	Тест жұмысы

**Бағдарламаның мақсаты:** Мағжан Жұмабаев шығармаларын тереңдете оқыту. Сыршыл ақынның әрбір туындысын талдап, сөз құдіретін танытудағы өзіндік шеберлік өрнегін ашу, әңгімелеу.

Мағжан Жұмабаевтың ақындығы, қоғам қайраткері екендігі, өскен ортасы, ақын шығармаларының тақырыбы, мазмұны, өзіне тән қайталанбас сөз саптаулары, тіл көркемдігі туралы түсінік беру.

Ақын шығармаларын оқыта отырып, ауызша, жазбаша ойын еркін жеткізе білуді меңгерту.

**Міндеті:** 1) суреткердің не айтқысы келгенін, қандай көркемдегіш құралдарды қолданғанын, соған орай шығарманы оқығанда нені айқындау керек екенін шәкірт санасына жеткізу; 2) шығармада айтылғанның бәрін жарқын елестетуге сүйене отырып, ондағы суреттеулерге, кейіпкерлер әлеміне көз жіберу; 3) туындыны оқи отырып, оқушының алған әсері, сезімін анықтауға көмек беру.

### **Білім, икем дағдыларына қойылатын талаптар:**

1. Лирика түрлерінің ерекшелігіне қарай поэтикалық талдау жасай алуға бейімдеу: а) идеялық-философиялық мәселелері; ә) лирикалық қаһарман; б) тіл бедері, айшықты көркемдегіш құралдары, ақынның осы мәселедегі жаңашылдығы; в) өлең құрылысы, ақынның өлең құрылысын дамытудағы жетістіктері.

2. Ғылыми-зерттеу жұмысына жұмылдыру.

### **Күтілетін нәтиже**

Ақын шығармаларын оқи отырып елжандылыққа, ұлтжандылыққа, жауапкершілікке тәрбиеленеді. Шығарма авторына деген құрмет сезімі нығаяды. Сөйлеу мәдениеті, логикалық ойлау дағдысы дамиды. Ақынның үздік шығармаларын оқып, жетістікке жету жолдарының сырын ашады. Бағдарлама бойынша жүйелі жұмыс жүргізе отырып, әдебиетке, ақындық өнерге деген сүйіспеншілігі оянады.

«Жақсыдан – үйреніп, жаманнан – жирену» арқылы ұнамды қасиеттерді бойына жинайды.

Өлеңнің теориясы, құрылысы, техникасы жайында толық мәлімет алады.

Өз пікірін еркін жеткізуге, талдауға, пікір алмасуларға қатысуға қалыптасады.

**Ұйымдастыру формалары:** дәстүрлі сабақ, талдау, мәнерлеп оқу, салыстыру, зерттеу, ізденіс сабақ, пікір алмасу, сыр-толғау, лекция сабақ, поэзиялық семинар. **Курстың**

**аяқталу формасы:** поэзиялық семинар, «Мағжан оқулары»

байқауы, конференция сабақ, тест жұмысы **Пәнаралық**

**байланыс:** тарих, әдебиет, қазақ тілі, сурет, музыка, жаратылыстану. **Көрнекілік:** буклет, альбом, дәйектеме

сөздер, сөзтізбектер, баспасөз деректері, ақынның шығармалар жинағы, кеспе қағаздар.

### **Нормативті бөлім.**

«Мағжантану» курсына арналған бағдарлама 6-сынып оқушыларының білім деңгейіне лайықталып жасалынған. Мұнда ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың мектеп бағдарламасында өтілмейтін шығармалары қамтылған. Бағдарлама 5 бөлімнен тұрады.

1. Өмір – ақын көзімен.
2. Табиғат – тал бесігің.
3. Ақын – сатира саласында.
4. Ақын аудармалары.
5. Ақынның поэмалары.

1. «Өмір – ақын көзімен» бөлімінде Мағжанның әлеуметтік тақырыптағы туындылары енгізілген. Ақынның ана жайлы,

Отан туралы, өмір туралы үздік шығармаларын оқыту көзделген. Бұл шығармаларды оқыту барысында оқушыларды отансүйгіштік қасиетке, адамгершілікке баулуға мүмкіндік жасалады. Өлеңдерін оқу барысында поэзия тілін меңгеруге бағыт алады.

2. «Табиғат – тал бесігің» бөлімінде ақынның табиғат лирикасына арналған туындылары оқытылады. Ақын шығармаларын өту барысында әдебиет сабағынан мектеп бағдарламасында өтілген тақырыптармен байланыстыра жүргізу көзделген. Мағжан шығармасын өзге ақындар өлеңдерімен салыстыра отырып меңгерту оқушының талғам-таразысына айырықша әсер береді.

3. «Ақын сатира саласында» бөлімінде сатира, мысал жанрындағы туындылары қамтылған. Сатира мен мысал жанры туралы әдебиет теориясынан алған білімдері тереңдетіледі.

4. Ақын аудармаларын өте отырып, ақынның аударма саласындағы еңбегі мен тіл шеберлігіне тоқталу көзделген.

5. Ақынның поэма жазудағы шеберлігіне де тоқталып, оқышыларының жас ерекшелігіне лайықталып «Қорқыт» поэмасынан үзінді оқытылады.

Ақын өлеңдерін өте отырып қосымша мәлімет ретінде өлеңнің теориясы, құрылысы, техникасы жайында мәлімет беріледі. Шығармадан көркемдеуіш сөздерді табуға төселеді.

Ақын шығармаларын терең меңгеріп, жан-жақты талдауға қалыптасуға мүмкіндік жасалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:** 1) «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2001-2012 жылдар; 2) Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағы. 1-2-томдар. А., «Жазушы», 2008 ж.; 3) Баспасөз деректері; 4) Ш.Елеукенов. «Мағжан Жұмабаев». А., «Білім», 1990 ж.; 5) Мағжан Жұмабаев. «Таңдамалы». А., «Ғылым», 1992.

**Күнтізбелік жоспарға лайықталған «Мағжантану» таңдау курсына арналған жұмыс дәптері журналдың «Көмекші құрал» айдарында №11 санынан бастап жарияланады.**

Өтебай СЕРӘЛІ,  
Қызылорда облысының  
Арал ауданының  
«Ақбасты» ауылындағы  
№22 орта мектептің мұғалімі.

## «СӨЙЛЕЙ БІЛУ – ӨНЕР» САЙЫСЫ

(10-сынып)

**Сабақ мақсаты:** ана тілінің қадір-қасиетін, адам қарым-қатынасындағы маңызын, тіл мәдениетінің ерекшелігін ұғындыру. **Міндеттері:** 1) ана тілін, оның мол қазынасын меңгереді, ауызекі және жазба тілінде сауаттылыққа, мәдениетті сөйлеуді үйренеді; 2) дүниетанымы кеңейіп, ой-қиялы дамиды, ақылы кемелденіп, тұлға ретінде толығады. шешен сөйлеп, шебер жауап беруге дағдыланады; 3) ана тілінің тәрбиелік маңызын ұғынады, ұлтын сүюге, отаншылдыққа тәрбиеленеді. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, пікіралысу, сұрақ-жауап, театрланған көрініс. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

### **Сабақ барысы.**

Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысуын, сыныптың сабаққа дайындығын тексеру.

Үй тапсырмасының орындалуын тексеру.

**Жаңа сабақ.** Сөйлей білу – өнер.

Оқушылар екі топқа бөлінеді, топ басшысын сайлап, топтарына ат қояды. Оқушылар қазылар алқасын сайлады. Олар: Қалабаева Балагүл – оқу ісінің меңгерушісі, Қадырова Бақыткүл – тарих пәні мұғалімі, Сламбаева Бағыла – қазақ

## **Сайыс сабақ бөлімдері:**

I. Таныстыру

II. Мақал – сөздің мәйегі

III. Шешендік сөз – халық даналығы

IV. Ұлылар ұлағаты

V. Ән – көңілдің ажары

VI. Тіл мәдениеті деген не? (пікіралысу)

VII. Сөз мәнері

VIII. Сөйлей білу – өнер (ойтолғау).

Әр бөлімді қазылар алқасы оқушылардың тіл байлығына, сөйлеу мәнеріне, ой-пікірінің анық, айшықтылығына, сөйлеу шеберлігіне байланысты бағалап отырады.

Оқушылар өз топтарына «Тұлпар» және «Сұңқар» деп ат қойды.

### **I. Таныстыру.**

«Тұлпар» тобы. Топ басшысы мүшелерін таныстырып, ұранын, девизін топ мүшелерімен айтады.

«Сұңқар» тобы. Топ басшысы мүшелерін таныстырып, ұранын, девизін топ мүшелерімен айтады.

Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов «Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. Жүйесін тауып айтылған сөз жүрекке тиіп, жүйкені босатады. Адам мәдениетінің алғы шарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге сөйлей білу – өнер. Тілін білмеген түбін білмейді» деген екен.

Ендеше, дұрыс сөйлеп, шешен толғай білейік.

**II. Мақал – сөздің мәйегі.** Бұл бөлімде оқушылар айтылған мақалды толықтырып, мағынасын түсіндіріп айтып береді.

1. *Уайым түбі ... , (тұңғиық) Батасың да кетесің.*

*Тәуекел түбі ... , (жел қайық) Өтесің де кетесің.*



2. *Еңбек түбі – ...* (береке) *Көптің түбі – ...* (мереке)

3. *Жалқау кісі – ...* (жарым кісі)

4. *Тіл – ... көрінісі, ... кілті* (ақылдың, бірліктің)

5. *Ине көзінен сынады, шешен ... сынады.* (сөзінен)

**III. Шешендік сөз – халық даналығы.** Бұл бөлімде әр топ мүшелері шешендік сөзге байланысты көріністер қояды.

«Тұлпар» тобы: «Малайсары мен Сырым».

«Сұңқар» тобы: «Қоңтәжі мен Қазыбек».

**IV. Ұлылар ұлағаты.** Мұнда екі топ мүшелері ұлы адамдардың тіл туралы айтқан сөздерін толықтырып, сөздің мағынасын түсіндіруі керек.

1. *Халықтың мәңгі ғұмыры ...* (оның тілінде)

*Әрбір тіл ... үшін ұлы.* (өзінің халқы)

(Шыңғыс Айтматов).

2. *Тілден биік ... жоқ,* (асқар)

*Тілден асқан ... жоқ,* (байлық)

*Тілден терең ... жоқ.* (теңіз) (Ғабит Мүсірепов).

3. *Егер қазақ тілін білсең ... осында, ... осында, ... осында.* (дін де, білім де, әулиелік те) (Мәшһүр Жүсіп).

4. *Тіл ... өткір.* (қылыштан да) (Жүсіп Баласағұни).

5. *Емле жазу үшін ..., жазу тіл үшін шығарылған болса, ... бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ... керек.*

(шығарылған, тілді, ыңғайлау) (Ахмет Байтұрсынұлы).

**V. Ән – көңілдің ажары (сергіту сәті).** Бұл бөлімде әр топтан бір оқушы ана тілі туралы ән айтады.

**VI. Тіл мәдениеті деген не? (пікіралысу)**

Мұнда әр топ оқушылары тіл мәдениеті жайындағы өз ойларын ортаға салады. Өзара кеңесіп алуға 5-7 минут уақыт беріледі. Әр топтан бір оқушы осы бөлімге қойылған тақырыпты қорғап шығады.

«Тұлпар» тобынан **Исламия Сәуелханова:** «Адам сөйлеу арқылы өзінің қандай екенін, мінезін, болмысын,

өмірге көзқарасын, мәдениетін де танытады. Сөзге шешен, тілге жүйрік жандар өз сөздерінде мақал-мәтелдерді тиімді қолдана біледі. Шешендікті үйрену, оны өз бойына сіңіре білу – қазіргі жастарға керек қасиет. Сондай адамдардың да тіл мәдениеті үлгі тұтатындай болады».

**«Сұңқар» тобынан Айсұлу Жаңабаева:** «Тіл мәдениетін дұрыс негіздеу үшін тек сөздерді байланыстыра білу жеткіліксіз. Сөз мағынасын толық түсініп, жеке ұғым қалыптастыру, асыл сөздің қыры мен сырына терең үңілу керек. Сыпайы, келісті сөз сөйлеушінің абыройын арттырады, тыңдаушының ықыласына бөлейді, ол туралы жақсы пікірлердің қалыптасуына септігін тигізеді, тіл мәдениетіне деген ықыласының артуына игі ықпал етеді».

**VII. Сөз мәнері.** Мұнда әр топтан бір оқушыдан шығып, өзара телефонмен сөйлесу мәдениетін көрсетеді. Екеуінің сөз алысуынан басқа оқушылар қандай жетістіктер мен олқылықтар жіберілгенін ортаға салып, ой бөліседі.

Телефон арқылы сөйлесу – қазіргі қоғамымызда, заманымызда үлкен маңызды мәселе. Жеке тұлғаның сөйлеу мәдениеті, шешендігі, оралымды, ойлы сөйлем құрай білуі бұдан да байқалып тұрады.

**Талқылау барысында мыналарға ерекше мән берілуі керек:** 1) сіз телефондау жағдайында; 2) сізге телефондау жағдайында; 3) телефонмен сөйлесу кезіндегі қолданылатын сөз орамдары.

**VIII. Сөйлей білу – өнер (ойтолғау).** Оқушылардың сабақ барысындағы білген-түйгендерін жинақтау. Әр топ өзара 6-8 минут кеңесе отырып, ойтолғауларын жазып таныстырады.

**Қорытынды.** Қазылардың пікірлері тыңдалып, жеңімпаз топ анықталады. Әр бөлім бойынша топ мүшелеріне бағалары беріледі.

Элмира ОМАРОВА,  
Алматы облысының  
Алакөл ауданындағы

«Ақтүбек орта мектебі мектеп жасына  
дейінгі шағын орталығы бар»  
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

## «ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ»

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ояту, Қорқыт және «Қорқыт ата кітабы» туралы жалпы мәлімет беру; дамытушылық – оқушылардың ойларын, сөйлеу дағдыларын дамыту, өзіндік шығармашылық жұмыстарды орындай білуге баулу; тәрбиелік – тарихты, ұлт тілін, әдебиетін сүйуге тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ **Көрнекілік:** қабырға газеті, слайд, қосымша кітаптар көрмесі, тест, ақша көшірмесі. **Әдіс-тәсіл:** баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру.**

**II. Үй тапсырмасын тексеру.** *Тест арқылы тексеру (деңгейлік тапсырма).*

**III. Жаңа сабақ.**

Түбі бір түркі халықтарының ойшылы саналатын атақты ақын, күйші, философиялық мазмұны терең аңыздардың кейіпкері Қорқыт бабамыз баршамыздың рухани болмысымыздың алтын арқауы болып табылады.

Қорқыт ата VIII-IX ғасырларда Сыр бойындағы Жанкент қаласында өмір сүрген. Ол кісінің мазары Қармақшы стансасынан 18 шақырымдай жерде тұр. Қорқыт —

түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, баксы, күйшілік-жыраулық өнердің атасы.

Аңыз бойынша Қорқыт бабамыз артына адамның өлімнен қашып құтылмайтындығы, оның өмірін жарық дүниеде бітіріп кеткен жасампаздық ісі мен өшпес өнері ғана жалғастыра алатындығы туралы данышпандық, пәлсапалық байлам қалдырды. Аңыз желісінде Қорқыт жиырма жасқа келгенде түс көреді. Түсіндегі ақ киімді кісі «Қырықтан артық өмір сүрмейсің» деген соң нағашылары сыйлаған желмаясына мініп алып өлмейтін жер іздейді. Қайда барса да алдынан көр қазып жатқан адамдар шығады. «Бұл не?» деп сұраса олар «Бұл – Қорқыттың көрі» деп жауап береді. Жан сақтауға жер қалмаған соң Сыр суының бетіне кілемін төсеп, аныратып қобызын тартады. Оның жанын алуға келген ажал күйдің әсерінен неге келгенін ұмытып тұрып қалады. Қорқыт қалғып кеткенде ғана ажал жылан болып шағып өлтіреді. Осындай аңыздар бар.

Қорқыт бабаның «Ұшардың ұлуы», «Аққу», «Кілем жайған», «Желмая», «Әуіппай», «Башпай», т.б. күйлерін қобызшылар сақтап қалған.

Қорқыт баба айтқан жырлар XV ғасырда қарасөзбен хатқа түскен. Кітапта он екі жыр бар. «Қорқыт ата кітабының» екі түрлі нұсқасы бар. Бірі – Дрезден /Германия/, екіншісі – Ватикан /Италия/ нұсқасы. Дрезден нұсқасында 12 түрлі жыр болса, Ватикан нұсқасында соның тек алтауы ғана жазылған. Бұл жырлар дүниежүзі түркологтарына мәлім. Ол жөнінде 314 зерттеу, 462 еңбек жазылған. Осылардың ішінде В.Бартольд үлесін ерекше атап өту керек. Ол Дрезден нұсқасын түсіріп алып, 1922-1925 жылдар арасында аударып шыққан болатын. Осы жазбада алғы сөз ретінде Қорқыттың нақыл сөздері жазылған, одан кейін жырлары жалғасын табады.

*1. Оқушыларға «Қорқыт» туралы дайындалған бейне*

үзінді көрсету.

2. Оқулықпен жұмыс

«Қорқыт ата кітабы» (VIII – IX ғ.) мәтінін тізбектей оқыту.

3. Қорқыт күйлерінің мазмұнымен таныстыру, күйін тыңдату. Топтастыру стратегиясы



4. Сөздікпен жұмыс: *Баят бойында* – оғыздардың баят руы мекендеген жерде. *Әулие* – байлыққа қызықпайтын адал жан. *Әзелде жазылмаса* – тағдырда.

5. Топтық жұмыс (ізденіске жетелеу).

Сыныпты төрт топқа бөлу. Тапсырмалар орындалу.

1. Нақыл сөздердің мағынасын ашу және қазіргі кезеңдегі мақал-мәтелдермен ұқсастығы барларын табу. (*Нақыл-өсиет сөздерде өткен заман кескіні, үй-тұрмыс жағдайы, ата-ана, ұл мен қыз, табиғат көрінісі, хайуанаттар тіршілігінен түсінік беріледі*)

2. Әйел мінезіне байланысты айтылған нақыл-өсиеттің төрт түрлі мағынасын ашу.

#### IV. Сабақты қорытындылау.

Сұраққа жауап: Ол қандай қасиетімен ел есінде қалды?

2. Өмірде өлмейтін не нәрсе? 3. «Қорқыт ата кітабының» неше нұсқасы бар? Онда неше жыр жазылған?

Дәптермен жұмыс. Кестені жазбаша толтыру.

# ТОЛЫҚТАУЫШ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – толықтауыштың түрлаусыз мүше екендігін игереді, оның негізгі грамматикалық белгілері мен жасалу жолдарын, байланыс түрлерін біледі, жанама және тура толықтауыш туралы мәлімет алады; **дамытушылық** – логикалық ойлау сұрақтарына жауап береді, берілген сұраққа тура емес, жанама жауап береді, сауатты талдауға үйренеді; **тәрбиелік** – ұжыммен бірлесіп жұмыс атқара біледі, топтық ережелерді сақтай отырып жұмыс атқарады, бір-бірінің пікірін, ойын тыңдау арқылы сөйлеуге дағдыланады, топтағы оқушылар бірін-бірі тыңдап, пікір алмасады, даму аймағына бір-бірінің жұмысы арқылы қол жеткізеді.

**Типі:** аралас. **Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсіл:** топтастыру, кешенді талдау, тірек сұрақтармен жұмыс, тірек сөздермен жұмыс. **Құрал-жабдық:** маркер, интерактивті тақта, қима қағаздар, кестелер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Оқушыларды түгелдеу. Топтарға бөлу. Микроклимат орнату.

**Толықтауыштың жасалуы.**

## *№1 кесте*

Сөз табы	Шарты	Мысалдар
Зат есім	Кез келген зат есім	Әлияның балалық шағы <i>жақсылыққа</i> толы.
Есімдік	Зат есім орынына қолданылатыны	<i>Оған</i> аздап көмектесуге болады. Сен <i>мұны</i> аналарға сездірген жоқсың ба?
Сын есім	Заттану немесе субстантивтену	<i>Білімдіге</i> дүние жарық.
Сан есім	-	Он <i>екіге</i> бөлінеді
Етістіктің есімшелі түрі	-	<i>Білгенге</i> жол бос.
Толық мағыналы сөз туралы, жөнінде, жайында шылаулары	-	<i>Бақыт туралы</i> әркім әр түрлі түсінеді. <i>Астана жайында</i> түрлі шығармалар жазылды.

***Сатылай кешенді талдау.***

***Ақылдыға айтқан сөз қолға ұстаған түмен тең.***

***Бекіту әрі бағалау кезеңі.***

Қазақстанның туын кімнің жоғары көтергісі келеді? Ол үшін мына сұрақтарға шапшаң жауап бере отырып, толықтауышты табу керек: 1. Нені арман етесің? 2. Кімді құрмет тұтасың? 3. Немен шұғылданасың? 4. Кімге ұқсағың келеді? 5. Неге қызығасың? 6. Неден әсер аласың? 7. Кімнен үлгі аласың? 8. Досыңмен не туралы әңгімелесесің? 9. Кіммен жолдассың? 10. Неге риза боласың? 11. Кімді қуантқың келеді? 12. Кіммен мақтанасың? 13. Нені талап етесің? 14. Кімге ризасың? 15. Неден қорқасың? 16. Кіммен сөйлескенді қалайсың?

***Үйге тапсырма.*** Берілген тірек сөздерге атау және ілік септіктен басқа жалғауларды жалғап, толықтауыш етіп сөйлем құрандар.

## АБАЙДЫҢ «ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫ

**Сабақтың мақсаты:** а) оқушыларға «Ескендір» поэмасының мазмұнын меңгерту, идеясын ашу, поэмадағы кейіпкерлерге талдау жұмысын жүргізу; ә) оқушылардың өз ойын айта білу, ойлау қабілетін арттыруға, шығармашылық ізденіске жол ашу; б) ақынның бейнесі арқылы ұлтжандылыққа, елін, жерін, туған отбасын сүюге тәрбиелеу, тойымсыздық, қатыгездік қасиеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.

**Типі:** жаңа білімді меңгерту. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтастыру. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Көрнекілігі:** шығармалары, сөзжұмбақ, плакаттар.

### Сабақтың барысы.

**I. Ұйымдастыру.** Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Сабаққа әзірліктерін пысықтау.


### II. Үй тапсырмасын сұрап бағалау.

Абайдың қарасөздері

Қарасөз	Не айтылған?	Айтар ойыңыз
Бесінші		
Отыз бірінші		
Жиырма сегізінші		

### III. Өтілген сабақты пысықтау. Сөзжұмбақ «Қарасөз»






1. Сансызбай, Қаршыға атты кейіпкерлер қай шығармада кездеседі?
2. Абайға жеңгелері қойған есім.
3. Екі мәрте қажылыққа барған қазақ ақыны.
4. Халықтың Төле биге қойған аты.
5. Ер Тарғын батырдың жары.
6. Ыбырай Алтынсарин өлеңі.
7. Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы қай ағымның өкілдері?

#### IV. Жаңа сабақ.

Абайдың «Ескендір» поэмасы

Оқушыларға Ескендір, Аристотель туралы мәлімет беріледі. Поэманың мазмұнын меңгертемін.

б.з.б. 384-322 ж. б.з.б. 356-323 ж. II Филипп патшаның өмір сүрген



Ескендірдің тәртізді салды Александрия ұстазы, ғалым екендігін ашқан мемлекетінің негізін қалады.

Ти кестесі

Мұғалім сұрағы	Оқушы жауабы
Поэманың идеясы қандай?	
Ескендір қандай билеуші?	
Поэмада теңеу сөздер кездесе ме?	
Қандай билеушіні білесіңдер?	

**Сөздікпен жұмыс:** *шаһар* – қала; *бодан* – бағынышты, тәуелді; *қол* – әскер, жасақ; *хакім* – ғалым, данышпан; *гибрат* – үлгі-өнеге, тәрбие; *шаужай* – киімнің төменгі жағы, етегі.

Кейіпкерлермен жұмыс

Шығарманың аты	Авторы	Кейіпкерлер	Іс-әрекеті	Адами қасиеті

**«Кім жылдам?» ойыны.** Төмендегі сөздердің синонимін табыңыз.

*Қу өмір* – жалған дүние, бес күндік дүние, қамшының сабындай қысқа ғұмыр. *Қайғы* – қасірет, уайым, мұң, шер, зар. *Ұят* – ар-ождан, намыс.

**V. Сабақты бекіту.**



**VI. Оқушыларды бағалау.** Мадақтау.

**VII . Үйге тапсырма:** «Абай шығармаларының тәрбиелік мәні» (ойтолғау).

Гүлден РАМАЗАНОВА,  
Батыс Қазақстан облысының  
Теректі ауданындағы  
«Ақсуат» жалпы орта білім  
беретін мектебінің мұғалімі.

## 5-СЫНЫП «ӘДЕБИЕТІНЕ» АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ


*(Бастапқы бөлігі өткен сандарда)*

### 13-тақырып. Ғабит Мүсірепов.


1. Жазушы өмірінен хронологиялық кесте жаса.

Мерзімі	Болған оқиғалар

2. Ана тақырыбына көбірек қалам тербеген қазақ жазушысы мен орыс жазушысының осы тақырыптағы қандай шығармаларын білесің? Толықтыр.



«Ананың анасы»



«Мать»  
«Старуха  
Изергиль»

3. Қайроштың қалаға қашу себебі не?

1) -----

2) -----  
4. Қайроштың қалаға қашып баруы дұрыс па? Қалай ойлайсың? Өз пікіріңді қағаз бетіне түсір.

5. Мәтін бойынша кестені толтыр.

Жер-су атаулары	Кейіптеу	Мақал-мәтелдер	Тұрақты тіркестер
	1.Қаракөк Каспийдің бір сарынмен ғана дем алған ауыр ыңыранысы естіле бастады.		

6. Түсіндірме сөздікті пайдалана отырып берілген терминдердің мағыналарын жаз.

*Опера – Театр – Цирк – Пейзаж –*

7. Мәтіннен Шеген мен Бораштың портреттерін тауып жаз.

Шеген – .....

Бораш – .....

8. Талқылау картасын пайдалана отырып өз ойыңнан дәлелдер келтір.

Иә

Жоқ

Шеген – қашқын емес,  
жақсы бала

Шеген – қашқын

1 аргумент

1 аргумент

2 аргумент

2 аргумент

9. Қайрошты салыстыр.


Оқыған Қайрош	Оқымаған Қайрош

10. Шығармадан Қайроштың анасына деген сағыныш сезімі бейнеленген үзіндіні негізге ала отырып, «Сағыныш» атты шағын эссе жаз.

Сағыныш /эссе/ .....

### 14-тақырып. Сапарғали Бегалин.

1.



2. Шығарма кестесін толықтыр.

<b>Шығарманың аты</b>	
«Жаңа достар»	«Бала Шоқан»
<b>Авторы</b>	
<b>Идеясы</b>	
<b>Оқиға орыны</b>	
<b>Кейіпкерлері</b>	
<b>Оқиға туралы ой</b>	

3. Мәтіннен көнерген сөздерді тауып, түрлеріне ажыратып, мағыналарын жаз.

Историзм	Архаизм
Аға сұлтан – .....	Пәуеске – төбесін, сыртын былғарымен жапқан,

Төре – қазақ қоғамындағы  
үстемдік еткен ақсүйек.

күймелі жеңіл арба.

Терте – .....

4. Мысықтың Шоқан ауылына алғаш келгенін көрсететін тұстар қиялыңда қандай көріністер тудырады? Сол сәтті елестете отырып, қағазға түсіріп көр.

5. Берілген кестені толтыр.

Үзінді	Қай кейіпкердің сөзі?	Мінездеме
1. – Не бересің, бауырсақ бересің бе, қант бересің бе?		
2. - Өй, жынды, әрі кет, мұнда нең бар?		
3. – Ей, кәдуілгі түйе. Өй, өзің қандай шеберсің! Жүр, менімен. Апама ұрыстырмаймын.		
4. – Мына шіркінді қайдан ертіп жүрсің? Дауысы қалай ащы еді, әкетші әрі.		
5. - Өй, кет былай, жолдан!		
6. – Иә, дәл өзі. Бірақ мына қойының құлағы тым үлкен екен.		
7. – Түк те қойға келмейді, пәлі, құйрығын қара, тап иттің құйрығы.		
8. – Уәде беріп, артынан алдасам, ұят емес пе? Бұдан былай ол менің сөзіме сенбейді ғой.		
9. – Мә, Шоқан, істеп қойдым. Мен сені келмей қалар деп ем...		

10. – Мына Мысыққа менің  
ана қоңыр шапанымды, жеңіл  
етігімді беріңізші, кисін.

6. Орыс ғалымы Сотниковтың «Халық таланты дегендер  
осылар-ау! ... Мынау кең далада қандай тамаша талант-  
тар жоқ дейсің. Тек бұлардың көзін ашатын білім керек»  
деген сөзінің бұл әңгімемен байланысы бар деп ойлайсың  
ба? Неліктен? -----

### 15-тақырып. Иса Байзақов.

1. Өлең құрылысына талдау жаса.

Өлеңнің тақырыбы:

Мазмұны:

Өлең шумағы:

Бунақ, ырғақ:

Ұйқас:

Тармақ:

Буын саны:

### 16-тақырып. Мұхтар Шаханов.

1. Мұхтар Шахановтың өмірінен хронологиялық  
кестені толтыр.

Мерзімі	Болған оқиғалар
1842 ж.	
1961-1965ж.	
1965-1970ж.	«Лениншіл жас» /қазіргі «Жас Алаш»/ газетінің оңтүстік облыстардағы тілшісі.
1971-1976ж.	
1976-1979ж.	
1984-1993ж.	«Жалын» альманағының бас редакторы.

(Жалғасы бар).

**Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.**

**Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы  
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 02.07.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3840.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау

бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.**

**Басылатын жері – «Према» ЖШС.**

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №9, 2013 ж., 144 бет, Алматы.